$V(x)$ функциясының туындысын табамыз. Ол үшін қандай да бір x_0 мәнін алып, оған Δx өсімшесін берейік. Δx мәні нөлден үлкен немесе нөлден кем болуы мүмкін. $\Delta x > 0$ деп есептесек, $V(x_0 + \Delta x) - V(x_0)$ айырымы Ox осінен алынған x_0 және $x_0 + \Delta x$ нүктелері арқылы өтетін жазықтықтар арасында орналасқан дененің көлемі болады (19-сурет). Суреттен мына теңдік орындалады:

$$Q(x_0) \cdot \Delta x \leqslant V(x_0 + \Delta x) - V(x_0) \leqslant Q(x_0 + \Delta x) \cdot \Delta x.$$

Мұндағы $Q(x_0) \cdot \Delta x$ — алынған қабат ішіне толығымен тиісті болатын цилиндрлік дененің көлемі, ал $Q(x_0 + \Delta x) \cdot \Delta x$ — осы қабатты қамтитын дененің көлемі $\Delta x > 0$ болғандықтан

$$Q(x_0) \leqslant \frac{V(x_0 + \Delta x) - V(x_0)}{\Delta x} \leqslant Q(x_0 + \Delta x).$$

$Q(x)$ функциясы $[a;\ b]$ кесіндісінде үзіліссіз. Сондықтан ол x_0 нүктесінде де үзіліссіз. Демек, егер Δx мәні нөлге ұмтылса, онда $Q(x_0 + \Delta x)$ мәні $Q(x_0)$ мәніне ұмтылады. Сондықтан $\Delta x \to 0$ жағдайында $\dfrac{V(x_0 + \Delta x) - V(x_0)}{\Delta x}$ мәні $Q(x_0)$ мәніне ұмтылады. Сонымен, $V'(x_0) = \dfrac{V(x_0 + \Delta x) - V(x_0)}{\Delta x} = Q(x_0)$. Ендеше, $V(x)$ функциясы $[a;\ b]$ кесіндісінде $Q(x)$ функциясы үшін алғашқы функция болады. Сонда

$$\int_a^b Q(x)dx = V(x)\Big|_a^b = V(b) - V(a).$$

Енді айналу денесінің көлемін табу үшін a-дан b-ға дейінгі аралықта $Q(x) = \pi y^2$ функциясының интегралын есептеген жеткілікті, яғни

$$V = \int_a^b Q\ (x)\ dx = \pi\int_a^b y^2 dx. \qquad (2)$$

МЫСАЛ 3. $y = 2x^2$ параболасын $x = 0$-ден $x = 2$-ге дейін абсцисса осіне қатысты айналдырғанда шыққан дененің көлемін табайық.

Шешуі. Есептің шарты бойынша $a = 0$, $b = 2$ және $y = 2x^2$. Дененің көлемін табу үшін (2)-формуланы қолданамыз. Сонда

$$V = \pi\int_0^2 (2x^2)^2 dx = \pi\int_0^2 4x^4 dx = 4\pi\int_0^2 x^4 dx = 4\pi\,\frac{x^5}{5}\Bigg|_0^2 = 4\pi\cdot\frac{2^5}{5} = 4\pi\cdot 6{,}4 = 25{,}6\pi.$$

Жауабы: $25{,}6\pi$ куб. бірл.

?

1. Қандай жағдайда фигураның ауданын анықталған интегралдың көмегімен есептейді?
2. Жазық фигураның тек қана қисықсызықты трапециялардан тұруы мүмкін бе? Жауабын түсіндіріңдер.

Жаттығулар

А

Берілген қисықтармен шектелген жазық фигураның ауданын табыңдар (**4.1-4.2**):

4.1. 1) $y = x^2$, $y = x$; 2) $y = x^3$, $y = 1$, $x = 0$;

3) $y = x^2$, $y = 4$; 4) $y = -x^3$, $y = 1$, $x = 0$.

4.2. 1) $y = (x + 1)^2$, $y = 1$; 2) $y = x^3$, $y = x$, $x = 0$, $x = 1$;

3) $y = x^2 + 1$, $y = 5$; 4) $y = 3 - x^2$, $y = 2$;

5) $y = -x^2 + 4$, $y = 0$; 6) $y = x^3 + 1$, $y = 1$, $x = 1$.



20-сурет

4.3. 20-суретте кескінделген фигуралардың аудандарын есептеңдер.

4.4. Аргументі $[a;\ b]$ кесіндісінде өзгеретін $y = f(x)$ функциясының графигімен және Ox осімен шектелген жазық фигураның ауданын табыңдар:

1) $f(x) = \sin x$, $[0;\ 2\pi]$; 2) $f(x) = \cos x$, $\left[-\frac{\pi}{2}; \frac{3\pi}{2}\right]$.

4.5. $y = x^2$ параболасын $x = 0$-ден $x = 3$-ке дейін абсцисса осі бойымен айналдырғанда шыққан дененің көлемін табыңдар;

4.6. $y = 3x^2$ параболасын $x = 1$-ден $x = 2$-ге дейін абсцисса осі бойымен айналдырғанда шыққан дененің көлемін есептеңдер.

4.7. 1) $y = \frac{2}{x}$ гиперболасын $x = 1$-ден $x = 3$-ке дейін абсцисса осі бойымен айналдырғанда шыққан дененің көлемін табыңдар;

2) $y = \frac{3}{x}$ гиперболасын $x = 1$-ден $x = 2$-ге дейін абсцисса осі бойымен айналдырғанда шыққан дененің көлемін табыңдар.

B

4.8. Берілген қисықтармен шектелген жазық фигураның ауданын табыңдар:

1) $y = \cos x$, $y = \sin x$, $x = \frac{\pi}{4}$, $x = \frac{\pi}{2}$;

2) $y = 2\cos x$, $y = 2\sin x$, $x = 0$, $x = \frac{\pi}{4}$;

3) $y = x$, $y = \frac{1}{x^2}$, $x = 2$; 4) $y = \frac{2}{x^2}$, $y = 2x$, $x = \frac{1}{2}$.

4.9. 1) $y = 2x^3$ функциясының графигімен, осы графикке $(-1; -2)$ нүктесі арқылы жүргізілген жанамамен және $x = 1$ түзуімен шектелген жазық фигураның ауданын есептеңдер.

2) $y = 0$ түзуімен, $y = 2x - x^2$ параболасы және осы параболаның $\left(\frac{1}{2}; \frac{3}{4}\right)$ нүктесінен өтетін жанамамен шектелген жазық фигураның ауданын табыңдар.

Берілген функциялардың графигімен шектелген жазық фигураның ауданын есептеңдер (4.10-4.11):

4.10. 1) $y = x^2 + 1$, $y = x + 3$; 2) $y = x^2 + 2x + 4$, $y = x + 6$;

3) $y = -x^2 + 3$, $y = 2x - 6$; 4) $y = 4 - x^2$, $y = 1 - 2x$.

4.11. 1) $y = x^2 - 8x + 12$, $y = -x^2 + 8x - 18$;

2) $y = x^2 + 6x + 5$, $y = x^2 - 6x - 11$;

3) $y = x^2 - 4x - 1$, $y = -x^2 - 4x + 7$;

4) $y = x^2 + 3x - 5$, $y = -x^2 + 3x - 3$.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Алғашқы функциясы $F(x) = 9x^2 - 0,5x$ болатын $y = f(x)$ функциясын көрсетіңдер:

A) $18x + \frac{1}{2}$; B) $4,5x - 0,5$;

C) $4,5x + 0,5$; D) $18x - \frac{1}{2}$.

2. $y = 4x + 6x^3$ функциясы үшін алғашқы функцияның жалпы түрін көрсетіңдер:

A) $8x + 1,5x^2 + C$; B) $2x^2 + 1,5x^4 + C$;

C) $8x^2 + \frac{3}{2}x^4 + C$; D) $4 + 18x^2 + C$.

3. $y = 3x^2 - 1$ функциясы үшін $A(0; 0)$ нүктесі арқылы өтетін алғашқы функцияны табыңдар:

A) $x^3 - x + 1$; B) $x^3 - x$;

C) $x^3 - x - 1$; D) $x^3 + x + 1$.

4. Қандай аралықта $f(x) = \frac{2}{3}x^2 - \frac{3}{2x^2}$ функциясы үшін $F(x) = \frac{2x^3}{9} + \frac{3}{2x}$ функциясы алғашқы функция болып табылады:

A) $(-\infty; +\infty)$; B) $(0; +\infty)$; C) $(-\infty; 1)$; D) $(-1; +\infty)$?

5. Берілген графиктердің қайсысы алғашқы функцияның геометриялық мағынасын кескіндемейді?

A)


B)


C)


D)


6. Суретте кескінделген фигуралардың қайсысы қисықсызықты трапеция болмайды?

A)


B)


C)


D)


7. $y = x^2$, $y = 0$, $x = -2$, $x = -1$ қисықтарымен шектелген қисықсызықты трапецияның ауданын табыңдар:

A) 3; B) 1; C) $\frac{7}{3}$; D) $\frac{5}{3}$.

8. $\int\limits_{-1}^{1} x^{10}dx$ интегралын есептеңдер:

A) 0; B) $\frac{2}{11}$; C) 22; D) $\frac{1}{22}$.

9. Суретте көрсетілген фигураның ауданын табу формуласын жазыңдар:

A) $S = \int\limits_a^b f(x)dx$;

B) $S = 2\int\limits_{-3}^{0} f(x)dx$;

C) $S = \int\limits_{3}^{-3} f(x)dx$;

D) $S = \int\limits_{-3}^{3} f(x)dx$.



10. $\int\limits_4^9 \frac{25\sqrt{x}}{x}dx$ интегралының мәнін табыңдар:

A) 50; B) 10; C) 5; D) 25.

11. $[a;\ b]$ кесіндісінде берілген үзіліссіз және теріс емес функциядан алынған анықталған интеграл нені білдіреді:

A) қисықсызықты трапецияның ауданын;

B) алғашқы функцияның жалпы түрін;

C) функцияның туындысын;

D) айналу денесінің көлемін?

12. Суретте кескінделген жазық фигураның ауданын есептеңдер:

A) $\frac{3}{4}$;

B) $\frac{14}{3}$;

C) $\frac{4}{3}$;

D) $\frac{32}{3}$.



13. $F(x)$ функциясы $f(x)$ функциясының алғашқы функциясы болу үшін қандай шарт орындалуы қажет:

A) $F(x) = f(x)$; C) $F(x) = f'(x)$;

B) $F'(x) = f(x)$; D) $F'(x) = f'(x)$?

14. C-ның қандай мәнінде $f(x) = 5\sin 5x$ функциясының $F(x)$ алғашқы функциясы $K\left(\frac{\pi}{5};\ 1\right)$ нүктесі арқылы өтеді:

A) 0; B) 2; C) −1; D) 1?

15. $\int\limits_0^{\frac{\pi}{6}} \frac{1}{4}\cos x dx$ интегралының мәнін табыңдар:

A) $\frac{1}{16}$; B) $-\frac{1}{16}$; C) $-\frac{1}{8}$; D) $\frac{1}{8}$.

16. $\int\limits_{-1}^{0} \frac{x^3-4x^2-5x}{x-5}dx$ интегралының мәнін есептеңдер:

A) $\frac{1}{6}$; B) $-\frac{1}{6}$; C) $\frac{5}{6}$; D) $-\frac{5}{6}$.

17. Суретте кескінделген жазық фигураның ауданын табу формуласын жазыңдар:



A) $S=\int\limits_{-a}^{a} f(x)dx+S_{\Delta}$;

B) $S=\int\limits_{-a}^{a} f(x)dx$;

C) $S=\int\limits_{-a}^{a} f(x)dx-S_{\Delta}$;

D) $S=2\int\limits_{0}^{a} f(x)dx+S_{\Delta}$.

18. Төменде берілген салыстырулардың қайсысы ақиқат емес:

A) $\int\limits_{1}^{2} x^2dx<\int\limits_{2}^{3} xdx$; B) $\int\limits_{1}^{9} \frac{1}{2\sqrt{x}}dx>\int\limits_{1}^{2} \frac{1}{2\sqrt{x}}dx$;

C) $\int\limits_{0}^{\frac{\pi}{2}} \sin xdx=\int\limits_{0}^{\frac{\pi}{2}} \cos xdx$; D) $\frac{1}{7}\int\limits_{3}^{4} dx<\int\limits_{100}^{101} dx$?

19. x-тің қандай мәндерінде $\int\limits_{0}^{x} (2t-5)dt=-6$ теңдігі орындалады:

A) ондай мән жоқ; B) -2; -3;

C) кез келген сан; D) 2; 3?

20. x-тің қандай мәндерінде $\int\limits_{0}^{x} (2t-4)dt\leq-3$ теңсіздігі орындалады:

A) (1; 3); B) $(-\infty;1]\cup[3;+\infty)$;

C) [1; 3]; D) [−3; −1]?

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Өрнек, санның дәрежесі, дәреженің негізі, дәреженің көрсеткіші, санның түбірі, арифметикалық түбір, түбірдің қасиеттері, рационал және иррационал сандар.

II ТАРАУ

ДӘРЕЖЕ ЖӘНЕ ТҮБІР. ДӘРЕЖЕЛІК ФУНКЦИЯ

§ 5. n-ші ДӘРЕЖЕЛІ ТҮБІР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

Сендер n-ші дәрежелі түбір ұғымымен және n-ші дәрежелі арифметикалық түбір анықтамасымен танысасыңдар.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Дәреже, дәреженің көрсеткіші, түбір, квадрат түбір, арифметикалық квадрат түбір, түбірдің мәні

СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР:

Мысалы, 25 санының арифметикалық квадрат түбірі 5-ке тең, өйткені $5^2 = 25$.

a санының квадрат түбірі квадраты a санына тең болатын қандай да бір сан.

Тура осылай a санының ***n-ші дәрежелі түбірінің*** анықтамасын беруге болады.

Анықтама. ***a санының n-ші дәрежелі түбірі*** *деп n-ші дәрежесі a санына тең болатын b санын айтады.*

Анықтама бойынша $\sqrt[n]{a} = b$, мұндағы $a = b^n$. (1)

Мұнда a саны — n-ші дәрежелі түбір таңбасының ішіндегі сан, n — түбірдің көрсеткіші және $n \in N$ $(n \neq 1)$, b саны a санының n-ші дәрежелі түбірі.

Мысалы, 27 санының үшінші дәрежелі түбірі 3-ке тең: $\sqrt[3]{27} = 3$, өйткені $3^3 = 27$.

n-ші дәрежелі түбір анықтамасындағы түбір көрсеткішінің жұп және тақ болатын жағдайларын жеке қарастырайық.

n жұп сан болса, онда $b^n = a \geq 0$, тек қана оң сан, себебі кез келген санның жұп дәрежесі теріс емес сан болады. Демек, жұп дәрежелі түбір таңбасының ішіндегі a саны теріс сан болуы мүмкін емес.

Егер түбір көрсеткіші n тақ болса, онда кез келген саннан n-ші дәрежелі түбірді есептеуге болады. Бұл жағдайда $b^n = a$ теңдігіндегі a және b сандарының таңбалары бірдей, яғни оң саннан оң, теріс саннан теріс түбір шығады.

Мысалы, 1) $\sqrt[5]{-32} = -2$, себебі $(-2)^5 = -32$;

2) $\sqrt[3]{64} = 4$, себебі $4^3 = 64$.

a санының n-ші дәрежелі түбірі x-ке тең болсын. Онда анықтама бойынша $x^n = a$ теңдеуін аламыз. n жұп болғанда, $x^n = a$ теңдеуінің (мұндағы $a > 0$, $n \in N$, $n \neq 1$) $-\sqrt[n]{a}$ және $\sqrt[n]{a}$ екі түбірі, ал n тақ болғанда $\sqrt[n]{a}$ шамасына тең бір түбірі болады.

Мысалы, 7 және −7 сандары $x^4 = 2301$ теңдеуінің түбірі болады, өйткені $7^4 = 2301$ және $(-7)^4 = 2301$.

Анықтама. *Теріс емес a санының n-ші дәрежелі* ***арифметикалық түбірі*** *деп n-ші дәрежесі a санына тең болатын теріс емес b санын айтады.*

Сендер n-ші дәрежелі түбір қасиеттерін білесіңдер.

$n \in N$ және $k \in N$ болғанда a және b теріс емес нақты сандары үшін n-ші және k-ші дәрежелі түбірлердің мына қасиеттері орындалады:

1. $(\sqrt[n]{a})^n = a$
2. $\sqrt[n]{ab} = \sqrt[n]{a} \cdot \sqrt[n]{b}$
3. $\sqrt[nk]{a^k} = \sqrt[n]{a}$
4. $\sqrt[n]{\dfrac{a}{b}} = \dfrac{\sqrt[n]{a}}{\sqrt[n]{b}}$
5. $(\sqrt[n]{a})^k = \sqrt[n]{a^k}$
6. $\sqrt[n]{\sqrt[k]{a}} = \sqrt[nk]{a}$

Берілген n-ші дәрежелі түбірдің қасиеттерін дәрежелеу және түбір табу амалдарының анықтамаларын пайдаланып дәлелдеуге болады.

Екінші қасиетті $\sqrt[n]{ab} = \sqrt[n]{a} \cdot \sqrt[n]{b}$ дәлелдейік.

Дәлелдеу. n-ші дәрежелі түбірдің анықтамасы бойынша $\sqrt[n]{ab}$ дегеніміз — n-ші дәрежесі ab-ға тең теріс емес сан. $\sqrt[n]{a} > 0$, $\sqrt[n]{b} > 0$ болғандықтан, $\sqrt[n]{a} \cdot \sqrt[n]{b}$ саны теріс емес. Сондықтан натурал көрсеткішті дәреженің $(a \cdot b)^n = a^n b^n$ қасиеті мен n-ші дәрежелі түбірдің анықтамасынан $(\sqrt[n]{a} \cdot \sqrt[n]{b})^n = ab$ немесе

$$(\sqrt[n]{a} \cdot \sqrt[n]{b})^n = (\sqrt[n]{a})^n \cdot (\sqrt[n]{b})^n = a \cdot b$$

теңдігін алуға болады. Сонымен, $\sqrt[n]{ab} = \sqrt[n]{a} \cdot \sqrt[n]{b}$.

Алтыншы қасиетті $\sqrt[n]{\sqrt[k]{a}} = \sqrt[nk]{a}$ дәлелдейік.

Дәлелдеу. $\sqrt[n]{\sqrt[k]{a}}$ өрнегін nk дәрежесіне шығарайық: $\left(\sqrt[n]{\sqrt[k]{a}}\right)^{nk} = \left[\left(\sqrt[n]{\sqrt[k]{a}}\right)^n\right]^k =$

$= (\sqrt[k]{a})^k = a$. Соңғы теңдіктен $\left(\sqrt[n]{\sqrt[k]{a}}\right)$ өрнегі a санының nk дәрежелі түбірі

екені шығады.

1-, 3-, 4-, 5-қасиеттердің дәлелдеуін өздерің қарастырыңдар.

МЫСАЛ

1. Берілген өрнектерді түрлендірейік:

1) $\sqrt[5]{8} \cdot \sqrt[5]{4}$; 2) $\sqrt[4]{5\dfrac{1}{16}}$; 3) $\sqrt[6]{\sqrt[5]{7}}$; 4) $\sqrt[21]{128}$.

Шешуі. 1) $\sqrt[5]{8}\cdot\sqrt[5]{4}=\sqrt[5]{8\cdot 4}=\sqrt[5]{32}=2$;

2) $\sqrt[4]{5\frac{1}{16}}=\sqrt[4]{\frac{81}{16}}=\frac{3}{2}=1,5$; 3) $\sqrt[3]{\sqrt[5]{7}}=\sqrt[15]{7}$;

4) $\sqrt[21]{128}=\sqrt[21]{2^7}=\sqrt[3]{2}$.

Жауабы: 1) 2; 2) 1,5; 3) $\sqrt[15]{7}$; 4) $\sqrt[3]{2}$.

МЫСАЛ 2. 1) $\sqrt[4]{243b^4}$, $b>0$; 2) $\sqrt{45b^6}$, $b<0$; 3) $\sqrt[3]{500a^6b^8}$ түбірлерінен көбейткішті түбір таңбасының алдына шығарайық.

Шешуі. 1) $b>0$ болғандықтан, түбір таңбасының ішінен оң таңбалы көбейткіш шығады:

$$\sqrt[4]{243b^4}=\sqrt[4]{3\cdot 81\cdot b^4}=3b\sqrt[4]{3};$$

2) $b<0$, сондықтан түбір таңбасының ішінен теріс таңбалы көбейткіш шығады:

$$\sqrt{45b^6}=\sqrt{5\cdot 9\cdot (b^3)^2}=-3b^3\sqrt{5};$$

3) $\sqrt[3]{500a^6b^8}=\sqrt[3]{125\cdot 4\cdot (a^2)^3\cdot (b^2)^3\cdot b^2}=5a^2b^2\sqrt[3]{4b^2}$.

Жауабы: 1) $3b\sqrt[4]{3}$; 2) $-3b^3\sqrt{5}$; 3) $5a^2b^2\sqrt[3]{4b^2}$.

МЫСАЛ 3. 1) $4\sqrt[3]{3}$; 2) $-a\sqrt[6]{3}$, $a>0$ өрнектеріндегі көбейткішті түбір астына енгізейік.

Шешуі. 1) $4\sqrt[3]{3}$ өрнегінде түбір үшінші дәрежелі болғандықтан, 4 санын түбір таңбасының ішіне үшінші дәрежемен енгіземіз:

$$4\sqrt[3]{3}=\sqrt[3]{4^3\cdot 3}=\sqrt[3]{192}.$$

2) $-a\sqrt[6]{3}$ өрнегіндегі a саны теріс емес сан және түбір алтыншы дәрежелі болғандықтан, түбір таңбасының ішіне a санының алтыншы дәрежесін енгіземіз:

$$-a\sqrt[6]{3}=-\sqrt[6]{3a^6}.$$

Жауабы: 1) $\sqrt[3]{192}$; 2) $-\sqrt[6]{3a^6}$.

? 1. n-ші дәрежелі түбір мәнінің саны неге байланысты? Жауабын түсіндіріңдер.
2. Неге теріс санның жұп дәрежелі түбірі болмайды? Жауабын түсіндіріңдер.

Жаттығулар

А

Берілген теңдіктердің орындалатынын тексеріңдер (**5.1-5.2**):

5.1. 1) $\sqrt[3]{64}=4$; 2) $\sqrt[5]{-1}=-1$; 3) $\sqrt[10]{1024}=2$; 4) $\sqrt[5]{-243}=-3$.

5.2. 1) $\sqrt[21]{1}=1$; 2) $\sqrt[6]{64}=2$; 3) $\sqrt[3]{-125}=-5$; 4) $\sqrt[17]{0}=0$.

Есептеңдер (**5.3-5.4**):

5.3. 1) $\sqrt[5]{-32}$; 2) $\sqrt[4]{81}$; 3) $\sqrt[3]{-64}$; 4) $\sqrt[3]{-216}$.

5.4. 1) $\sqrt[3]{\frac{27}{64}}$; 2) $\sqrt[4]{\frac{625}{81}}$; 3) $\sqrt[3]{-\frac{27}{8}}$; 4) $\sqrt[4]{\frac{256}{81}}$.

Теңдеулерді шешіңдер (**5.5-5.6**):

5.5. 1) $x^3 + 8 = 0$; 2) $x^6 = 7$; 3) $x^3 = 4$; 4) $x^4 = 16$.

5.6. 1) $16x^4 - 1 = 0$; 2) $0{,}01x^3 + 10 = 0$;

3) $x^7 + 128 = 0$; 4) $x^6 - 64 = 0$.

Өрнектің мәнін табыңдар (**5.7—5.11**):

5.7. 1) $\left(-\sqrt[4]{13}\right)^4$; 2) $\left(3\sqrt[5]{(-3)}\right)^5$; 3) $\left(\sqrt[3]{7}\right)^3$; 4) $\left(-\sqrt[6]{2}\right)^6$.

5.8. 1) $\sqrt[4]{625\cdot 81}$; 2) $\sqrt[5]{243\cdot 32}$; 3) $\sqrt[3]{8\cdot 27}$; 4) $\sqrt[4]{0{,}0001\cdot 81}$.

5.9. 1) $\sqrt[5]{625\cdot 160}$; 2) $\sqrt[3]{24\cdot 9}$; 3) $\sqrt[4]{27\cdot 48}$; 4) $\sqrt[3]{45\cdot 75}$.

5.10. 1) $\sqrt[3]{4}\cdot\sqrt[9]{8}$; 2) $\sqrt[7]{16}\cdot\sqrt[7]{-8}$; 3) $\sqrt[5]{27}\cdot\sqrt[5]{9}$; 4) $\sqrt[3]{-25}\cdot\sqrt[6]{25}$.

5.11. 1) $\frac{\sqrt[3]{-64}}{\sqrt[3]{-8}}$; 2) $\frac{\sqrt[4]{128}}{\sqrt[4]{8}}$; 3) $\frac{\sqrt[3]{243}}{\sqrt[3]{-9}}$; 4) $\frac{\sqrt[6]{128}}{\sqrt[6]{2}}$.

5.12. Көбейткішті түбір таңбасының алдына шығарыңдар ($x > 0$, $y > 0$):

1) $\sqrt[6]{64x^{11}y^{13}}$; 2) $\sqrt[4]{256x^8\cdot y^9}$; 3) $\sqrt[3]{54x^{12}\cdot y^{13}}$; 4) $\sqrt[4]{16x^5y^7}$.

5.13. Түбір сыртындағы көбейткішті түбір таңбасының ішіне енгізіңдер ($x > 0$, $y > 0$):

1) $x^2y\sqrt[3]{4}$; 2) $xy^2\sqrt[5]{\frac{3y^3}{x^4}}$; 3) $x^2y^3\sqrt[4]{8}$; 4) $xy^2\sqrt[3]{-5}$.

Өрнектерді ықшамдаңдар (**5.14-5.15**):

5.14. 1) $\sqrt[7]{x^7}$ өрнегін $x \geqslant 0$, $x < 0$ жағдайлары үшін қарастырыңдар;

2) $\sqrt[8]{x^8}$, мұндағы $x \geqslant 0$; 3) $\sqrt[5]{x^5}$; 4) $\sqrt{x^2}$, мұндағы $x \geqslant 0$.

5.15. 1) $\sqrt[3]{a^3}-\sqrt{a^2}$, мұндағы $a \leqslant 0$; 2) $\sqrt[5]{x^5}-\sqrt[6]{x^6}$, мұндағы $x \geqslant 0$;

3) $\sqrt[4]{b^4}+2\sqrt[7]{b^7}$, мұндағы $b \geqslant 0$; 4) $\sqrt[3]{x^3}+\sqrt[8]{x^8}$, мұндағы $x \leqslant 0$.

Есептеңдер (**5.16—5.18**):

5.16. 1) $\sqrt{3}\cdot\sqrt[3]{3}\cdot\sqrt{27}\cdot\sqrt[3]{-9}$; 2) $\sqrt[3]{500}\cdot\sqrt[3]{\frac{4}{25}}\cdot\sqrt[3]{100}$;

3) $\frac{\sqrt[3]{28}\cdot\sqrt[3]{45}}{\sqrt[3]{35}}\cdot\sqrt[3]{6}$; 4) $\frac{\sqrt[3]{81}\cdot\sqrt[3]{256}}{\sqrt[3]{12}}$.

5.17. 1) $3-\sqrt{1\frac{9}{16}}-0{,}2\sqrt[4]{625}$; 2) $2\cdot\sqrt{1\frac{24}{25}}+0{,}8\sqrt[3]{0{,}008}$;

3) $0{,}25\cdot\sqrt[3]{729}-0{,}15\sqrt[4]{0{,}0016}$; 4) $5{,}6\cdot\sqrt[5]{243}+0{,}75\sqrt[3]{1{,}331}$.

5.18. 1) $\left(3\sqrt{175}-2\sqrt{112}-3\sqrt{63}\right)^2+0{,}25\sqrt[4]{10000}$;

2) $\left(5\sqrt{150}-3\sqrt{24}+2\sqrt{54}\right)^2-0{,}02\sqrt[4]{625}$;

3) $\sqrt[3]{375}+0{,}25\sqrt[3]{192}+10\sqrt[3]{3000}$;

4) $5\sqrt[3]{24}+\sqrt[4]{0{,}1296}-1{,}6\sqrt[3]{375}$.

ҒАЛЫМ-МАТЕМАТИК ЖАЙЛЫ ХАБАРЛАМА ДАЙЫНДАҢДАР

5.19. $\sqrt{\ }$ және $\sqrt[n]{\ }$ белгілерін француз математигі Альберт Жирар, неміс философы және математигі Гольфрид Вильгельм Лейбниц бірінен соң бірі қолдана бастады.

А. Жирар
(1595—1632)

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Дәреже, дәреженің негізі және көрсеткіші, натурал көрсеткішті дәреже, бүтін көрсеткішті дәреже мен оның қасиеттері, рационал сан, n-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері.

§ 6. РАЦИОНАЛ КӨРСЕТКІШТІ ДӘРЕЖЕ. РАЦИОНАЛ КӨРСЕТКІШТІ ДӘРЕЖЕСІ БАР ӨРНЕКТЕРДІ ТҮРЛЕНДІРУ

Сендер рационал көрсеткішті дәреже ұғымымен танысасыңдар.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Дәреже, дәреженің көрсеткіші, *n*-ші дәрежелі түбір, рационал сан, өрнек

СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР: Кез келген санды натурал дәрежеге, нөлден өзгеше санды нөлінші және теріс бүтін дәрежеге шығару, сонымен қатар кез келген a және b сандары мен кез келген m және n бүтін сандары үшін мына қасиеттердің орындалатыны белгілі:

1. $a^m \cdot a^n = a^{m+n}$
2. $a^m : a^n = a^{m-n}$ $(a \neq 0)$
3. $(a^m)^n = a^{mn}$
4. $(ab)^n = a^n \cdot b^n$
5. $\left(\frac{a}{b}\right)^n = \frac{a^n}{b^n}$ $(b \neq 0)$
6. Егер $m > n$ болса, онда

$a > 1$ жағдайында $a^m > a^n$

$0 < a < 1$ жағдайында $a^m < a^n$

Енді кез келген теріс емес санды оң және теріс бөлшек дәрежеге шығаруды қарастырайық.

Мысалы, $3^{\frac{5}{6}};\ 4^{\frac{2}{8}};\ 16^{\frac{3}{4}};\ 5^{-\frac{3}{4}}$.

Рационал көрсеткішті $a^{\frac{m}{n}}$ санын алайық, мұндағы $n \in N$, ал $m \in Z$. Осы өрнекті n-ші дәрежеге шығарсақ, $\left(a^{\frac{m}{n}}\right)^n = a^{\frac{m}{n} \cdot n} = a^m$.

n-ші дәрежелі түбірлердің анықтамасына сәйкес соңғы теңдіктен $a^{\frac{m}{n}}$ саны a^m санының n-ші дәрежелі түбірі болады. Енді рационал көрсеткішті дәреженің анықтамасын берейік.

Анықтама. *$a > 0$ **санының** $\frac{m}{n}$ **рационал көрсеткішті дәрежесі** деп a^m санынан алынған n-ші дәрежелі түбірдің мәнін айтады.*

Анықтама бойынша

$$a^{\frac{m}{n}} = \sqrt[n]{a^m}, \qquad (1)$$

мұндағы m — кез келген бүтін, n — кез келген натурал сан $(n > 1)$ және n — түбір көрсеткіші, m — түбір таңбасының ішіндегі a санының дәрежесі.

МЫСАЛ 1. Рационал көрсеткішті дәрежені түбір түрінде жазайық:

1) $6^{\frac{2}{5}}$; 2) $a^{-\frac{4}{13}}$; 3) $5^{1,7}$.

Шешуі. (1)-формуланы қолданып өрнекті: 1) $6^{\frac{2}{5}} = \sqrt[5]{6^2}$; 2) $a^{-\frac{4}{13}} = \sqrt[13]{a^{-4}}$ түрінде жазамыз; 3) көрсеткіштегі ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдырған соң (1)-формуланы қолданамыз: $5^{1,7} = 5^{\frac{17}{10}} = \sqrt[10]{5^{17}}$.

Жауабы: 1) $\sqrt[5]{6^2}$; 2) $\sqrt[13]{a^{-4}}$; 3) $\sqrt[10]{5^{17}}$.

МЫСАЛ

2. 1) $8^{\frac{4}{3}}$; 2) $625^{0,75}$; 3) $128^{-\frac{3}{7}}$ өрнектерінің мәндерін есептейік.

Шешуі. (1)-формуланы қолданамыз: 1) $8^{\frac{4}{3}} = \sqrt[3]{8^4} = \sqrt[3]{8^3 \cdot 2^3} = 8 \cdot 2 = 16;$

2) $625^{0,75} = \sqrt[4]{625^3} = \sqrt[4]{(5^3)^4} = 5^3 = 125;$

3) $128^{-\frac{3}{7}} = \sqrt[7]{128^{-3}} = \sqrt[7]{(2^{-3})^7} = \dfrac{1}{2^3} = \dfrac{1}{8}.$

Ескерту. Егер $a < 0$ болса, онда рационал көрсеткішті дәреже бірмәнді анықталмайды.

Мысалы, $(-27)^{\frac{1}{3}} = \sqrt[3]{-27} = \sqrt[3]{(-3)^3} = -3$. Ал $\dfrac{1}{3} = \dfrac{2}{6}$. Сонда $(-27)^{\frac{1}{3}} = (-27)^{\frac{2}{6}} = \sqrt[6]{(-27)^2} =$
$= \sqrt[6]{27^2} = \sqrt[6]{3^6} = 3.$

Демек, дәреженің негізі теріс сан бола алмайды.

Жауабы: 1) 16; 2) 125; 3) $\frac{1}{8}$.

! Сендер рационал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін білесіңдер.

Дәреженің қасиеттері рационал көрсеткішті дәрежелер үшін де орындалады.

$a > 0$, $b > 0$ және кез келген r мен s рационал сандары үшін мына теңдіктер орындалады:

1. $a^r \cdot a^s = a^{r+s}$
2. $a^r : a^s = a^{r-s}$
3. $(a^r)^s = a^{rs}$
4. $(ab)^r = a^r b^r$
5. $\left(\dfrac{a}{b}\right)^r = \dfrac{a^r}{b^r}$

2- және 5-қасиеттердің дәлелдеулерін келтірейік.

Ол үшін $r = \dfrac{m}{n}$, $s = \dfrac{p}{q}$ деп белгілейік, мұндағы n және q — натурал сандар, ал m, p — бүтін сандар.

$a^r : a^s = a^{r-s}$ теңдігінің орындалатынын дәлелдейік.

Дәлелдеу.

$$a^r : a^s = a^{\frac{m}{n}} : a^{\frac{p}{q}} = \sqrt[n]{a^m} : \sqrt[q]{a^p} = \sqrt[nq]{a^{mq}} : \sqrt[nq]{a^{np}} = \sqrt[nq]{a^{mq-np}} = a^{\frac{mq-np}{nq}} = a^{\frac{mq}{nq} - \frac{np}{nq}} =$$
$$= a^{\frac{m}{n} - \frac{p}{q}} = a^{r-s}, \text{ демек, } a^r : a^s = a^{r-s}.$$

$\left(\dfrac{a}{b}\right)^r = \dfrac{a^r}{b^r}$ $(b \neq 0)$ теңдігінің ақиқат болатынын дәлелдейік.

Дәлелдеу. $\left(\dfrac{a}{b}\right)^r = \left(\dfrac{a}{b}\right)^{\frac{m}{n}} = \sqrt[n]{\left(\dfrac{a}{b}\right)^m} = \sqrt[n]{\dfrac{a^m}{b^m}} = \dfrac{\sqrt[n]{a^m}}{\sqrt[n]{b^m}} = \dfrac{a^{\frac{m}{n}}}{b^{\frac{m}{n}}} = \dfrac{a^r}{b^r}$, яғни $\left(\dfrac{a}{b}\right)^r = \dfrac{a^r}{b^r}$.

1-, 3-, 4-қасиеттердің дәлелдеуін өздерің қарастырыңдар.

Енді рационал көрсеткішті дәреженің қасиеттеріне мысалдар қарастырайық.

МЫСАЛ **3. Өрнектерді ықшамдайық:**

$$1)\ \frac{x^{\frac{1}{2}}-y^{\frac{1}{2}}}{x^{\frac{1}{4}}+y^{\frac{1}{4}}}+y^{\frac{1}{4}};\qquad 2)\ \frac{x-y}{x^{\frac{3}{4}}+x^{\frac{1}{2}}\cdot y^{\frac{1}{4}}}\cdot\frac{x^{\frac{1}{2}}y^{\frac{1}{4}}+x^{\frac{1}{4}}y^{\frac{1}{2}}}{x^{\frac{1}{2}}+y^{\frac{1}{2}}}:\frac{y^{\frac{1}{4}}}{x^{\frac{1}{4}}}.$$

Шешуі. 1) $\dfrac{x^{\frac{1}{2}}-y^{\frac{1}{2}}}{x^{\frac{1}{4}}+y^{\frac{1}{4}}}+y^{\frac{1}{4}}=\dfrac{\left(x^{\frac{1}{4}}-y^{\frac{1}{4}}\right)\left(x^{\frac{1}{4}}+y^{\frac{1}{4}}\right)}{\left(x^{\frac{1}{4}}+y^{\frac{1}{4}}\right)}+y^{\frac{1}{4}}=x^{\frac{1}{4}}-y^{\frac{1}{4}}+y^{\frac{1}{4}}=x^{\frac{1}{4}}.$

Берілген өрнекті ықшамдау кезінде $a^2-b^2=(a+b)(a-b)$ формуласы қолданылды.
2) $a^2-b^2=(a+b)(a-b)$ формуласын, ортақ көбейткішті жақшаның сыртына шығару, рационал бөлшектерді көбейту, бөлу амалдарын және қысқартуды қолданып ықшамдаймыз:

$$\frac{x-y}{x^{\frac{3}{4}}+x^{\frac{1}{2}}\cdot y^{\frac{1}{4}}}\cdot\frac{x^{\frac{1}{2}}y^{\frac{1}{4}}+x^{\frac{1}{4}}y^{\frac{1}{2}}}{x^{\frac{1}{2}}+y^{\frac{1}{2}}}:\frac{y^{\frac{1}{4}}}{x^{\frac{1}{4}}}=\frac{\left(x^{\frac{1}{2}}+y^{\frac{1}{2}}\right)\left(x^{\frac{1}{2}}-y^{\frac{1}{2}}\right)}{x^{\frac{1}{2}}\left(x^{\frac{1}{4}}+y^{\frac{1}{4}}\right)}\cdot\frac{x^{\frac{1}{4}}\cdot y^{\frac{1}{4}}\left(x^{\frac{1}{4}}+y^{\frac{1}{4}}\right)}{\left(x^{\frac{1}{2}}+y^{\frac{1}{2}}\right)}\cdot\frac{x^{\frac{1}{4}}}{y^{\frac{1}{4}}}=$$

$$=x^{\frac{1}{2}}-y^{\frac{1}{2}}.$$

Жауабы: 1) $x^{\frac{1}{4}}$; 2) $x^{\frac{1}{2}}-y^{\frac{1}{2}}$.

Сонымен қатар, рационал көрсеткішті дәреженің теңсіздік арқылы берілетін келесі екі қасиеті бар.

6. r — рационал сан және $0<a<b$ болса, онда

$r>0$ болғанда $a^r<b^r$;
$r<0$ болғанда $a^r>b^r$.

7. Кез келген r және s рационал сандары үшін $r>s$ теңсіздігінен

$a>1$ болса, онда $a^r>a^s$;
$0<a<1$ болса, онда $a^r<a^s$

шығады.

Сендер рационал көрсеткішті дәреже қасиеттерін алгебралық өрнектерді түрлендіруде қолдануды үйренесіңдер.

МЫСАЛ **4.** Берілген сандарды салыстырайық:

1) $\sqrt[5]{27}$ және $\sqrt[4]{9}$; 2) $\sqrt[9]{16}$ және $\sqrt[7]{8}$; 3) $\left(\frac{1}{4}\right)^{300}$ және $\left(\frac{1}{6}\right)^{200}$.

Шешуі. 1) Алдымен n-ші дәрежелі түбірлерді негіздері бірдей рационал көрсеткішті дәрежеге келтіреміз: $\sqrt[5]{27}=\sqrt[5]{3^3}=3^{\frac{3}{5}}=3^{0,6}$; $\sqrt[4]{9}=\sqrt[4]{3^2}=3^{\frac{2}{4}}=3^{\frac{1}{2}}=3^{0,5}$. Енді 7-қасиетті қолданамыз: $3>1$ және $0,6>0,5$ болғандықтан, $3^{0,6}>3^{0,5}$. Демек, $\sqrt[5]{27}>\sqrt[4]{9}$.

2) n-ші дәрежелі түбірлерді негіздері бірдей рационал көрсеткішті дәрежеге келтірейік: $\sqrt[9]{16}=\sqrt[9]{2^4}=2^{\frac{4}{9}}$; $\sqrt[7]{8}=\sqrt[7]{2^3}=2^{\frac{3}{7}}$. Енді 7-қасиетті қолданамыз: $2>1$ және $\frac{4}{9}>\frac{3}{7}$ болғандықтан, $\sqrt[9]{16}>\sqrt[7]{8}$.

3) $\left(\frac{1}{4}\right)^{300}$ және $\left(\frac{1}{6}\right)^{200}$ рационал көрсеткішті дәрежелерді түрлендіру арқылы бірдей көрсеткіштерге келтірейік: $\left(\frac{1}{4}\right)^{300}=\left(\left(\frac{1}{4}\right)^3\right)^{100}=\left(\frac{1}{64}\right)^{100}$, $\left(\frac{1}{6}\right)^{200}=\left(\left(\frac{1}{6}\right)^2\right)^{100}=\left(\frac{1}{36}\right)^{100}$.

Енді 6-қасиетті қолданамыз: $0<\frac{1}{64}<\frac{1}{36}$ және $100>0$ болғандықтан,

$\left(\frac{1}{64}\right)^{100}<\left(\frac{1}{36}\right)^{100}$. Демек, $\left(\frac{1}{4}\right)^{300}<\left(\frac{1}{6}\right)^{200}$.

?

1. Рационал көрсеткішті дәреженің анықталу облысын атаңдар. Жауабын түсіндіріңдер.
2. "Негізі бүтін сан болғанда, рационал көрсеткішті дәреженің мәндері бүтін сандар жиынын береді" деген тұжырым ақиқат па? Жауабын түсіндіріңдер.
3. $a^{\frac{3}{5}}=\sqrt[5]{a^3}$ теңдігі a-ның қандай мәндерінде дұрыс болады?

Жаттығулар

А

6.1. Берілген өрнектерді түбір түрінде жазыңдар:

1) $3^{1,5}$; 2) $2^{1,6}$; 3) $6^{-1,5}$; 4) $7^{1,2}$.

6.2. Берілген түбірді рационал көрсеткішті дәреже түрінде жазыңдар:

1) $\sqrt[3]{x^{-2}}$; 2) $\sqrt[7]{3y}$; 3) $\sqrt[15]{x^{-10}}$; 4) $\sqrt[8]{5^3}$.

Өрнектердің мәнін табыңдар (**6.3-6.4**):

6.3. 1) $81^{0,5}$; 2) $\left(\frac{256}{3^8}\right)^{-\frac{1}{8}}$; 3) $16^{\frac{7}{4}}$; 4) $\left(\frac{27^3}{125^6}\right)^{\frac{2}{9}}$.

6.4. 1) $\left(8^{\frac{1}{6}}\cdot 9^{\frac{3}{2}}\right):8^{\frac{1}{2}}$; 2) $\sqrt[3]{100}\cdot\left(\sqrt{2}\right)^{\frac{8}{3}}\cdot(5)^{\frac{1}{3}}$;

3) $81^{0,75}:8^{\frac{7}{3}}$; 4) $\left(\frac{36}{25}\right)^{0,5}\cdot\left(\frac{125}{27}\right)^{-\frac{1}{3}}$.

Өрнектерді көбейткіштерге жіктеңдер (**6.5-6.6**):

6.5. 1) $(bx)^{\frac{1}{3}}+(by)^{\frac{1}{3}}$; 2) $b-b^{\frac{1}{2}}$;

3) $3+3^{\frac{1}{3}}$; 4) $(5x)^{\frac{1}{2}}+(3x)^{\frac{1}{2}}$.

6.6. 1) $a^{\frac{1}{3}}b^{\frac{1}{3}}-a^{\frac{1}{3}}-b^{\frac{1}{3}}+1$; 2) $c^{\frac{1}{2}}+c^{\frac{1}{4}}$;

3) $5-5^{\frac{2}{3}}$; 4) $x+y^{\frac{1}{2}}+x^{\frac{1}{2}}+x^{\frac{1}{2}}y^{\frac{1}{2}}$.

Бөлшектерді қысқартыңдар (**6.7-6.8**):

6.7. 1) $\dfrac{x-y}{x^{\frac{1}{2}}-y^{\frac{1}{2}}}$; 2) $\dfrac{x-8}{x^{\frac{2}{3}}+2x^{\frac{1}{3}}+4}$;

3) $\dfrac{x-16}{x^{\frac{1}{2}}-4}$; 4) $\dfrac{a^{\frac{2}{3}}-a^{\frac{1}{3}}\cdot b^{\frac{1}{3}}+b^{\frac{2}{3}}}{a+b}$.

6.8. 1) $\dfrac{a^{\frac{3}{4}}-a^{\frac{1}{4}}+a^{\frac{1}{2}}-1}{a-a^{\frac{1}{2}}}$; 2) $\dfrac{a^{\frac{2}{3}}-b^{\frac{1}{2}}}{a^{\frac{1}{3}}+b^{\frac{1}{4}}}$;

3) $\dfrac{a^{\frac{4}{9}}-b^{\frac{9}{4}}}{a^{\frac{2}{3}}+b^{\frac{3}{2}}}$; 4) $\dfrac{x^{1,2}-y^{2,1}}{x^{0,8}+x^{0,4}y^{0,7}+y^{1,4}}$.

6.9. Өрнектің мәнін табыңдар:

1) $320^{\frac{1}{3}}-2\cdot(135)^{\frac{1}{3}}+3\cdot(40)^{\frac{1}{3}}$; 2) $\dfrac{3^{\frac{1}{2}}+1}{3^{\frac{1}{2}}-1}+\dfrac{3^{\frac{1}{2}}-1}{3^{\frac{1}{2}}+1}$;

3) $10\cdot 0{,}027^{\frac{1}{3}}-\left(-\frac{1}{5}\right)^{-2}+4\cdot 16^{-\frac{1}{2}}$; 4) $\dfrac{1}{1+5^{\frac{1}{3}}}-\dfrac{5^{\frac{1}{3}}}{1-5^{\frac{1}{3}}+5^{\frac{2}{3}}}+\dfrac{1}{3}\cdot 5^{\frac{1}{3}}$.

B

6.10. Өрнекті рационал көрсеткішті дәреже түрінде жазыңдар:

1) $\frac{1}{8}\sqrt[7]{2^{15}\cdot ax^{5}}$; 2) $\sqrt[3]{a^{7}\sqrt[4]{a}}$; 3) $\sqrt[9]{b^{8}}\cdot\sqrt[3]{b}$; 4) $\frac{1}{3}\sqrt[3]{27\cdot\sqrt[3]{x}}$.

6.11. Өрнекті түбір түрінде жазыңдар:

1) $5\cdot 7^{-\frac{3}{5}}$; 2) $a^{\frac{3}{4}}:b^{\frac{2}{3}}$; 3) $3b^{-\frac{4}{5}}$; 4) $b^{\frac{2}{3}}\cdot c^{\frac{3}{7}}$.

6.12. Өрнектердің анықталу облысын табыңдар:

1) $(x+1)^{\frac{3}{7}}$; 2) $x^{\frac{3}{5}}$; 3) $x^{-\frac{3}{4}}$; 4) $(x-3)^{\frac{2}{3}}$.

6.13. Ықшамдаңдар:

1) $\dfrac{a-b}{a^{\frac{1}{2}}+b^{\frac{1}{2}}}+b^{\frac{1}{2}},\ a>0,\ b>0;$ 2) $\dfrac{x^{\frac{2}{3}}-y^{\frac{2}{3}}}{x^{\frac{1}{3}}-y^{\frac{1}{3}}},\ x\neq y;$

3) $\left(a^{\frac{3}{2}}b^{\frac{1}{2}}+a^{\frac{1}{2}}b^{\frac{3}{2}}-\left(\dfrac{a}{b}\right)^{\frac{1}{2}}\right)\cdot\left(\dfrac{b}{a}\right)^{\frac{1}{2}},\ a>0,\ b>0;$

4) $\left(a\left(\dfrac{a}{b}\right)^{\frac{1}{2}}+b\cdot\left(\dfrac{b}{a}\right)^{\frac{1}{2}}-2(ab)^{\frac{1}{2}}\right)\cdot(ab)^{\frac{1}{2}},\ a>0,\ b>0.$

Есептеңдер (**6.14-6.15**):

6.14. 1) $\dfrac{4-3\cdot 2^{\frac{1}{2}}}{\left(2^{\frac{1}{4}}-8^{\frac{1}{4}}\right)^2};$ 2) $\dfrac{\left(24^{\frac{1}{4}}+6^{\frac{1}{4}}\right)^2}{4\cdot 3^{\frac{1}{2}}+3\cdot 6^{\frac{1}{2}}};$

3) $\dfrac{\left(9^{\frac{1}{3}}+3^{\frac{1}{2}}\right)^2}{3^{\frac{1}{3}}+2\cdot 3^{\frac{1}{6}}+1};$ 4) $\dfrac{1-2\cdot 5^{\frac{1}{4}}+5^{\frac{1}{2}}}{\left(5^{\frac{1}{2}}-5^{\frac{3}{4}}\right)^2}.$

6.15. 1) $\left(\dfrac{1}{13^{\frac{1}{2}}-17^{\frac{1}{2}}}+\dfrac{1}{17^{\frac{1}{2}}+13^{\frac{1}{2}}}\right)\cdot 13^{\frac{1}{2}};$ 2) $\left(\dfrac{5}{6^{\frac{1}{2}}+11}+\dfrac{5}{6^{\frac{1}{2}}-11}\right)\cdot 0{,}1\cdot 6^{\frac{1}{2}};$

3) $\left(8-28^{\frac{1}{2}}\right)^{-1}+\left(8+28^{\frac{1}{2}}\right)^{-1};$ 4) $\left(6+4\cdot 2^{\frac{1}{2}}\right)^{-1}+\left(6-4\cdot 2^{\frac{1}{2}}\right)^{-1}.$

6.16. Ықшамдаңдар:

1) $\left(\dfrac{1}{(a+1)^{\frac{1}{2}}}+(1-a)^{\frac{1}{2}}\right):\left((1-a^2)^{\frac{1}{2}}+1\right),\ -1<a<1;$

2) $\dfrac{1+a^{\frac{1}{2}}}{1+a+a^{\frac{1}{2}}}:\dfrac{1}{1-a^{\frac{3}{2}}},\ a>0,\ a\neq 1.$

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Өрнек, айнымалының мүмкін болатын мәндер жиыны, өрнектерді тепе-тең түрлендіру, толық квадрат, тепе-теңдікті дәлелдеу, n-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері, рационал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері.

§ 7. ИРРАЦИОНАЛ ӨРНЕКТЕРДІ ТҮРЛЕНДІРУ

Сендер иррационал өрнектерді түрлендіруде n-ші дәрежелі түбір қасиеттерін қолдануды үйренесіңдер.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Дәреже, n-ші дәрежелі түбір, иррационал өрнек, қасиет, түрлендіру

СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР: Көбейткішті түбір алдына шығару, көбейткішті түбір астына енгізу, бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босату сендерге 8-сыныптың алгебра курсынан белгілі. Алдыңғы параграфтарда n-ші дәрежелі түбір, рационал көрсеткішті дәреже және олардың қасиеттерін оқып-үйрендіңдер.

Енді осы түрлендірулерді иррационал өрнектерге қолдануды қарастырамыз.

МЫСАЛ 1. $(5\sqrt{3}+4\sqrt{2})(\sqrt{2}-2\sqrt{3})$ көбейтіндісін көпмүше түрінде жазайық.

Шешуі. $(5\sqrt{3}+4\sqrt{2})(\sqrt{2}-2\sqrt{3}) = 5\sqrt{3}\cdot\sqrt{2}+4\sqrt{2}\cdot\sqrt{2}-5\sqrt{3}\cdot 2\sqrt{3}-4\sqrt{2}\cdot 2\sqrt{3} =$
$= 5\sqrt{6}+8-30-8\sqrt{6} = -22-3\sqrt{6}$.

Жауабы: $-22-3\sqrt{6}$.

МЫСАЛ 2. $15\sqrt[3]{a}-\sqrt[3]{ab}+30-2\sqrt[3]{b}$ өрнегін көбейткіштерге жіктейік.

Шешуі. $15\sqrt[3]{a}-\sqrt[3]{ab}+30-2\sqrt[3]{b} = (15\sqrt[3]{a}-\sqrt[3]{a}\cdot\sqrt[3]{b})+(30-2\sqrt[3]{b}) =$
$= \sqrt[3]{a}(15-\sqrt[3]{b})+2(15-\sqrt[3]{b}) = (15-\sqrt[3]{b})(\sqrt[3]{a}+2)$.

Жауабы: $(15-\sqrt[3]{b})(\sqrt[3]{a}+2)$.

Иррационал өрнектерді түрлендіру кезінде мәні оң да, теріс те болатын өрнектен n-ші дәрежелі түбір шығару қажет болады.

Өрнектен n-ші дәрежелі түбірін шығарғанда мына ережелерді қолдану қажет:

1) егер n жұп сан болса, онда түбірдің мәні модуль таңбасымен алынады;

2) егер n тақ сан болса, онда түбірдің мәні модульсіз алынады.

МЫСАЛ 3. $\sqrt{34+24\sqrt{2}}+\sqrt{34-24\sqrt{2}}$ өрнегінің мәнін табайық.

Шешуі. Түбір ішіндегі өрнектерді түрлендіреміз: $34+24\sqrt{2}=(4+3\sqrt{2})^2$ және $34-24\sqrt{2}=(4-3\sqrt{2})^2$.

Сонда

$$\sqrt{34+24\sqrt{2}}+\sqrt{34-24\sqrt{2}}=\sqrt{\left(4+3\sqrt{2}\right)^2}+\sqrt{\left(4-3\sqrt{2}\right)^2}=\left|4+3\sqrt{2}\right|+\left|4-3\sqrt{2}\right|=$$
$$=4+3\sqrt{2}-4+3\sqrt{2}=6\sqrt{2}.$$

Жауабы: $6\sqrt{2}$.

Енді бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босатуға мысалдар келтірейік.

МЫСАЛ

4. 1) $\dfrac{15}{\sqrt[3]{5}}$; 2) $\dfrac{6}{3+\sqrt{3}}$ бөлшектерінің бөлімінде түбір таңбасы болмайтын етіп түрлендірейік.

Шешуі. 1) $\dfrac{15}{\sqrt[3]{5}}$ бөлшегінің бөлімінде $\sqrt[3]{5}$ саны берілген. Осы түбірдің астындағы өрнекті 5^3, яғни тура түбір шығатын етіп толықтырамыз. Ол үшін 5-ті 25 санына көбейту қажет. Демек, берілген бөлшектің алымы мен бөлімін $\sqrt[3]{25}$ санына көбейтеміз:

$$\frac{15}{\sqrt[3]{5}}=\frac{15\cdot\sqrt[3]{25}}{\sqrt[3]{5}\cdot\sqrt[3]{25}}=\frac{15\cdot\sqrt[3]{25}}{\sqrt[3]{125}}=\frac{15\cdot\sqrt[3]{25}}{5}=3\sqrt[3]{25}.$$

2) $\dfrac{6}{3+\sqrt{3}}$ бөлшегінің алдыңғы бөлшектен айырмашылығы — бөлімінде бір қосылғышы радикал болып келген қосынды берілген. Мұндай жағдайда бөлімін түбірден босату үшін бөлшектің алымы мен бөлімін бөліміндегі өрнектің түйіндес өрнегіне, яғни $3-\sqrt{3}$ өрнегіне көбейтеміз:

$$\frac{6}{3+\sqrt{3}}=\frac{6\cdot(3-\sqrt{3})}{(3+\sqrt{3})(3-\sqrt{3})}=\frac{6(3-\sqrt{3})}{9-3}=\frac{6(3-\sqrt{3})}{6}=3-\sqrt{3}.$$

Жауабы: 1) $3\sqrt[3]{25}$; 2) $3-\sqrt{3}$.

? 1. Рационал өрнектерді және иррационал өрнектерді түрлендіруде айырмашылық бар ма?

Жаттығулар

А

7.1. Өрнектің мәнін табыңдар:

1) $\sqrt[3]{20+\sqrt{57}}\cdot\sqrt[3]{20-\sqrt{57}}$;   2) $\sqrt[4]{10-\sqrt{19}}\cdot\sqrt[4]{10+\sqrt{19}}$;

3) $\sqrt[4]{9-\sqrt{65}}\cdot\sqrt[4]{9+\sqrt{65}}$;   4) $-\dfrac{\sqrt[3]{\left(4+\sqrt{17}\right)^2}}{\sqrt[3]{4-\sqrt{17}}}-\sqrt{17}$.

Есептеңдер (7.2—7.4):

7.2. 1) $3\sqrt{8}-5\sqrt{18}+12\sqrt{50}$;   2) $\left(\sqrt{5}-\sqrt{3}\right)^2\cdot\sqrt[4]{225}$;

3) $\left(2\sqrt{2}-3\right)^2\cdot\sqrt[6]{8}$; 4) $\sqrt[3]{5-\sqrt{17}}\cdot\sqrt[3]{\sqrt{17}+5}$.

7.3. 1) $\sqrt[3]{7-\sqrt{22}}\cdot\sqrt[3]{7+\sqrt{22}}$; 2) $\frac{1}{4+2\sqrt{3}}+\frac{1}{4-2\sqrt{3}}$;

3) $\frac{3}{6-2\sqrt{6}}+\frac{3}{6+2\sqrt{6}}$; 4) $\sqrt{3}+2+\frac{1}{2+\sqrt{3}}$.

7.4. 1) $\left(\sqrt{\frac{3}{2}}-3\sqrt{\frac{3}{8}}+4\sqrt{1,5}\right)\cdot 2\sqrt{\frac{2}{3}}$; 2) $\left(\sqrt{0,75}+3\sqrt{\frac{1}{27}}-\sqrt{6,75}\right)\cdot\sqrt{3}$;

3) $\left(\sqrt[3]{\frac{1}{6}}-\sqrt[3]{36}+\sqrt[3]{4,5}\right)\cdot\sqrt[3]{\frac{3}{4}}$; 4) $\left(\sqrt[4]{\frac{125}{27}}-\sqrt[4]{375}-\frac{1}{\sqrt[4]{135}}\right)\cdot\sqrt[4]{\frac{5}{3}}$.

7.5. Бөлшектің бөлімінде радикалдар (түбір таңбасы) болмайтын етіп келесі өрнектерді түрлендіріңдер:

1) $\frac{6}{\sqrt{7}-1}$; 2) $\frac{5}{\sqrt{6}+1}$; 3) $\frac{2}{x+\sqrt{a}}$; 4) $\frac{3}{x-\sqrt{a}}$;

5) $\frac{1}{\sqrt{6}+\sqrt{2}}$; 6) $\frac{4}{\sqrt{7}-\sqrt{5}}$; 7) $\frac{3}{\sqrt{8}-\sqrt{5}}$; 8) $\frac{x-\sqrt{2}}{x+\sqrt{2}}$.

B

Ықшамдаңдар (**7.6-7.7**):

7.6. 1) $\left(\frac{1}{\sqrt[4]{a}-1}-\frac{\sqrt[4]{a}+1}{\sqrt{a}}\right)\cdot\frac{\sqrt{a}}{\sqrt[4]{a}-1}$;

2) $\frac{x-1}{\sqrt{x}+1}:\frac{\sqrt[3]{x}+1}{\sqrt[3]{x^2}-1}\cdot\frac{1}{\sqrt[3]{x}-1}+\sqrt{x}$;

3) $\left(\frac{1}{a+\sqrt{a}\sqrt{b}}+\frac{1}{a-\sqrt{a}\sqrt{b}}\right)\cdot\frac{a^3-b^3}{a^2+ab+b^2}$;

4) $\frac{\sqrt{x}+1}{x\sqrt{x}+x+\sqrt{x}}:\frac{1}{x^2-\sqrt{x}}$.

7.7. 1) $\frac{p-q}{\sqrt[3]{p}-\sqrt[3]{q}}-\sqrt[3]{pq}$, $p\neq q$;

2) $\frac{\sqrt{p^3}+\sqrt{q^3}}{\sqrt{p}+\sqrt{q}}+\sqrt{pq}$, $p>0$, $q>0$;

3) $\frac{\sqrt{ab^2}-a\sqrt{b}}{\sqrt{ab}}-\sqrt{b^3}+\sqrt{a}$, $a>0$, $b>0$;

4) $\frac{\sqrt[3]{a^2b}-a\sqrt[3]{b}}{\sqrt[3]{ab}}+\sqrt[3]{a^2}$, $a\neq 0$, $b\neq 0$.

7.8. Бөлшектің бөлімін иррационал өрнектен босатыңдар:

1) $\dfrac{\sqrt{2}}{2\sqrt{3}+4\sqrt{2}}$; 2) $\dfrac{\sqrt{3}}{4\sqrt{2}-2\sqrt{3}}$; 3) $-\dfrac{7}{\sqrt{5}-2\sqrt{3}}$;

4) $\dfrac{15}{3\sqrt{2}-\sqrt{3}}$; 5) $\dfrac{6}{2-\sqrt[3]{2}}$; 6) $\dfrac{32}{3+\sqrt[3]{5}}$;

7) $\dfrac{1-b}{\sqrt{1-\sqrt{b}}}$, $0<b<1$; 8) $\dfrac{1-a}{\sqrt{1+\sqrt{a}}}$, $a>0$.

7.9. Ықшамдаңдар:

1) $\left(1+\sqrt{\dfrac{a-b}{a+b}}\right):\left(1-\sqrt{\dfrac{a-b}{a+b}}\right)$; 2) $\left((a-b)\cdot\sqrt{\dfrac{a+b}{a-b}}+a-b\right)\left(\sqrt{\dfrac{a+b}{a-b}}-1\right)$.

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Дәреже, дәреженің негізі және көрсеткіші, функция, оның қасиеттері мен графигі.

§ 8. ДӘРЕЖЕЛІК ФУНКЦИЯ, ОНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ГРАФИГІ

Сендер нақты көрсеткішті дәрежелі функцияның ұғымымен танысасыңдар; дәреже көрсеткішіне тәуелді дәрежелі функция графигін салуды үйренесіңдер.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Функция, график, дәрежелі функция, дәреженің көрсеткіші, нақты сан

Кез келген нақты α саны үшін оң айнымалы x^{α} санын анықтауға болады.

Анықтама.

$$f(x) = x^{\alpha},\ \alpha \in R \qquad (1)$$

*формуласымен берілген функцияны **дәрежелік функция** деп атайды.*

Мұнда дәреженің негізі ретінде x тәуелсіз айнымалысы, ал оның дәреже көрсеткіші ретінде α нақты саны алынған.

Төменгі сыныптарда дәрежелік функцияның көрсеткіші натурал және бүтін сандар болған жағдайларды қарастырдыңдар.

Мысалы, $\alpha = 1$ болғанда графигі координаталар жазықтығының I және III ширектерінің биссектрисасын беретін $y = x$ сызықтық функциясы (21-сурет), ал $\alpha = 3$ болғанда $y = x^3$ үшінші дәрежелі функцияның графигі кубтық параболаны беретіні белгілі (22-сурет).



21-сурет



22-сурет

1. Натурал дәрежелі функциялардың барлығын

$$y = x^n,\ n \in N \qquad (2)$$

формуласымен беруге болады. $n = 1$, $n = 3$ болғандағы натурал көрсеткішті дәрежелік функциялар қарастырылды.

(2)-формулада $n = 0$ болған жағдайда $f(x) = x^0 = 1$, онда функцияның графигі ординаталары 1-ге тең абсцисса осіне параллель болатын $y = 1$ түзуін береді (23-сурет).

(2)-формуладағы n саны жұп сандар (2; 4; 6; 8; ...) болса, онда олардың графиктері 2; 4; 6; 8; ... дәрежелі параболалар, ал тақ сандар (3; 5; 7; 9; ...) болса, онда 3; 5; 7; 9; ... дәрежелі параболалар болады. Жұп дәрежелі функциялардың графиктері — ордината осіне қарағанда симметриялы, ал тақ дәрежелі функциялар графиктері бас нүктеге қарағанда симметриялы қисықтар.



23-сурет



24-сурет

2. (2)-формуладағы n санын $-n$ санымен алмастырсақ,

$$y = x^{-n},\ n \in N \qquad (3)$$

бүтін теріс көрсеткішті дәрежелік функция аламыз.

24-суретте $y = x^{-1} = \frac{1}{x}$ функциясының, ал 25-суретте $y = x^{-2} = \frac{1}{x^2}$ функциясының графигі көрсетілген.

$y=\dfrac{1}{x^2}$ және $y=\dfrac{1}{x^3}$ функцияларының мәндер жиыны бірдей болуы мүмкін бе? Жауабын түсіндіріңдер.

Енді оң және теріс бөлшек көрсеткішті дәрежелік функцияны қарастырайық.

3. Егер $\alpha=\dfrac{m}{n}$ (n, m — өзара жай натурал сандар) және $m<n$ болса, онда оң бөлшек көрсеткішті $y=x^{\frac{m}{n}}$ дәрежелік функциясын аламыз.

Бұл функцияның графигі 26-суретте берілген.



25-сурет



26-сурет



27-сурет



28-сурет

4. $\alpha=\dfrac{m}{n}$ (n, m — өзара жай натурал сандар) және $\dfrac{m}{n}>1$ жағдайында оң бөлшек көрсеткішті $y=x^{\frac{m}{n}}$ дәрежелік функциясын аламыз. Бұл функцияның графигі 27-суретте берілген.

5. Егер $\alpha=-\dfrac{m}{n}$ (n, m — өзара жай натурал сандар) болса, онда теріс бөлшек көрсеткішті $y=x^{-\frac{m}{n}}$ дәрежелік функциясын аламыз.

$y=x^{-\frac{m}{n}}$ функциясы графигінің жалпы түрі 28-суретте көрсетілген.

Иррационал көрсеткішті дәреже туралы түсінік.

$a>0$ және α саны иррационал сан болсын. Онда иррационал дәрежелі a санының, яғни a^{α} санының мағынасын анықтайық. Ол үшін мына үш жағдайды қарастырамыз.

1) $a = 1$ болса, онда $1^{\alpha} = 1$.

2) $a > 1$ және α иррационал саны r_1 рационал санынан үлкен ($\alpha > r_1$), бірақ r_2 рационал санынан кіші ($\alpha < r_2$) болсын, яғни $r_1 < \alpha < r_2$. Онда $r_1 < r_2$ және $a^{r_1} < a^{r_2}$.

Демек, иррационал көрсеткішті a^{α} саны дәрежелері кез келген r_1, r_2 рационал сандары болатын a^{r_1} мен a^{r_2} сандарының арасында орналасқан сан: $a^{r_1} < a^{\alpha} < a^{r_2}$. Осы заңдылық кез келген $a > 1$ және кез келген иррационал сан α үшін орындалады.

3) Енді $0 < a < 1$ аралығын қарастырайық. Бұл жағдайда $r_1 < \alpha$ және $r_2 > \alpha$ үшін $r_1 < r_2$ және $a^{r_1} > a^{r_2}$ шығады, олай болса $a^{r_2} < a^{\alpha} < a^{r_1}$ аламыз. Осы заңдылық кез келген $0 < a < 1$ және кез келген α иррационал саны үшін орындалады.

Рационал көрсеткішті дәрежелердің қасиеттері иррационал көрсеткішті дәрежелер үшін де орындалады.

Енді көрсеткіші нақты сандар болғандағы дәрежелік функцияны, яғни $y = x^{\alpha}$ (α — кез келген нақты сан, x — дәрежелік функцияның аргументі) формуласымен берілген дәрежелік функцияны қарастырайық.

Егер $\alpha > 0$ болса, дәрежелік функцияны $x = 0$ жағдайында да анықталған функция деп есептейміз, себебі $0^{\alpha} = 0$.

Егер $\alpha \in Z$ болса, дәрежелік функция $x > 0$ немесе $x < 0$ жағдайында да анықталған функция болып табылады. α саны жұп сан болса, онда $y = x^{\alpha}$ функциясы жұп функция, ал α тақ сан болса, онда тақ функция болады. Сондықтан $y = x^{\alpha}$ дәрежелік функциясын $x \in (0; +\infty)$ интервалында зерттеген жеткілікті.

?

1. Дәрежелік функцияның дәреже көрсеткішіне байланысты түрлерін атаңдар және оған мысал келтіріңдер.
2. $[0; +\infty)$ аралығында орналасқан $y = x^2$ және $y = \sqrt{x}$ функцияларының графиктеріне сипаттама беріңдер.
3. $y = x^{-2,5}$ және $y = x^{2,5}$ функцияларының анықталу облыстарында қандай айырмашылық бар? Жауабын түсіндіріңдер.

Жаттығулар

A

$y = f(x)$ функциясының графигін салыңдар (**8.1-8.2**):

8.1. 1) $f(x) = x^6$; 2) $f(x) = x^{-5}$; 3) $f(x) = x^{\frac{4}{3}}$; 4) $f(x) = x^{-\frac{3}{4}}$.

8.2. 1) $f(x) = x^{\pi}$; 3) $f(x) = \left(\frac{x}{2}\right)^{\frac{1}{4}}$; 2) $f(x) = x^{-\pi}$; 4) $f(x) = (3x)^{\frac{1}{3}}$.

8.3. Берілген график бойынша $y = f(x)$ функциясының қасиеттерін атаңдар (29-сурет):



1) 2)

29-сурет

В

8.4. $y = f(x)$ функциясының анықталу облысын табыңдар:

1) $f(x) = \frac{1}{x^2} - 3;$ 2) $f(x) = x^{4,5} + 2;$

3) $f(x) = x^{-2,5} + 2;$ 4) $f(x) = -\frac{1}{x^3} + 4.$

8.5. $y = f(x)$ функциясының мәндер жиынын табыңдар:

1) $f(x) = x^{\frac{1}{2}} - 5;$ 2) $f(x) = \frac{1}{x^4} + 3,5;$

3) $f(x) = x^{3,7} - 2;$ 4) $f(x) = \frac{1}{x^5} + \frac{1}{7}.$

Қарапайым түрлендірулерді қолданып $y = f(x)$ функциясының графигін салыңдар. Графикті қолданып функцияға сипаттама беріңдер (**8.6-8.7**):

8.6. 1) $f(x) = -\frac{1}{x^3};$ 2) $f(x) = \frac{1}{x^6} + 3,5;$

3) $f(x) = x^{0,5} - 2;$ 4) $f(x) = 3 + 2x^{0,5}.$

8.7. 1) $f(x) = \frac{2}{(x-1)^2} + 4;$ 2) $f(x) = -\frac{3}{(x+2)^3} + 1,5;$

3) $f(x) = (x+1)^{\frac{3}{4}} - 2,5;$ 4) $f(x) = (x+1)^{-\frac{3}{4}} + 3,5.$

8.8. Теңдеулердің неше түбірі болатынын графиктік тәсілмен көрсетіңдер:

1) $\frac{1}{x^2} = 4,5;$ 2) $x^2 - x^{3,7} = 0;$ 3) $\frac{1}{x^3} = x^4;$ 4) $\sqrt{x} = -\frac{1}{x^2}.$

8.9. Теңсіздіктер жүйесін графиктік тәсілмен шешіңдер:

1) $\begin{cases} y > x^2, \\ y \leq x + 4; \end{cases}$ 2) $\begin{cases} y \geq -x^2, \\ y < -x; \end{cases}$

3) $\begin{cases} y < x^3, \\ y \geq x^2; \end{cases}$ 4) $\begin{cases} y \leq x^5, \\ y > -x^4. \end{cases}$

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Дәрежелік функция, туынды, интеграл және оның қасиеттері.

§ 9. ДӘРЕЖЕЛІК ФУНКЦИЯНЫ ДИФФЕРЕНЦИАЛДАУ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЛДАУ

Сендер нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның туындысын табу ережелерін қолдануды үйренесіңдер.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Функция, дәрежелі функция, туынды, алғашқы функция, интеграл

СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР: Дәрежелік функцияның дербес жағдайларының туындысын есептеу формулалары белгілі.

$f(x) = x^n$, $n \in Z$ және $f(x) = \sqrt{x}$ $(x > 0)$ функцияларының туындысы сәйкесінше $f'(x) = n \cdot x^{n-1}$ және $f'(x) = \dfrac{1}{2\sqrt{x}}$ формулаларымен табылады.

Енді $f(x) = x^\alpha$, $x \neq 0$ және α кез келген нақты сан болғандағы дәрежелік функцияның туындысын есептеу формуласын берейік.

Теорема. *Егер $x > 0$ және α кез келген нақты сан болса, онда $f(x) = x^\alpha$ дәрежелік функциясының туындысы*

$$f'(x) = (x^\alpha)' = \alpha \cdot x^{\alpha - 1} \tag{1}$$

формуласымен табылады.

Дәлелдеу. 10-сыныпта берілген туындының анықтамасы бойынша дәлелдеу алгоритмін қолданамыз:

1) x-ке Δx өсімшесін береміз: $x + \Delta x$;

2) аргументтің өсімшесіне сәйкес функцияның өсімшесін анықтаймыз:

$$f(x + \Delta x) - f(x) = (x + \Delta x)^\alpha - x^\alpha = x^\alpha \left[\left(1 + \frac{\Delta x}{x}\right)^\alpha - 1\right];$$

3) функция өсімшесінің аргумент өсімшесіне қатынасын табамыз:

$$\frac{f(x+\Delta x)-f(x)}{\Delta x}=x^{\alpha}\cdot\frac{\left[\left(1+\frac{\Delta x}{x}\right)^{\alpha}-1\right]}{\Delta x}=x^{\alpha}\cdot\frac{\left[\left(1+\frac{\Delta x}{x}\right)^{\alpha}-1\right]}{\frac{\Delta x}{x}\cdot x}=$$

$$=x^{\alpha-1}\cdot\frac{\left[\left(1+\frac{\Delta x}{x}\right)^{\alpha}-1\right]}{\frac{\Delta x}{x}};$$

4) шыққан қатынастың $\Delta x \to 0$ кезіндегі шегін табамыз:

$$\frac{f(x+\Delta x)-f(x)}{\Delta x}\to\alpha\cdot x^{\alpha-1}, \text{ яғни } f'(x)=(x^{\alpha})'=\alpha\cdot x^{\alpha-1}.$$

Кез келген нақты α саны үшін $\Delta x \to 0$ кезінде $\dfrac{\left(1+\frac{\Delta x}{x}\right)^{\alpha}-1}{\frac{\Delta x}{x}}\to\alpha$ болады. $\alpha=\frac{1}{2}$ үшін $\Delta x\to 0$ жағдайда $\dfrac{\left(1+\frac{\Delta x}{x}\right)^{\frac{1}{2}}-1}{\frac{\Delta x}{x}}=\frac{1}{2}$ екенін дәлелдейік.

Дәлелдеу. Алдымен бөлшектің алымын иррационалдықтан босатайық. Ол үшін бөлшектің алымын да, бөлімін де алымына түйіндес өрнекке көбейтеміз:

$$\frac{\left(1+\frac{\Delta x}{x}\right)^{\frac{1}{2}}-1}{\frac{\Delta x}{x}}=\frac{\left[\left(1+\frac{\Delta x}{x}\right)^{\frac{1}{2}}-1\right]\left[\left(1+\frac{\Delta x}{x}\right)^{\frac{1}{2}}+1\right]}{\frac{\Delta x}{x}\cdot\left[\left(1+\frac{\Delta x}{x}\right)^{\frac{1}{2}}+1\right]}=\frac{1+\frac{\Delta x}{x}-1}{\frac{\Delta x}{x}\left[\left(1+\frac{\Delta x}{x}\right)^{\frac{1}{2}}+1\right]}=$$

$$=\frac{1}{\left(1+\frac{\Delta x}{x}\right)^{\frac{1}{2}}+1}.$$

Соңғы бөлшектің $\Delta x \to 0$ ұмтылғандағы мәні $\frac{1}{1+1}=\frac{1}{2}$ болады.

$\alpha=1$, $\alpha=2$ үшін $\Delta x \to 0$ жағдайда $\dfrac{\left(1+\frac{\Delta x}{x}\right)^{\alpha}-1}{\frac{\Delta x}{x}}=\alpha$ болатынын өздерің дәлелдеңдер.

МЫСАЛ **1.** Берілген функциялардың туындысын табайық:

1) $f(x) = 11x^{-\frac{3}{11}} + x^{\sqrt{6}}$; 2) $f(x) = \sqrt[5]{3x-1} - 5x^{0,75}$.

Шешуі. Туындыны есептеу ережелері мен (1)-формуланы қолданамыз:

1) $f'(x) = (11x^{-\frac{3}{11}} + x^{\sqrt{6}})' = 11 \cdot \left(-\frac{3}{11}\right) \cdot x^{-\frac{3}{11}-1} + \sqrt{6}x^{\sqrt{6}-1} = -3x^{-\frac{14}{11}} + \sqrt{6}x^{\sqrt{6}-1}$;

2) $f'(x) = (\sqrt[5]{3x-1} - 5x^{0,75})' = ((3x-1)^{\frac{1}{5}} - 5x^{0,75})' = \frac{1}{5}(3x-1)^{-\frac{4}{5}} \cdot 3 - 5 \times$
$\times\, 0,75x^{-0,25} = \frac{3}{5}(3x-1)^{-\frac{4}{5}} - 3,75x^{-\frac{1}{4}}$.

Жауабы: 1) $-3x^{-\frac{14}{11}} + \sqrt{6}x^{\sqrt{6}-1}$; 2) $\frac{3}{5}(3x-1)^{-\frac{4}{5}} - 3,75x^{-\frac{1}{4}}$.

! Сендер нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның интегралын табуды үйренесіңдер.

Дәрежелік функцияның алғашқы функциясын есептеу формуласын берейік.

Теорема. $\alpha \neq -1$ *болғанда* $y = x^{\alpha}$ *дәрежелік функциясының алғашқы функциясы*

$$F(x) = \frac{x^{\alpha+1}}{\alpha+1} + C \qquad (2)$$

формуласымен табылады.

Дәлелдеу. $F(x) = \frac{x^{\alpha+1}}{\alpha+1} + C$ функциясы $f(x) = x^{\alpha}$ функциясының алғашқы функциясы болатынын көрсету керек. Ол үшін алғашқы функцияның анықтамасын қолданамыз:

$$F'(x) = \left(\frac{x^{\alpha+1}}{\alpha+1} + C\right)' = \frac{1}{\alpha+1} \cdot (x^{\alpha+1})' = \frac{1}{\alpha+1} \cdot (\alpha+1)\, x^{\alpha+1-1} = x^{\alpha} = f(x).$$

МЫСАЛ **2.** Анықталмаған интегралды табайық:

1) $\int x^3\,dx$; 2) $\int x^{-\frac{3}{2}}\,dx$; 3) $\int x^{\frac{5}{4}}\,dx$.

Шешуі. (2)-формуланы қолданамыз.

1) $\int x^3\,dx = \frac{x^4}{4} + C$; 2) $\int x^{-\frac{3}{2}}\,dx = \frac{x^{-\frac{3}{2}+1}}{-\frac{3}{2}+1} + C = \frac{x^{-\frac{1}{2}}}{-\frac{1}{2}} + C = -\frac{2}{\sqrt{x}} + C$;

3) $\int x^{\frac{5}{4}}\,dx = \frac{x^{\frac{5}{4}+1}}{\frac{5}{4}+1} + C = \frac{x^{\frac{9}{4}}}{\frac{9}{4}} + C = \frac{4}{9}x^{\frac{9}{4}} + C$.

Жауабы: 1) $\frac{x^4}{4} + C$; 2) $-\frac{2}{\sqrt{x}} + C$; 3) $\frac{4}{9}x^{\frac{9}{4}} + C$.

МЫСАЛ **3.** Анықталған интегралдың мәнін есептейік:

1) $\int\limits_2^5 x^2 dx$; 2) $\int\limits_1^9 x^{\frac{3}{2}} dx$.

Шешуі. (2)-формула мен анықталған интегралды есептеу формуласын қолданамыз.

1) $\int\limits_2^5 x^2 dx = \dfrac{x^3}{3}\Big|_2^5 = \dfrac{5^3}{3} - \dfrac{2^3}{3} = \dfrac{125}{3} - \dfrac{8}{3} = 39$;

2) $\int\limits_1^9 x^{\frac{3}{2}} dx = \dfrac{x^{\frac{3}{2}+1}}{\frac{3}{2}+1}\Big|_1^9 = \dfrac{2x^{\frac{5}{2}}}{5}\Big|_1^9 = \dfrac{2\cdot 9^{\frac{5}{2}}}{5} - \dfrac{2\cdot 1}{5} = \dfrac{2}{5}(243-1) = \dfrac{484}{5} = 96{,}8.$

Жауабы: 1) 39; 2) 96,8.

МЫСАЛ **4.** $y = \sqrt[4]{x}$ қисығы және $y = 1$, $x = 1$, $x = 16$ түзулерімен шектелген жазық фигураның ауданын есептейік.

Шешуі. Жазық фигураның геометриялық кескіні 30-суретте берілген. Жазық фигураның ауданын есептеу формуласын қолданамыз:



30-сурет

$S_ф = \int\limits_1^{16} (\sqrt[4]{x} - 1)dx = \int\limits_1^{16} (x^{\frac{1}{4}} - 1)dx = \left(\dfrac{4x^{\frac{5}{4}}}{5} - x\right)\Bigg|_1^{16} = \left(\dfrac{4}{5}\cdot 16^{\frac{5}{4}} - 16\right) -$

$- \left(\dfrac{4}{5} - 1\right) = 9{,}6 + 0{,}2 = 9{,}8.$

Жауабы: 9,8 кв. бірл.

?

1. Егер $f(x) = x^{-n}$ $(n \in N)$ болса, онда $f'(x) \in R$ тұжырымы дұрыс па? Жауабын түсіндіріңдер.
2. $y = x^{-n}$ $(n \in N)$ функциясының қандай нүктеде алғашқы функциясын табуға болмайды? Жауабын түсіндіріңдер.

Жаттығулар

A

$y = f(x)$ функциясының туындысын табыңдар (9.1-9.2):

9.1. 1) $f(x) = x^{\frac{5}{6}}$; 2) $f(x) = x^{-\frac{3}{7}}$; 3) $f(x) = x^{\sqrt{5}}$; 4) $f(x) = x^{-1+\sqrt{3}}$.

9.2. 1) $f(x) = x^{1,4}$; 2) $f(x) = x^{3,5}$; 3) $f(x) = x^{\pi}$; 4) $f(x) = x^{-\pi}$.

9.3. $y = f(x)$ функциясының графигіне $N(a;\ b)$ нүктесінде жүргізілген жанаманың теңдеуін жазыңдар:

1) $f(x) = x^{-\frac{1}{3}}$, $N\left(\frac{1}{27};\ 3\right)$; 2) $f(x) = x^{\frac{1}{3}} + x$, $N(1;\ 2)$;

3) $f(x) = x^{\frac{4}{3}}$, $N(1;\ 1)$; 4) $f(x) = x^{3} + 3x^{\frac{2}{3}}$, $N(1;\ 4)$.

9.4. $y = f(x)$ функциясының $[a;\ b]$ кесіндісіндегі ең үлкен және ең кіші мәндерін табыңдар:

1) $f(x) = x^{\frac{1}{2}}$, $[1;\ 4]$; 2) $f(x) = x^{-\frac{1}{3}}$, $[1;\ 8]$;

3) $f(x) = x^{\frac{2}{3}}$, $[-8;\ -1]$; 4) $f(x) = x^{\frac{1}{4}}$, $[1;\ 16]$.

9.5. $y = f(x)$ функциясының алғашқы функциясын жазыңдар:

1) $f(x) = x^{3\sqrt{2}}$; 2) $f(x) = -2x^{-\pi}$;

3) $f(x) = \frac{1}{4}x^{-4}$; 4) $f(x) = 0,5x^{-0,5}$.

9.6. Интегралды есептеңдер:

1) $\int_{1}^{8} x^{-\frac{1}{3}}dx$; 2) $\int_{1}^{4} \frac{dx}{x^{\frac{3}{2}}}$;

3) $\int_{16}^{81} 4x^{-\frac{1}{4}}dx$; 4) $\int_{1}^{32} 6x^{\frac{1}{5}}dx$.

9.7. Берілген қисықтармен шектелген жазық фигураның ауданын табыңдар:

1) $y = x^{-\frac{1}{2}}$, $x = 1$, $x = 4$, $y = 0$;

2) $y = \frac{1}{x^{6}}$, $x = 1$, $x = 2$, $y = 0$;

3) $y = x^{-\frac{1}{3}}$, $x = 1$, $x = 8$, $y = 0$;

4) $y = \frac{1}{x^{4}}$, $x = 1$, $x = 2$, $y = 0$.

B

9.8. $y = f(x)$ функциясының туындысын табыңдар:

1) $f(x) = x^{\sqrt{5}} + x^{2,5} + 10$; 2) $f(x) = x^{\sqrt{3}-3} - x^{-\frac{1}{8}} - 5,8$;

3) $f(x) = x^{-\frac{5}{6}} + (x-2)^{\sqrt{2}}$; 4) $f(x) = x^{\frac{3}{8}} - (1 + x^{3})^{-\frac{5}{4}}$.

9.9. $y = f(x)$ функциясының графигіне $N(a;\ b)$ нүктесінде жүргізілген жанаманың теңдеуін жазыңдар:

1) $f(x) = x^{\frac{1}{3}}$, $N\left(\frac{1}{8}; 2\right)$; 2) $f(x) = x^{-\frac{1}{4}} + 2x$, $N(1; 3)$;

3) $f(x) = x^{-\frac{4}{3}}$, $N(-1; 1)$; 4) $f(x) = x^3 - 3x^{\frac{2}{3}}$, $N(-1; -4)$.

9.10. $y = f(x)$ функциясының $[a; b]$ кесіндісіндегі ең үлкен және ең кіші мәнін табыңдар:

1) $f(x) = x^{\frac{3}{2}}$, $[1; 9]$; 2) $f(x) = x^{-5}$, $[2; 3]$;

3) $f(x) = x^{-\frac{2}{3}}$, $[8; 27]$; 4) $f(x) = x^{-\frac{1}{4}}$, $[1; 16]$.

9.11. $y = f(x)$ функциясының алғашқы функциясын жазыңдар:

1) $f(x) = x^{-1+\sqrt{5}} + x^{2,5}$; 2) $f(x) = -2x^{-53} + \sqrt{x}$;

3) $f(x) = x^{3+\sqrt{2}} + \sqrt[4]{x^3}$; 4) $f(x) = 5x^{-\sqrt{6}-1} - \sqrt[5]{x^2}$.

Интегралды есептеңдер (9.12-9.13):

9.12. 1) $\int_0^7 (x+1)^{-\frac{2}{3}} dx$; 2) $\int_{-4}^{3} \frac{dx}{(5+x)^{\frac{1}{3}}}$.

9.13. 1) $\int_0^5 5(1+3x)^{-0,75} dx$; 2) $\int_0^{155} 0,4\,(1+0,2x)^{-0,6} dx$.

9.14. Берілген қисықтармен шектелген жазық фигураның ауданын табыңдар:

1) $y = x^{-2}$, $x = 2$, $x = 3$, $y = 1$;
2) $y = -x^2$, $x = -1$, $x = 1$, $y = -2$;
3) $y = x^{-3}$, $x = -4$, $x = -1$, $y = -1$;
4) $y = -x^3$, $x = -3$, $x = -2$, $y = 2$.

ҒАЛЫМ-МАТЕМАТИК ЖАЙЛЫ ХАБАРЛАМА ДАЙЫНДАҢДАР

9.15. Швейцар математигі Иоганн Бернулли x^r функциясының анықталған интегралын табудың формуласын қорытып шығарған.

И. Бернулли
(1667—1748)

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. $\sqrt{0,64} + \sqrt[3]{-15\frac{5}{8}} + \sqrt[4]{16}$ өрнегінің мәнін есептеңдер:

A) 5,3; B) 0,3; C) 2,8; D) 3.

2. $a^{\frac{1}{2}} + 2b^{\frac{1}{4}}$ өрнегін квадраттаңдар:

A) $a + 2a^{\frac{1}{2}}b^{\frac{1}{4}} + 2b^{\frac{1}{2}}$; B) $a + 4a^{\frac{1}{2}}b^{\frac{1}{4}} + 4b^{\frac{1}{2}}$;

C) $a + 4b^{\frac{1}{2}}$; D) $a + 2a^{\frac{1}{2}}b^{\frac{1}{4}} + 4b^{\frac{1}{2}}$.

3. $\sqrt[5]{2^3 \cdot 3^2} \cdot \sqrt[5]{2^7 \cdot 3^3}$ өрнегінің мәнін есептеңдер:

A) 56; B) 18; C) 12; D) 36.

4. a-ның қандай мәнінде $\left(a^8\right)^{\frac{1}{4}} = a^2$ теңдігі ақиқат болады:

A) a — оң сан; B) a — кез келген сан;

C) ондай мән жоқ; D) a — теріс емес сан?

5. Арасында $12^{\frac{1}{4}}$ өрнегі орналасқан тізбектес екі бүтін санды атаңдар:

A) 1 және 2; B) 2 және 3;

C) 3 және 4; D) 4 және 5.

6. $\left(\sqrt[4]{x} - 2\sqrt[4]{y}\right) \cdot \left(\sqrt[4]{x} + 2\sqrt[4]{y}\right) + 4\sqrt[8]{y^7} : \sqrt[8]{y^3}$ өрнегін ықшамдаңдар:

A) $x^{\frac{1}{2}}$; B) $x^{\frac{1}{2}} - 8y^{\frac{1}{2}}$; C) $x^{\frac{1}{2}} - y^{\frac{1}{2}}$; D) $8y^{\frac{1}{2}}$.

7. $\left(\frac{8}{27}\right)^{-\frac{1}{3}} \cdot \left(\frac{4}{9}\right)^{\frac{1}{2}}$ мәні неге тең:

A) 1; B) $\frac{2}{9}$; C) 0,5; D) $\frac{1}{3}$?

8. Егер $c = \frac{1}{13}$ болса, онда $\sqrt[4]{625c^4} + \sqrt[5]{32c^5} + \sqrt{36c^2}$ өрнегінің мәнін табыңдар:

A) 13; B) −13; C) −1; D) 1.

9. $\frac{a - b}{a^{0,5}b^{0,5} - b}$ бөлшегін қысқартыңдар:

A) $\frac{a^{0,5} - b^{0,5}}{b^{0,5}}$; B) $\frac{a^{0,5} + b^{0,5}}{b^{0,5}}$; C) $\frac{a^{0,5}}{b}$; D) $\frac{a^{0,5} - b^{0,5}}{b}$.

10. $\sqrt[3]{54a^5b^7c^3}$ өрнегіндегі көбейткішті түбір таңбасының алдына шығарыңдар:

A) $54abc\sqrt[3]{a^2b}$;　　B) $3abc\sqrt[3]{ab^2}$;

C) $3ab^2c\sqrt[3]{2a^2b}$;　　D) $3abc\sqrt[3]{54a^2b}$.

11. $\dfrac{\sqrt{5}}{\sqrt{5}-\sqrt{b}}$ бөлшегінің бөлімін иррационалдықтан босатыңдар:

A) $\dfrac{\sqrt{5}}{5-b}$;　　B) $\dfrac{25+b}{5-b}$;　　C) $\dfrac{5+\sqrt{5b}}{5-b}$;　　D) $\dfrac{25-\sqrt{5b}}{5+b}$.

12. $x^4 - 16 = 0$ теңдеуінің неше түбірі бар:

A) бір түбірі бар;　　B) екі түбірі бар;

C) шексіз көп;　　D) төрт түбірі бар?

13. $\left(\dfrac{a^{\frac{1}{2}}-1}{a^{\frac{1}{2}}+1}\right)^{-1} \cdot \left(\dfrac{a^{\frac{1}{2}}-1}{a^{\frac{1}{2}}+1}\right)^{\frac{1}{2}} - \left(a^{\frac{1}{2}}-1\right)^{\frac{1}{2}} \cdot \left(a^{\frac{1}{2}}+1\right)^{-\frac{1}{2}}$ өрнегін ықшамдаңдар:

A) $\dfrac{2}{(a-1)^{\frac{1}{2}}}$;　　B) $\dfrac{2a^{\frac{1}{2}}}{(a-1)^{\frac{1}{2}}}$;　　C) 1;　　D) $\dfrac{2a^{\frac{1}{2}}+2}{(a-1)^{\frac{1}{2}}}$.

14. $y = x^{\frac{1}{4}}$ функциясының графигіне абсциссасы $x = 1$ болатын нүктеде жүргізілген жанаманың теңдеуін жазыңдар:

A) $y = \dfrac{1}{4}x - \dfrac{3}{4}$;　　B) $y = x - \dfrac{1}{4}$;

C) $y = \dfrac{1}{4}x + 2$;　　D) $y = \dfrac{1}{4}x + \dfrac{3}{4}$.

15. $\int_0^1 \dfrac{5}{4} x^{\frac{1}{4}} dx$ интегралының мәнін табыңдар:

A) 1;　　B) $\dfrac{25}{16}$;　　C) $-\dfrac{25}{16}$;　　D) -1.

16. $y = \sqrt{x}$, $y = 0$, $x = 4$ қисықтарымен шектелген жазық фигураның ауданын есептеңдер:

A) $\dfrac{8}{3}$;　　B) $\dfrac{3}{16}$;　　C) $\dfrac{16}{3}$;　　D) $\dfrac{2}{3}$.

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Теңдеу, теңдеудің түбірі, анықталу облысы, мәндес теңдеулер, n-ші дәрежелі түбір, дәрежеге шығару.

§ 10. ИРРАЦИОНАЛ ТЕҢДЕУ

Сендер иррационал теңдеудің анықтамасын білесіңдер, иррационал теңдеудегі айнымалының мүмкін болатын мәндер жиынын табуды үйренесіңдер.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Теңдеу, иррационал теңдеу, айнымалының мүмкін болатын мәндер жиыны, теңдеудің шешімі, бөгде түбір

ЕСКЕ ТҮСІРІҢДЕР

Кестені толтырыңдар:

3-кесте

	Теңдеудің атауы	Теңдеудің шешімі
$2x + 3 = -10$		
$x^2 + 2x - 3 = 0$		
$x^4 + 2x^2 - 3 = 0$		
$\frac{5 + x}{x - 6} = 0$		

Кестені толтыру барысында рационал теңдеулерді шешу жолдары еске түсірілді. Енді теңдеудің келесі түріне көшеміз.

$\sqrt{x} = 4$, $10 - \sqrt{x} = 4$, $10 - x^{\frac{1}{3}} = 4$ теңдеулерінің жоғарыда қарастырылған теңдеулерден қандай айырмашылығы бар?

Мұндай теңдеулер иррационал теңдеулердің мысалдары болады.

Анықтама. *Айнымалысы түбір таңбасының ішінде берілген немесе бөлшек көрсеткіштің негізінде берілген теңдеулер* ***иррационал теңдеулер*** *деп аталады.*

МЫСАЛ

1. $x + \sqrt{3x + 7} = 0$, $6 + x^{\frac{1}{3}} = 0$, $\sqrt[4]{x} = 16$, $2 - \sqrt[5]{x} = 1$ теңдеулері иррационал теңдеулер болады. Бірінші, үшінші және төртінші теңдеулерде айнымалы түбір ішінде, ал екінші теңдеуде айнымалы бөлшек көрсеткішті дәреженің негізінде берілген.

Сонымен қатар, бірінші және үшінші теңдеулердегі түбірдің көрсеткіші жұп сан, ал төртінші теңдеудегі түбірдің көрсеткіші тақ сан болады.

СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР: Көрсеткіші жұп сан болатын түбірлердің түбір ішіндегі өрнегінің мағынасы айнымалының мәні теріс емес болған жағдайында болады.

Сондықтан көрсеткіші жұп сан болатын түбірлері бар иррационал теңдеулерді шешу барысында арифметикалық квадрат түбір ұғымы ескеріледі және айнымалының мүмкін болатын мәндер жиыны ізделінеді.

$\sqrt[4]{x} = -16$ иррационал теңдеуінің шешімі неліктен бос жиын болады?

МЫСАЛ

2. $\sqrt{2x+3} = x$ иррационал теңдеуінде түбірдің көрсеткіші жұп екенін ескеріп, түбір таңбасының ішіндегі өрнектің айнымалының қандай мәндерінде мағынасы болатынын анықтау керек.

Демек, айнымалының мүмкін болатын мәндерін табу иррационал теңдеудің құрамдас бөлігі болып табылады.

Сендер айнымалының мүмкін болатын мәндер жиынын табу бойынша білімдеріңді кеңейтесіңдер.

МЫСАЛ

3. $\sqrt{2x+3} = x$ иррационал теңдеуіндегі айнымалының мүмкін болатын мәндер жиынын табайық.

Шешуі. Теңдеудегі түбірдің көрсеткіші жұп сан болғандықтан $\begin{cases} 2x+3 > 0, \\ x > 0 \end{cases}$ теңсіздіктер жүйесін аламыз. Будан $\begin{cases} x > -1,5, \\ x > 0 \end{cases}$ теңсіздіктер жүйесінің шешімі $[0; +\infty)$ аралығы болады (31-сурет).



31-сурет

Жауабы: $[0; +\infty)$.

МЫСАЛ

4. $\sqrt{2x+3} + \sqrt{4-x} = 0$ иррационал теңдеуіндегі айнымалының мүмкін болатынын мәндер жиынын табайық.

Шешуі. Теңдеуде квадрат түбірлер берілген, сондықтан $\begin{cases} 2x+3 > 0, \\ 4-x > 0 \end{cases}$ теңсіздіктер жүйесін аламыз. Будан $\begin{cases} x \geq -1,5, \\ x \leq 4 \end{cases}$ теңсіздіктер жүйесінің шешімі $[-1,5; 4]$ аралығы болады (32-сурет).



32-сурет

Жауабы: $[-1,5; 4]$.

$\sqrt{2x-1}+\sqrt{-4-x}=0$ иррационал теңдеуіндегі айнымалының мүмкін болатын мәндер жиыны бос жиын болатынын өздерің қарастырыңдар.

Иррационал теңдеуді шешу — оның шешімдер жиынын табу.

МЫСАЛ

5. 3 және -1 сандары $\sqrt{2x+3}=x$ иррационал теңдеуінің түбірлері бола ма?

Шешуі. Ол үшін сандарды берілген теңдеуге қоямыз. Яғни, $\sqrt{2\cdot 3+3}=3$ теңдігі ақиқат, ал $\sqrt{2\cdot(-1)+3}=-1$ теңдігі ақиқат емес екенін аламыз. Сонда 3 саны теңдеудің түбірі, ал -1 саны бөгде түбір болады.

Жауабы: 3 саны түбірі болады; -1 бөгде түбір.

1. Иррационал теңдеудің рационал теңдеуден қандай өзгешелігі бар?
2. Иррационал теңдеу мен рационал теңдеудің қандай ұқсастықтары бар?

Жаттығулар

A

10.1. Айнымалының қандай мәндерінде өрнектің мағынасы болады:

1) $\sqrt{x-5}$; 2) $\sqrt[4]{7-x}$; 3) $\sqrt[3]{x+16}$; 4) $\sqrt[5]{11-x}$?

10.2. Айнымалының мүмкін болатын мәндер жиынын табыңдар:

1) $\sqrt{x^2-8x}$; 2) $\sqrt[3]{x^2-25}$; 3) $\sqrt{6x+x^2}+x$; 4) $x+\sqrt{4x^2-49}$.

10.3. Түбірі берілген сан болатын иррационал теңдеуді құрастырыңдар:

1) $x=5$; 2) $x=-6$; 3) $x=-0{,}2$; 4) $x=2{,}3$.

10.4. Иррационал теңдеудің түбірлері тиісті болатын жиынды табыңдар:

1) $\sqrt{x+4}=x$; 2) $\sqrt{23-x}=x$; 3) $\sqrt{x^2-1}=2x$; 4) $\sqrt{5x+x^2}=3x$.

10.5. Берілген сан (сандар) иррационал теңдеудің түбірі (түбірлері) бола ма:

1) $\sqrt{x-5}=3$ және $x=14$; 2) $\sqrt[3]{7-x}=0$ және $x=-20$;

3) $\sqrt{2x+24}=0$ және $x=-4$, $x=6$;

4) $\sqrt{3x+2}=0$ және $x=2$, $x=1$?

B

10.6. Айнымалының қандай мәндерінде өрнектің мағынасы болады:

1) $\sqrt{x+4}+\sqrt{5-x}$; 2) $\sqrt{10-2x}+\sqrt{49+7x}$;

3) $\sqrt{x^2-9}+\sqrt{x-2}$; 4) $\sqrt{4+x}+\sqrt{16-x^2}$?

10.7. Айнымалының мүмкін болатын мәндер жиынын табыңдар:

1) $\sqrt{\dfrac{x+1}{15-x}}+x$; 2) $\sqrt{\dfrac{x-7}{8-x}}-x$;

3) $\sqrt{\dfrac{x}{x^2-36}}+\sqrt[3]{\dfrac{1}{x}}$; 4) $\sqrt[3]{\dfrac{3}{x+2}}-\sqrt{\dfrac{4-x^2}{x+1}}$.

10.8. Берілген сандар иррационал теңдеудің түбірлері бола ма:

1) $\sqrt{6x-x^2}=x$ және $x=0$, $x=-3$;

2) $\sqrt{14-20x-x^2}=x$ және $x=2$, $x=5$?

§ 11. ИРРАЦИОНАЛ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Сендер теңдеудің екі жағын бірдей n-ші дәрежеге шығару әдісі арқылы иррационал теңдеулерді шешуді үйренесіңдер.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Иррационал теңдеу, теңдеудің түбірі, теңдеуді шешу тәсілі

Иррационал теңдеулерді шешудің екі тәсілін қарастырамыз:

1) теңдеудің екі жақ бөлігін бірдей дәрежеге шығару;

2) жаңа айнымалы енгізу.

АЛГОРИТМ

I. Теңдеудің екі жағын бірдей дәрежеге шығару тәсілі арқылы иррационал теңдеулерді шешу алгоритмі:

1) берілген иррационал теңдеуді түрлендіру арқылы $\sqrt[n]{f(x)}=g(x)$ түріне келтіру;

2) теңдеудің екі жақ бөлігін n-ші дәрежеге шығарып $\left(\sqrt[n]{f(x)}\right)^n=(g(x))^n$, шешу әдісі белгілі $f(x)=g^n(x)$ теңдеуін алу;

3) соңғы теңдеуді шешу; табылған түбірлерді берілген теңдеуге қойып тексеру;

4) теңдеуді қанағаттандыратын түбірлерді теңдеудің түбірлері ретінде алу.

МЫСАЛ

1. $x+\sqrt{3x+7}=7$ теңдеуін шешейік.

Шешуі. Радикалы бар өрнекті теңдіктің сол жағында қалдырып, теңдеудің қалған мүшелерін теңдіктің оң жағына шығарамыз: $\sqrt{3x+7}=7-x$. Теңдеудің екі жақ бөлігін квадраттаймыз: $\left(\sqrt{3x+7}\right)^2=(7-x)^2$. Осыдан $3x+7=49-14x+x^2$ немесе $x^2-17x+42=0$. Соңғы теңдеудің түбірлері $x_1=3$ және $x_2=14$.

Табылған x-тің мәндерін берілген теңдеуге қойып, теңдіктің орындалатынын тексереміз:

1) $x_1=3$ түбірін x-тің орнына қойсақ, $3+\sqrt{3\cdot3+7}=7$; $3+\sqrt{16}=7$; $3+4=7$; $7\equiv7$, яғни теңдік орындалады.

Бірінші түбір берілген иррационал теңдеуді қанағаттандырады.

2) $x_2 = 14$, яғни $14 + \sqrt{3 \cdot 14 + 7} = 7$; $14 + \sqrt{49} = 7$; $14 + 7 = 7$; $21 \neq 7$. Екінші түбір берілген иррационал теңдеуді қанағаттандырмайды. Демек, $x_2 = 14$ бөгде түбір.

Жауабы: 3.

МЫСАЛ 2. $\sqrt{x-1} + \sqrt{2x+6} = 6$ теңдеуін шешейік.

Шешуі. Теңдеуді шешу үшін түбір таңбасы бар өрнектердің біреуін теңдеудің сол жақ бөлігінде қалдырып, екіншісін теңдеудің оң жақ бөлігіне көшіреміз: $\sqrt{2x+6} = 6 - \sqrt{x-1}$. Теңдеуді шешу үшін оның екі жақ бөлігін екінші дәрежеге шығарамыз: $\left(\sqrt{2x+6}\right)^2 = \left(6 - \sqrt{x-1}\right)^2$, $2x + 6 = 36 - 12\sqrt{x-1} + x - 1$ немесе $12\sqrt{x-1} = 29 - x$. Иррационал теңдеу шыққандықтан, соңғы теңдеудің екі жақ бөлігін екінші рет квадраттаймыз: $144(x-1) = (29-x)^2$, $144x - 144 = 841 - 58x + x^2$; $x^2 - 202x + 985 = 0$. Шыққан теңдеудің түбірлері: $x_1 = 5$ және $x_2 = 197$.
Тексеру жүргізе отырып $x_1 = 5$ берілген теңдеудің түбірі болатынын, ал $x_2 = 197$ бөгде түбір екенін анықтаймыз.

Жауабы: 5.

МЫСАЛ 3. $\sqrt{x-2} + \sqrt{x+3} = \sqrt{6x-11}$ теңдеуін шешейік.

Шешуі. Берілген теңдеу қарастырылған теңдеулерден бірнеше радикал белгісімен ерекшеленеді. Сондықтан түрлендіру жасамай, бірден теңдеудің екі жақ бөлігін квадраттаймыз:

$$(\sqrt{x-2} + \sqrt{x+3})^2 = (\sqrt{6x-11})^2;$$

$$x - 2 + 2\sqrt{x-2} \cdot \sqrt{x+3} + x + 3 = 6x - 11;$$

$$2\sqrt{x-2} \cdot \sqrt{x+3} = 4x - 12 \text{ немесе } \sqrt{x-2} \cdot \sqrt{x+3} = 2x - 6.$$

Соңғы теңдеуді тағы да квадраттаймыз: $(x-2)(x+3) = (2x-6)^2$ немесе $3x^2 - 25x + 42 = 0$. Бұл теңдеудің түбірлері $x_1 = \frac{7}{3}$, $x_2 = 6$.

Табылған түбірлер үшін теңдіктің орындалатынын тексерейік: $x_1 = \frac{7}{3}$ түбірі үшін $\sqrt{\frac{7}{3} - 2} + \sqrt{\frac{7}{3} + 3} = \sqrt{6 \cdot \frac{7}{3} - 11}$; $\sqrt{\frac{1}{3}} + \sqrt{\frac{16}{3}} \neq \sqrt{3}$. Демек, $x_1 = \frac{7}{3}$ — бөгде түбір.

Енді $x_2 = 6$ үшін тексереміз: $\sqrt{6-2} + \sqrt{6+3} = \sqrt{6 \cdot 6 - 11}$; $2 + 3 = 5$; $5 \equiv 5$.
Демек, $x_2 = 6$ берілген иррационал теңдеудің түбірі болады.

Жауабы: 6.

! Сендер айнымалыны алмастыру әдісі арқылы иррационал теңдеулерді шешуді үйренесіңдер.

II. ***Иррационал теңдеуді жаңа айнымалы енгізу арқылы шешу.***

МЫСАЛ

4. $\sqrt{\frac{3x-2}{2x+3}}+\sqrt{\frac{2x+3}{3x-2}}=2,5$ теңдеуін шешейік.

Шешуі. $\sqrt{\frac{3x-2}{2x+3}}=t>0$ жаңа айнымалысын енгізейік. Сонда $\sqrt{\frac{2x+3}{3x-2}}=\frac{1}{t}$ болады. Осыны ескерсек, берілген иррационал теңдеудің орнына $t+\frac{1}{t}=2,5$ теңдеуін аламыз. Шыққан бөлшек-рационал теңдеуді бүтін теңдеуге келтіреміз: $t^2-2,5t+$ $+1=0$, бұдан $t_1=2$; $t_2=\frac{1}{2}$. Түбірлерді ескерсек, $\sqrt{\frac{3x-2}{2x+3}}=2$ және $\sqrt{\frac{3x-2}{2x+3}}=\frac{1}{2}$ иррационал теңдеулерін аламыз. Енді шыққан иррационал теңдеулерді шешеміз.

1) $\sqrt{\frac{3x-2}{2x+3}}=2$ теңдеуінің екі жақ бөлігін екінші дәрежеге шығарамыз: $\frac{3x-2}{2x+3}=4$ немесе $3x-2=8x+12$, бұдан $x=-2,8$.

2) $\sqrt{\frac{3x-2}{2x+3}}=\frac{1}{2}$ теңдеуінің екі жақ бөлігін екінші дәрежеге шығарамыз: $\frac{3x-2}{2x+3}=\frac{1}{4}$ немесе $12x-8=2x+3$, бұдан $x=1,1$.

Табылған түбірлердің берілген теңдеуді қанағаттандыратынын тексерейік.

$x=-2,8$ үшін $\sqrt{\frac{3\cdot(-2,8)-2}{2\cdot(-2,8)+3}}+\sqrt{\frac{2\cdot(-2,8)+3}{3\cdot(-2,8)-2}}=\sqrt{\frac{-8,4-2}{-5,6+3}}+\sqrt{\frac{-5,6+3}{-8,4-2}}=$ $=\sqrt{4}+\sqrt{\frac{1}{4}}=2+\frac{1}{2}=2,5.$

$x=-2,8$ түбірі берілген иррационал теңдеуді қанағаттандырады.

$x=1,1$ үшін $\sqrt{\frac{3\cdot1,1-2}{2\cdot1,1+3}}+\sqrt{\frac{2\cdot1,1+3}{3\cdot1,1-2}}=\sqrt{\frac{1,3}{5,2}}+\sqrt{\frac{5,2}{1,3}}=\frac{1}{2}+2=2,5.$

$x=1,1$ мәні де берілген иррационал теңдеуді қанағаттандырады.

Жауабы: 1,1; −2,8.

МЫСАЛ

5. $\sqrt[5]{(x-2)^2}-\sqrt[5]{x-2}=2$ теңдеуін шешейік.

Шешуі. Берілген иррационал теңдеуді жаңа айнымалы енгізу тәсілімен шешеміз. $\sqrt[5]{x-2}=u$ деп алсақ, $\sqrt[5]{(x-2)^2}=u^2$. Берілген теңдеу жаңа айнымалы енгізу арқылы квадрат теңдеуге келтіріледі: $u^2-u-2=0$. Бұл теңдеудің түбірлері: $u_1=-1$; $u_2=2$. Сонда $\sqrt[5]{x-2}=-1$ және $\sqrt[5]{x-2}=2$ иррационал теңдеулерін аламыз. Енді алынған теңдеулерді шешейік:

1) $\sqrt[5]{x-2}=-1$ теңдеуін шешу үшін оның екі жақ бөлігін бесінші дәрежеге шығарамыз: $\left(\sqrt[5]{x-2}\right)^5=(-1)^5$, бұдан $x-2=-1$ немесе $x_1=1$;

2) $\sqrt[5]{x-2}=2$ теңдеуін шешу үшін теңдеудің екі жақ бөлігін бесінші дәрежеге шығарамыз: $\left(\sqrt[5]{x-2}\right)^5=2^5$, $x-2=2^5$, бұдан $x-2=32$, $x_2=34$. Бұл алынған $x_1=1$ және $x_2=34$ түбірлері берілген теңдеуді қанағаттандырады.

Жауабы: 1; 34.

Шешімдері көрсетілген барлық есептерде түбірлердің теңдеуді қанағаттандыратынын тексердік. Иррационал теңдеулердің түбірлерін табудан бұрын түбірлері болатын жиын анықталса, онда анықталған жиынға ғана тиісті түбірлерді тексерген жеткілікті, ал тиісті емес түбірлер бірден бөгде түбір болады. Осыған мысал қарастырайық.

МЫСАЛ

6. $\sqrt{2x+1} + \sqrt{x-3} = 2\sqrt{x}$ теңдеуін шешейік.

Шешуі. Алдымен берілген теңдеудің шешімдері болатын жиынды анықтайық. Теңдеудегі радикалдардың әрқайсысы квадрат түбірлер болғандықтан, мына теңсіздіктер жүйесін аламыз:

$$\begin{cases} 2x+1 > 0, \\ x-3 > 0, \\ x > 0 \end{cases} \quad \text{немесе} \quad \begin{cases} x > -\dfrac{1}{2}, \\ x > 3, \\ x > 0. \end{cases}$$



33-сурет

Әрбір теңсіздіктің шешімдер жиынын жеке координаталық түзуге белгілеп, аралықтардың қиылысуын табайық (33-сурет). Сонда x айнымалысының мүмкін болатын мәндер жиыны $[3; +\infty)$ аралығы болады.

Сонымен, берілген иррационал теңдеудің түбірлері $[3; +\infty)$ аралығынан болуы тиіс. Енді берілген $\sqrt{2x+1} + \sqrt{x-3} = 2\sqrt{x}$ теңдеуін шешеміз. Ол үшін теңдеудің екі жағын квадраттаймыз: $\left(\sqrt{2x+1} + \sqrt{x-3}\right)^2 = \left(2\sqrt{x}\right)^2$, бұдан $2x+1+2\sqrt{2x+1}\cdot\sqrt{x-3}+$ $+x-3=4x$ немесе $2\cdot\sqrt{2x+1}\cdot\sqrt{x-3} = x+2$. Соңғы теңдеуді тағы да квадраттаймыз. Сонда $4(2x+1)(x-3) = x^2+4x+4$; $8x^2+4x-24x-12 = x^2+4x+4$ немесе $7x^2-24x-16=0$, ал түбірлері $x_1 = 4$ және $x_2 = -\dfrac{4}{7}$.

$x_1 = 4$ түбірі берілген теңдеудің шешімі болатын жиынға тиісті. Демек, бұл түбір үшін тексеру жүргізіп, оның берілген теңдеуді қанағаттандыратынын көреміз.

Екінші түбір $x_2 = -\dfrac{4}{7}$ теңдеудің шешімі болатын жиынға, яғни $x > 3$ жиынына тиісті болмағандықтан, тексеру жүргізбей бірден оны бөгде түбір деп айта аламыз.

Жауабы: 4.

?

1. Иррационал теңдеулерді шешкенде не себептен бөгде түбір пайда болады?
2. Иррационал теңдеулердің түбірлерін міндетті түрде тексеру керек пе? Жауабын түсіндіріңдер.
3. Мүмкін болатын мәндер жиыны белгілі болған жағдайда иррационал теңдеудің бөгде түбірлерін қалай көрсетуге болады?

Жаттығулар

А

Теңдеулерді шешіңдер (**11.1—11.4**):

11.1. 1) $\sqrt{x+2} = 4$; 2) $\sqrt{x^2-28} = 6$;

3) $\sqrt[3]{3-x^2}=-1$;   4) $\sqrt[4]{x^3-11}=2$.

11.2. 1) $\sqrt{x+2}=x$;   2) $\sqrt{4x-3}=x$;

3) $\sqrt[3]{1-x^3}=1-x$;   4) $\sqrt[4]{x^4+x^2-1}=x$.

11.3. 1) $x+\sqrt{x+3}=3$;   2) $\sqrt{2x+18}-5=x$;

3) $\sqrt[3]{x^3-8}+2=x$;   4) $\sqrt[3]{4x+3x^3}=x$.

11.4. 1) $\sqrt{3x+4}=2-x$;   2) $\sqrt{2x^2-3x+2}=2x-2$;

3) $\sqrt{7-3x}=1-x$;   4) $\sqrt{2x^3-5x+4}=2x+2$.

B

Теңдеулерді шешіңдер (**11.5—11.9**):

11.5. 1) $\sqrt{3x+1}-\sqrt{x-1}=2$;   2) $\sqrt{2x-6}+\sqrt{x+1}=2$;

3) $x-1+\sqrt{x-1}=2$;   4) $\sqrt{2x+1}+\sqrt{x-3}=2\sqrt{x}$.

11.6. 1) $\sqrt{(4x+5)(3x-2)}=4x+5$;   2) $\sqrt{(3x-1)(4x+3)}=3x-1$;

3) $\sqrt{x+1}-\sqrt{9-x}=\sqrt{2x-12}$;   4) $\sqrt{x+3}-\sqrt{2x-1}=\sqrt{3x-2}$.

11.7. 1) $\sqrt{x+2}-\sqrt{2x-3}=\sqrt{4x-7}$;   2) $\sqrt{x}+\sqrt{x-3}=\sqrt{3(x-1)}$;

3) $\sqrt{x+1}+\sqrt{x-1}=\sqrt{3x-1}$;   4) $\sqrt{4x+8}-\sqrt{3x-2}=\sqrt{x+2}$.

11.8. 1) $\sqrt{3-x}+\dfrac{6}{\sqrt{3-x}}=5$;   2) $x^2-x+\sqrt{x^2-x+9}=3$;

3) $\sqrt{2-x}+\dfrac{4}{\sqrt{2-x}+3}=2$;   4) $\sqrt{\dfrac{x}{x+1}}+2\sqrt{\dfrac{x+1}{x}}=3$.

11.9. 1) $\sqrt{\dfrac{3x-5}{3x+5}}+\left(\dfrac{3}{4}x+2\right)\cdot\sqrt{9x^2-25}=0$;

2) $\sqrt{\dfrac{6x-5}{6x+5}}+(3x+4)\cdot\sqrt{36x^2-25}=0$;

3) $\dfrac{2}{\sqrt{2-x}}=\sqrt{\dfrac{x+6}{x+3}}$;

4) $\dfrac{x+1}{\sqrt{3x+1}}=\sqrt{2x+1}$.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. $\sqrt{x^2 - 8x}$ өрнегіндегі айнымалының мүмкін болатын мәндер жиыны:

A) $(0; 8)$; B) $[0; 8]$; C) $(-\infty; 0) \cup (8; +\infty)$;

D) $(-\infty; 0] \cup [8; +\infty)$; E) $(0; 8]$.

2. $\sqrt{64 - x^2}$ өрнегіндегі айнымалының мүмкін болатын мәндер жиыны:

A) $(-8; 8)$; B) $[-8; 8]$; C) $(-\infty; -8) \cup (8; +\infty)$;

D) $(-\infty; -8] \cup [8; +\infty)$; E) $(-8; 8]$.

3. $y = 2 - \sqrt{x^2 + 3}$ функциясының анықталу облысын табыңдар:

A) $(-\infty; -3)$; B) $[-\infty; \sqrt{3}]$; C) кез келген сан; D) $[\sqrt{3}; +\infty)$.

4. $\sqrt{x - 4} = 7$ теңдеуін шешіңдер:

A) 0; B) 49; C) 50; D) 53.

5. $\sqrt{2x + 3} = x$ теңдеуінің түбірі неге тең:

A) -3; B) 1; C) 3; D) -1?

6. $\sqrt{3x - 5} = x - 3$ теңдеуін шешіңдер:

A) 2,7; B) 7; C) 2; D) шешімі жоқ.

7. $\sqrt{x + 4} = \sqrt{5 - x}$ теңдеуінің түбірлерін табыңдар:

A) 4,5; B) $-4,5$; C) $-0,5$; D) 0,5; E) бос жиын.

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Функция ұғымы, оның қасиеттері мен графигі, функцияның шегі, туындысы, дәреже, дәреженің негізі және көрсеткіші, үзіліссіздік.

IV ТАРАУ

КӨРСЕТКІШТІК ЖӘНЕ ЛОГАРИФМДІК ФУНКЦИЯЛАР

§ 12. КӨРСЕТКІШТІК ФУНКЦИЯ, ОНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ГРАФИГІ

Сендер көрсеткіштік функция ұғымымен таныcасыңдар.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Функция, функция графигі, көрсеткіштік функция, анықталу облысы, мәндер жиыны, функцияның қасиеттері

Анықтама.

$$y = a^x,\ a > 0,\ a \neq 1 \qquad (1)$$

формуласы арқылы берілген функцияны ***көрсеткіштік функция*** *деп атайды.*

Мұндағы a саны — көрсеткіштік функцияның *негізі*, ал тәуелсіз айнымалы x — дәреженің *көрсеткіші*.

Көрсеткіштік функцияның негізгі қасиеттері:

1) анықталу облысы — барлық нақты сандар жиыны, яғни $x \in R$;

2) мәндер жиыны — барлық оң нақты сандар жиыны, яғни $y \in R_+$;

3) негізі $a > 1$ болғанда функция анықталу облысында өспелі, ал $0 < a < 1$ болғанда кемімелі функция;

4) барлық $x \in R$ нақты сандар жиынында $y = a^x$ ($a > 0$, $a \neq 1$) функциясы үзіліссіз;

5) кез келген $a > 0$ үшін $a^0 = 1$, демек, $y = a^x$ функциясының графигі координаталары (0; 1) болатын нүкте арқылы өтеді.

Көрсеткіштік функция үшін x және y-тің кез келген нақты мәндерінде мына теңдіктер орындалады:

$$a^x \cdot a^y = a^{x+y};\ \frac{a^x}{a^y} = a^{x-y};\ (ab)^x = a^x \cdot b^x;\ \left(\frac{a}{b}\right)^x = \frac{a^x}{b^x};\ (a^x)^y = a^{xy}.$$

Функцияның жоғарыда аталған қасиеттерін дәлелдейік.

Дәлелдеу. 1) Негізі $a > 0$ болғанда, x-тің кез келген мәні үшін a^x дәрежесін есептеуге болады. Олай болса, $y = a^x$ функциясының анықталу облысы — барлық нақты сандар жиыны.

2) $y = a^x$, $a > 0$, $a \neq 1$ функциясының мәні кез келген x нақты саны үшін оң сан. Демек, $y = a^x$ функциясының мәндер жиыны барлық оң нақты сандар жиыны болады.

3) Ox осінің бойынан кез келген x_1 және x_2 ($x_1 < x_2$) нүктелерін (сандарын) алсақ, осы екі нүктеге сәйкес келетін функция мына мәндерді қабылдайды: $y_1 = a^{x_1}$, $y_2 = a^{x_2}$.

$a > 1$ жағдайында кіші аргументке функцияның кіші мәні, үлкен аргументке функцияның үлкен мәні сәйкес болғандықтан, $a^{x_1} < a^{x_2}$. Осы заңдылық функцияның анықталу облысының жиынындағы кез келген екі нүкте үшін орындалады. Олай болса, $a > 1$ болғанда $y = a^x$ функциясы — өспелі функция.

Көрсеткіштік функцияның негізі $0 < a < 1$ болғанда жоғарыда айтылған заңдылық керісінше орындалады, кіші аргументке функцияның үлкен мәні, үлкен аргументке функцияның кіші мәні сәйкес болғандықтан $a^{x_1} > a^{x_2}$. Демек, $0 < a < 1$ аралығында $y = ax$ функциясы — кемімелі функция.

Сендер көрсеткіштік функцияның графигін салуды үйренесіңдер.

Мысал ретінде $y = 3^x$ және $y = \left(\frac{1}{3}\right)^x$ функцияларының графиктерін қарастырайық.

I. $y = 3^x$ функциясының графигін салу үшін төмендегі кестені құрамыз:

4-кесте

x	-3	-2	-1	0	1	2	3
$y = 3^x$	$\frac{1}{27}$	$\frac{1}{9}$	$\frac{1}{3}$	1	3	9	27

$\left(-3; \frac{1}{27}\right)$, $\left(-2; \frac{1}{9}\right)$, $\left(-1; \frac{1}{3}\right)$, $(0; 1)$, $(1; 3)$, $(2; 9)$, $(3; 27)$ нүктелерін координаталық жазықтыққа түсіргеннен кейін оларды қоссақ, $y = 3^x$ функциясының графигін аламыз (34-сурет).

Графиктен берілген функцияның өспелі функция екенін байқаймыз.



34-сурет

II. $y = \left(\frac{1}{3}\right)^x$ функциясының графигін салу үшін мына кестені құрамыз:

5-кесте

x	-3	-2	-1	0	1	2	3
$y = \left(\frac{1}{3}\right)^x$	27	9	3	1	$\frac{1}{3}$	$\frac{1}{9}$	$\frac{1}{27}$

$(-3; 27)$, $(-2; 9)$, $(-1; 3)$, $(0; 1)$, $\left(1; \frac{1}{3}\right)$, $\left(2; \frac{1}{9}\right)$, $\left(3; \frac{1}{27}\right)$ нүктелерін координаталық жазықтыққа түсіріп және оларды қоссақ, $y = \left(\frac{1}{3}\right)^x$ функциясының графигін аламыз (35-сурет).



35-сурет

Графиктен берілген функцияның анықталу облысында кемімелі екенін көреміз.

Енді $y = a^x$, $a > 0$, $a \neq 1$ функциясының графигін жалпы түрде берейік.

$a > 1$ болғандағы $y = a^x$, $a > 0$, $a \neq 1$ функциясының графигі 36-суретте, ал $0 < a < 1$ болғандағы графигі 37-суретте көрсетілген.

$y = 3^x$ және $y = \left(\frac{1}{3}\right)^x$ көрсеткіштік функцияларының графиктерін бір координаталық жазықтыққа салайық (38-сурет). Суреттен аталған функциялардың графиктері Oy осіне қарағанда симметриялы екенін көреміз. Осыдан мына тұжырымды аламыз: *егер екі көрсеткіштік функцияның негіздері өзара кері сандар болса, онда ол функциялардың графиктері Oy осіне қарағанда симметриялы.*



36-сурет



37-сурет



38-сурет

4) Көрсеткіштік функцияның үзіліссіздігін дәлелдейік.

$y = a^x$, $a > 0$, $a \neq 1$ функциясы берілсін. Аргумент x-ке Δx өсімше берсек, аргумент өсімшесіне сәйкес функция да өсімше қабылдайды:

$$\Delta y = a^{x+\Delta x} - a^x = a^x \cdot a^{\Delta x} - a^x = a^x\,(a^{\Delta x} - 1).$$

Енді осы өсімшенің $\Delta x \to 0$ ұмтылғандағы шегін табайық:

$$\Delta y \to a^x \cdot (a^0 - 1) = 0.$$

Аргументтің шексіз аз өсімшесіне функцияның да шексіз аз өсімшесі сәйкес келеді. Осы заңдылық $y = a^x$ функциясы үшін аргументтің анықталу облысының кез келген нүктесінде орындалады. Демек, $y = a^x$ функциясы өзінің анықталу облысының кез келген нүктесінде үзіліссіз.

Сендер көрсеткіштік функция қасиеттерін есептер шығаруда қолдануды үйренесіңдер.

МЫСАЛ **1.** $y = 5^{x-1} + 1$ функциясының графигін салайық.

Шешуі. Алдымен $y = 5^x$ функциясының графигін салу керек. Ол үшін $a = 5 > 1$ екенін ескеріп 36-сурет бойынша барлық нақты сандар жиынында өспелі функцияның графигін жүргіземіз. Одан кейін салынған графикті Ox осі бойымен бір бірлікке оң бағытта параллель көшіреміз. Шыққан графикті Oy осі бойымен бір бірлікке жоғары параллель көшіреміз (39-сурет).

МЫСАЛ **2.** $0,27^4$ және $0,27^{10}$ сандарын салыстырайық.

Шешуі. Берілген сандардың негіздері бірдей және 0,27-ге тең. Осы негізді 1 санымен салыстырамыз: $0,27 < 1$, бұл жағдайда көрсеткіштік функция кемімелі. Демек, кіші аргументке функцияның үлкен мәні сәйкес. Сондықтан $0,27^4 > 0,27^{10}$.

Жауабы: $0,27^4 > 0,27^{10}$.

МЫСАЛ **3.** $y = 2^x$ және $y = x^2$ функцияларының графиктері неше нүктеде қиылысатынын көрсетейік.

Шешуі. Ол үшін бір координаталық жазықтыққа $y = 2^x$ және $y = x^2$ функцияларының графиктерін саламыз. Бірінші функция көрсеткіштік функция және негізі 1-ден үлкен. Демек, $y = 2^x$ функциясының графигі (0; 1) нүктесі арқылы өтетін және R-де өспелі қисық. Ал $y = x^2$ функциясының графигі төбесі (0; 0) нүктесі болатын, тармақтары жоғары бағытталған парабола. Графиктер A және B нүктелерінде қиылысады (40-сурет).

Жауабы: екі нүктеде қиылысады.



39сурет



40-сурет

?

1. Көрсеткіштік функцияның өспелі немесе кемімелі екенін қалай анықтауға болады?
2. Неге барлық көрсеткіштік функциялардың графиктері (0; 1) нүктесінен өтеді? Жауабын түсіндіріңдер.
3. Неге $y = a^x$, $a > 0$, $a \neq 1$ функциясы жоғарыдан шектелмеген, ал төменнен шектелген ($a > 1$ және $0 < a < 1$ жағдайлары үшін қарастырыңдар)?

Жаттығулар

А

$y = f(x)$ функциясының графигін салыңдар (**12.1-12.2**):

12.1. 1) $f(x) = 5^x$; 2) $f(x) = 1,5^x$;

3) $f(x) = 0,85^x$; 4) $f(x) = \left(\frac{2}{3}\right)^x$.

12.2. 1) $f(x) = \left(\frac{1}{4}\right)^x$; 2) $f(x) = \left(1\frac{1}{6}\right)^x$;

3) $f(x) = \left(\frac{6}{7}\right)^x$; 4) $f(x) = 4^x$.

12.3. Берілген график бойынша функцияның қасиеттерін атаңдар (41-сурет):

41-сурет

12.4. $y = f(x)$ функциясының мәндер жиынын табыңдар:

1) $f(x) = 0,24^x + 3$; 2) $f(x) = \left(\frac{3}{4}\right)^x - 2$;

3) $f(x) = -7^x + 1$; 4) $f(x) = 36^x - 4$.

12.5. Сандарды салыстырыңдар:

1) $1,8^3$ және 2^3; 2) $0,8^2$ және $0,54$;

3) $0,5^3$ және $0,5^7$; 4) $3,2^{1,6}$ және $3,2^{1,7}$;

5) $0,2^{\sqrt{2}}$ және $0,2^{1,4}$; 6) 3^{π} және $3^{3,149}$.

12.6. 1; 8; 32; $\frac{1}{64}$; 0,25; 0,0625 сандарын 2 санының дәрежесі ретінде жазыңдар.

12.7. Есептеңдер:

1) $4^{1-3\sqrt{2}} \cdot 64^{\sqrt{2}-1}$; 2) $\left(\left(\sqrt[3]{5}\right)^{\sqrt{3}}\right)^{\sqrt{3}}$;

3) $49^{\sqrt{7}} : 7^{2\sqrt{7}}$; 4) $6^{2\sqrt{5}+1} : 36^{\sqrt{5}}$.

12.8. Ықшамдаңдар:

1) $\left(\frac{1}{a}\right)^{3+\sqrt{3}} \cdot a^{\sqrt{3}+2}$; 2) $\left(a^{\sqrt{6}}\right)^{\sqrt{6}} \cdot \left(a^{\sqrt{5}+1} : a^{\sqrt{5}}\right)$;

3) $b^{3,5} : \left(b\sqrt{b^{3}}\right)$; 4) $b^{\sqrt{5}} \cdot b^{1,4} : \sqrt[5]{b^{5\sqrt{5}}}$.

12.9. $y = f(x)$ және $y = g(x)$ функцияларының графиктері неше нүктеде қиылысатынын көрсетіңдер:

1) $f(x) = 3^{x}$ және $g(x) = 3x$; 2) $f(x) = \left(\frac{1}{6}\right)^{x}$ және $g(x) = x^{2}$;

3) $f(x) = 7^{x}$ және $g(x) = \frac{1}{x}$; 4) $f(x) = \left(\frac{3}{4}\right)^{x}$ және $g(x) = x^{3}$.

B

12.10. $y = a^{x}$ функциясының графигіне қарапайым түрлендірулерді қолданып $y = g(x)$ функциясының графигін салыңдар:

1) $g(x) = \left(\frac{1}{2}\right)^{x} - 2$; 2) $g(x) = 4^{x} + 3$;

3) $g(x) = (2,5)^{x-1} + 2$; 4) $g(x) = (2,25)^{x+3} - 4$.

12.11. $y = f(x)$ функциясының мәндер жиынын табыңдар:

1) $f(x) = 4^{x} - 5,6$; 2) $f(x) = (0,35)^{x} + 3$;

3) $f(x) = \left(\frac{2}{5}\right)^{x+1} - 1$; 4) $f(x) = 1 - 3^{x}$.

12.12. Салыстырыңдар:

1) $\left(\left(\sqrt{3}\right)^{\sqrt{2}}\right)^{\sqrt{2}}$ және $3^{1,5}$;

2) $\left(\frac{1}{6}\right)^{\sqrt{5}}$ және $6^{-2,25}$;

3) $(7 - 4\sqrt{3})^{3,5}$ және $(7 - 4\sqrt{3})^{3,5}$;

4) $(5 + 2\sqrt{6})^{3,3}$ және $(5 + 2\sqrt{6})^{-3,1}$.

12.13. $y = g(x)$ функциясының ең үлкен және ең кіші мәндерін табыңдар:

1) $g(x) = 3^{\cos x}$; 2) $g(x) = 2^{\sin x}$;

3) $g(x) = \left(\frac{1}{8}\right)^{2\sin x}$; 4) $g(x) = 4 - 16^{\frac{1}{2}\cos x}$.

12.14. Егер:

1) $b = 5$ болса, онда $\left(b^{4}\sqrt{b}\right)^{\frac{1}{5}} \cdot \left(b^{3}\sqrt{b}\right)^{\frac{1}{7}}$;

2) $b = 3$ болса, онда $\left(b^{3}\sqrt{b}\right)^{\frac{4}{7}} \cdot \left(b^{5}\sqrt[3]{b}\right)^{\frac{9}{16}}$;

3) $b = 2$ болса, онда $\left(b^3\sqrt[3]{b}\right)^{\frac{3}{5}} \cdot \left(b^2\sqrt[4]{b}\right)^{\frac{8}{9}}$;

4) $b = 4$ болса, онда $\left(b\sqrt[4]{b}\right)^{\frac{8}{5}} \cdot \left(b^2\sqrt[5]{b}\right)^{\frac{5}{11}}$ өрнегінің мәнін табыңдар.

12.15. $y = f(x)$ және $y = g(x)$ функцияларының графиктері неше нүктеде қиылысатынын көрсетіңдер:

1) $f(x) = 5^x$ және $g(x) = 6 - x$;

2) $f(x) = \left(\frac{1}{4}\right)^x$ және $g(x) = 3 - x$;

3) $f(x) = 2^x - 2$ және $g(x) = 1 - x$;

4) $f(x) = 3^{-x}$ және $g(x) = -\frac{3}{x}$.

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Дәреже, дәреженің негізі және қасиеттері, көрсеткіштік функция, оның қасиеттері мен графигі.

§ 13. САННЫҢ ЛОГАРИФМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

Сендер санның логарифмі ұғымымен танысасыңдар.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Сан, логарифм, ондық логарифм, натурал логарифм, e саны

Анықтама. *Негізі a болатын оң* ***b санының логарифмі*** *деп b санына тең болатын негіздің дәреже көрсеткішін айтамыз.*

Логарифмнің белгіленуі: log.

Логарифмнің жалпы түрі: $\log_a b$, мұндағы a — *логарифмнің негізі,* b — *логарифм таңбасының астындағы өрнек.*

Логарифмнің жалпы түрінің оқылуы: негізі a болатын b санының логарифмі.

Анықтама бойынша

$$\log_a b = u, \ a > 0, \ a \neq 1, \ b > 0, \qquad (1)$$

яғни $a^u = b > 0$.

Мысалы: $\log_5 25 = 2$, өйткені $5^2 = 25$; $\log_{\frac{1}{3}}\frac{1}{81} = 4$, өйткені $\left(\frac{1}{3}\right)^4 = \frac{1}{81}$.

МЫСАЛ 1. 16; 64; $\frac{1}{8}$; $\frac{1}{128}$ сандарының негізі 2 болатын логарифмдерін табайық.

Шешуі. Логарифмдерді табу үшін (1)-формуланы пайдаланамыз:

$\log_2 16 = 4$, себебі $2^4=16$; $\log_2 64 = 6$, себебі $2^6 = 64$;

$\log_2 \frac{1}{8} = -3$, себебі $2^{-3} = \frac{1}{8}$; $\log_2 \frac{1}{128} = -7$, себебі $2^{-7} = \frac{1}{2^7} = \frac{1}{128}$.

(1)-формуланы $a^u = b$ теңдігіне қойып, мына тепе-теңдікті алуға болады:

$$a^{\log_a b} = b. \qquad (2)$$

(2) тепе-теңдігін *негізгі логарифмдік тепе-теңдік* деп атайды.

Сендер логарифмнің қасиеттерін білесіңдер.

$a > 0$ және $a \neq 1$ және b, c оң сандар болғанда логарифмнің қасиеттеріне тоқталайық:

1) бір санының логарифмі нөлге тең: $\log_a 1 = 0$;

2) негізі a болатын a санының логарифмі бірге тең: $\log_a a = 1$;

3) көбейтіндінің логарифмі көбейткіштердің логарифмдерінің қосындысына тең:

$$\log_a(bc) = \log_a b + \log_a c;$$

4) бөлшектің логарифмі бөлшектің алымының логарифмі мен бөлімінің логарифмінің айырымына тең:

$$\log_a \frac{b}{c} = \log_a b - \log_a c;$$

5) дәреженің логарифмі дәреженің көрсеткішін дәреженің негізінен алынған логарифмге көбейткенге тең:

$$\log_a b^k = k \log_a b;$$

6) жаңа негізге көшу: $\log_a b = \frac{\log_c b}{\log_c a}$, $0 < c \neq 1$;

7) $\log_{a^r} b = \frac{1}{r} \log_a b$.

Ескерту: $a^u = b$ болғандықтан, барлық формулаларда логарифм таңбасының астындағы сандар оң сандар болады.

Берілген қасиеттердің кейбірін дәлелдейік.

$\log_a (b \cdot c) = \log_a b + \log_a c$ қасиетін дәлелдейік.

Дәлелдеу. $b = a^{\log_a b}$, $c = a^{\log_a c}$ болсын. b және c сандарының көбейтіндісін анықтайық:

$b \cdot c = a^{\log_a b} \cdot a^{\log_a c} = a^{\log_a b + \log_a c}$, яғни $b \cdot c = a^{\log_a b + \log_a c}$. Осыдан логарифмнің анықтамасына сәйкес мына теңдікті аламыз:

$\log_a (b \cdot c) = \log_a b + \log_a c$.

Енді $\log_a b = \dfrac{\log_c b}{\log_c a}$ қасиетін дәлелдейік.

Дәлелдеу. Ол үшін негізгі логарифмдік $a^{\log_a b} = b$ тепе-теңдігінің екі жақ бөлігінен негіздері c-ға $(0 < c \neq 1)$ тең логарифм алсақ,

$$\log_c (a^{\log_a b}) = \log_c b.$$

Енді дәреженің логарифмінің формуласын пайдалансақ,

$$\log_a b \cdot \log_c a = \log_c b$$

теңдігін аламыз. Осыдан $\log_a b = \dfrac{\log_c b}{\log_c a}$.

Қалған қасиеттерді өздерің дәлелдеп көріңдер.

Сендер логарифм қасиеттерін білу және оны логарифмдік өрнектерді түрлендіруде қолдануды үйренесіңдер.

МЫСАЛ **2. Логарифмдерді есептейік:**

1) $\log_3 (27 \cdot 81)$; 2) $\log_2 (32)^3$; 3) $\log_5 \sqrt[5]{25}$.

Шешуі. 1) $\log_3 (27 \cdot 81) = \log_3 27 + \log_3 81 = 3 + 4 = 7$;

2) $\log_2 (32)^3 = 3\log_2 32 = 3\log_2 2^5 = 3 \cdot 5 = 15$;

3) $\log_5 \sqrt[5]{25} = \log_5 5^{\frac{2}{5}} = \dfrac{2}{5}\log_5 5 = \dfrac{2}{5}$.

Жауабы: 1) 7; 2) 15; 3) $\dfrac{2}{5}$.

Логарифмнің негізгі қасиеттері логарифмдері бар алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіргенде қолданылады.

Алгебралық өрнек көбейтінді, бөлшек, дәрежелеу және түбір табу амалдары арқылы берілген оң сандардың өрнектері болса, онда оларды логарифмнің негізгі қасиеттерін қолданып логарифмдеуге болады.

МЫСАЛ **3.** $x = \dfrac{15^2 \cdot \sqrt{120}}{\sqrt[4]{58 \cdot 82}}$ өрнегін логарифмдейік.

Шешуі. Өрнек бөлшек түрінде берілген. Алдымен өрнектің оң жақ бөлігіне бөлшектің логарифмін, сонан соң көбейтінді және дәреженің логарифмін қолданып түрлендіреміз:

$\log_a x = \log_a \left(15^2 \cdot \sqrt{120}\right) - \log_a\left(\sqrt[4]{58 \cdot 82}\right) = \log_a 15^2 + \log_a \sqrt{120} - \log_a \sqrt[4]{58} - \log_a \sqrt[4]{82} =$

$= 2\log_a 15 + \dfrac{1}{2}\log_a 120 - \dfrac{1}{4}\log_a 58 - \dfrac{1}{4}\log_a 82$.

Сонымен, $\log_a x = 2\log_a 15 + \dfrac{1}{2}\log_a 120 - \dfrac{1}{4}\log_a 58 - \dfrac{1}{4}\log_a 82$.

Сендер ондық логарифм және натурал логарифм ұғымдарымен танысасыңдар.

Логарифм негізіне байланысты бірнеше түрге бөлінеді.

Негізі 10 саны болатын логарифмді *ондық логарифм* деп атайды. Белгіленуі: $\lg b$, олай болса, $\log_{10} b = \lg b$.

Математикада логарифмнің негізі есебінде алынатын e саны қарастырылады. e саны иррационал сан, $e \approx 2,718...$. Оның жүздік дәлдікпен алынатын жуық мәні $e \approx 2,72$.

Негізі $e \approx 2,718...$ санына тең логарифм *натурал логарифм* деп аталады. Оны $\ln b$ деп белгілейді, яғни $\log_e b = \ln b$.

МЫСАЛ

4. 1) $\lg 30 - \lg 3$; 2) $\ln 0,5 + \ln(2e^3)$ мәндерін есептейік.

Шешуі. 1) $\lg 30 - \lg 3$ өрнегінің мәнін табу үшін бөлшектің логарифмін табу қасиетін қолданамыз:

$\lg 30 - \lg 3 = \lg(30 : 3) = \lg 10 = 1$, себебі $10^1 = 10$;

2) $\ln 0,5 + \ln(2e^3)$ өрнегіне логарифмнің көбейтіндісінің қасиетін қолданып былай жазамыз: $\ln 0,5 + \ln(2e^3) = \ln(0,5 \cdot 2e^3) = \ln e^3 = 3\ln e = 3 \cdot 1 = 3$.

Жауабы: 1) 1; 2) 3.

Енді логарифмі қандай да бір өрнектердің логарифмдері арқылы берілген өрнекті табуды қарастырайық. Мұндай түрлендіруді *потенциалдау* деп атайды.

Потенциалдау үшін төмендегі тұжырымды қолданамыз:

$$\log_a t = \log_a s$$

теңдігі $t = s$ болғанда ғана орындалады, мұндағы $a > 0$, $a \neq 1$, $t > 0$, $s > 0$.

Потенциалдауға мысал қарастырайық.

МЫСАЛ

5. $\log_a x = 3\log_a 17 + \frac{2}{3}\log_a 5 - \frac{1}{7}\log_a 75 - \frac{1}{7}\log_a 96$ теңдігіндегі x-тің мәнін табайық.

Шешуі. Берілген теңдіктің оң жақ бөлігіндегі өрнекті логарифмнің қасиеттерін қолданып түрлендіреміз:

$3\log_a 17 + \frac{2}{3}\log_a 5 - \frac{1}{7}\log_a 75 - \frac{1}{7}\log_a 96 = \log_a 17^3 + \log_a \sqrt[3]{5^2} - \log_a \sqrt[7]{75} - \log_a \sqrt[7]{96} = \log_a \frac{17^3 \cdot \sqrt[3]{25}}{\sqrt[7]{75 \cdot 96}}$. Сонда $\log_a x = \log_a \frac{17^3 \cdot \sqrt[3]{25}}{\sqrt[7]{75 \cdot 96}}$. Демек, потенциалдау бойынша $x = \frac{17^3 \cdot \sqrt[3]{25}}{\sqrt[7]{75 \cdot 96}}$.

Жауабы: $\frac{17^3 \cdot \sqrt[3]{25}}{\sqrt[7]{75 \cdot 96}}$.

1. Теріс санның логарифмі бола ма? Жауабын түсіндіріңдер.
2. Жаңа негізге көшу қасиеті қай уақытта қолданылады?
3. Потенциалдау кезінде логарифмнің негізі ескеріле ме? Жауабын түсіндіріңдер.

Жаттығулар

A

Теңдіктерді логарифм арқылы өрнектеңдер (13.1—13.3):

13.1. 1) $3^3 = 27$; 2) $2^5 = 32$;

3) $3^{-2} = \frac{1}{9}$; 4) $2^{-3} = \frac{1}{8}$.

13.2. 1) $4^3 = 64$; 2) $2^{-6} = \frac{1}{64}$;

3) $3^4 = 81$; 4) $3^{-5} = \frac{1}{243}$.

13.3. 1) $27^{\frac{2}{3}} = 9$; 2) $32^{\frac{3}{5}} = 8$;

3) $81^{-\frac{3}{4}} = \frac{1}{27}$; 4) $125^{-\frac{2}{3}} = \frac{1}{25}$.

Теңдіктердің ақиқат болатынын тексеріңдер (13.4—13.7):

13.4. 1) $\log_3 81 = 4$; 2) $\log_5 1 = 0$;

3) $\log_2 64 = 6$; 4) $\log_5 625 = 4$.

13.5. 1) $\log_5 0{,}04 = -2$; 2) $\log_7 2401 = 4$;

3) $\log_3 \frac{1}{243} = -5$; 4) $\lg 0{,}001 = -3$.

13.6. 1) $\log_{\sqrt{2}} 16 = 8$; 2) $\log_{\sqrt{3}} 9 = 4$;

3) $\log_3 243 = 5$; 4) $\lg 0{,}1 = -1$.

13.7. 1) $\log_{0,2} 0{,}008 = 3$; 2) $\log_{0,3} 0{,}09 = 2$;

3) $\log_4 \frac{1}{64} = -3$; 4) $\lg 10^3 = 3$.

Берілген сандардың a негіздегі логарифмдерін табыңдар (13.8-13.9):

13.8. 1) 5; $\frac{1}{5}$; $\sqrt{5}$, $a = 5$; 2) 64; $\frac{1}{8}$; 128, $a = 2$;

3) 7; $\frac{1}{7}$; 49, $a = 7$; 4) 4; $\frac{1}{16}$; $\frac{1}{64}$, $a = 2$.

13.9. 1) 243; $\frac{1}{81}$; 27, $a = 3$; 2) 5; 25; $\frac{1}{625}$, $a = \frac{1}{5}$;

3) 4; 8; $\frac{1}{32}$, $a = \frac{1}{2}$; 4) 3; 9; $\frac{1}{27}$, $a = \frac{1}{3}$.

Есептеңдер (13.10—13.13):

13.10. 1) $\log_{12}3 + \log_{12}4$; 2) $\log_7 98 - \log_7 2$;

3) $\log_2 5 - \log_2 35 + \log_2 56$; 4) $\log_{\frac{1}{3}} 5 - \log_{\frac{1}{3}} 405 + \log_{\frac{1}{3}} 9$.

13.11. 1) $3^{\log_3 5} + 5^{\log_5 6}$; 2) $25^{\log_5 3} + 49^{\log_7 2}$;

3) $7^{\log_7 6} - 8^{\log_8 9}$; 4) $0{,}04^{\log_{0,2} 5} + 0{,}36^{\log_{0,6} 5}$.

13.12. 1) $\lg 4 + \lg 250$; 2) $\log_2 6 - \log_2 \dfrac{6}{32}$;

3) $(\log_{12} 4 + \log_{12} 36)^2$; 4) $\lg 13 - \lg 1300$.

13.13. 1) $\left(\dfrac{\lg 8 + \lg 18}{2\lg 2 + \lg 3}\right)^3$; 2) $\left(\dfrac{\log_3 16}{\log_3 4}\right)^{-1}$;

3) $(\log_2 13 - \log_2 52)^5$; 4) $(\log_{0,3} 9 - 2\log_{0,3} 10)^4$.

13.14. Теңдеуді шешіңдер:

1) $\log_3 x = -1$; 2) $\log_2 x = -5$;

3) $\log_3 x = 2$; 4) $\log_4 x = 3$;

5) $\log_4 x = -3$; 6) $\log_7 x = 0$;

7) $\log_{\frac{1}{7}} x = 1$; 8) $\log_{\frac{1}{2}} x = -3$.

B

Есептеңдер (**13.15—13.17**):

13.15. 1) $\log_2 \log_2 \log_3 81$; 2) $\log_2 \log_3 \log_{\frac{1}{3}} \dfrac{1}{27}$;

3) $\log_{\sqrt{3}} \log_5 125$; 4) $\log_4 \log_3 81$.

13.16. 1) $\dfrac{1}{\log_9 27}$; 2) $\dfrac{1}{\log_{16} 8}$;

3) $\log_2 128 \cdot \log_5 \dfrac{1}{125}$; 4) $\log_3 (\log_2 5 \cdot \log_5 8)$.

13.17. 1) $\dfrac{3}{\log_2 3} - \dfrac{2}{\log_9 4} - \dfrac{1}{\log_{27} 81}$; 2) $\dfrac{\lg 2 + \lg 3}{\lg 3{,}6 + 1}$;

3) $2^{3-\log_2 5} + \left(\dfrac{1}{2}\right)^{\log_2 5}$; 4) $3^{2+\log_3 4} + \left(\dfrac{1}{3}\right)^{\log_3 4}$.

13.18. Теңдеуді шешіңдер:

1) $\log_x 81 = 4$; 2) $\log_x \dfrac{1}{16} = 2$;

3) $\log_x \dfrac{1}{27} = -3$; 4) $\log_x 36 = 2$.

13.19. Берілген сандарды a негіздегі логарифм түрінде жазыңдар:

1) $2;\ \dfrac{1}{2};\ 1;\ 0,\ a = 2$; 2) $3;\ -1;\ -3;\ 1,\ a = 3$;

3) $4;\ 3;\ 0;\ -1,\ a = 4$; 4) $5;\ 3;\ 0;\ 1,\ a = 5$.

13.20. Берілген өрнектерді ондық логарифм арқылы жазыңдар:

1) $N = 100\sqrt{ab^3c}$; 2) $N = \dfrac{a^6}{0{,}1c^3\sqrt{6}}$;

3) $N = \sqrt[3]{10}\,a^{\frac{1}{3}}b^4c^{-\frac{1}{2}}$; 4) $N = \dfrac{0{,}001a^{\frac{2}{3}}}{\sqrt{c}\cdot b^3}$;

5) $N = 10^4 a^5 \sqrt{b}\, c^{-4}$;

6) $N = \dfrac{c^{\frac{2}{3}}}{10^3 b^6 c^4}$;

7) $N = 10^{-4} \cdot a^3 b^3 c^{\frac{2}{3}}$;

8) $N = \dfrac{c^{\frac{4}{7}}}{10^7 a^{\frac{3}{2}} b^9}$.

13.21. Дәлелдеңдер:

1) $\log_5 6 + \log_4 5 > -1$;

2) $\log_{\frac{1}{4}} 2 + \log_{\frac{2}{3}} 4 < 1$;

3) $8^{\log_7 9} = 9^{\log_7 8}$;

4) $\left(\frac{1}{6}\right)^{\log_4 \frac{1}{7}} = \left(\frac{1}{7}\right)^{\log_4 \frac{1}{6}}$.

ҒАЛЫМ-МАТЕМАТИК ЖАЙЛЫ ХАБАРЛАМА ДАЙЫНДАҢДАР

13.22. Ғалым-математик Джон Непер және оның "Логарифмдердің ғажайып кестесі" жайлы хабарлама дайындаңдар.

Дж. Непер
(1550—1617)

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Функция, функцияның анықталу облысы мен графигі, дәреже, көрсеткіштік функция және оның қасиеттері мен графиктері, логарифм және оның қасиеттері.

§ 14. ЛОГАРИФМДІК ФУНКЦИЯ, ОНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ГРАФИГІ

Сендер логарифмдік функция ұғымымен танысасыңдар.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Функция, функция графигі, логарифмдік функция, анықталу облысы, мәндер жиыны, функцияның қасиеттері

Анықтама.

$$y = \log_a x,\ a > 0,\ a \neq 1 \qquad (1)$$

формуласымен берілген функцияны ***логарифмдік функция*** *деп атайды.*

Сендер логарифмдік функцияның қасиеттерімен танысасыңдар, графигін салуды үйренесіңдер.

$y = \log_a x$, $a > 0$, $a \neq 1$ функциясының негізгі қасиеттері:

1) анықталу облысы — барлық оң сандар жиыны: $x \in (0; +\infty)$;

2) логарифмдік функцияның мәндер жиыны — барлық нақты сандар жиыны: $y \in (-\infty; +\infty)$;

3) негізі $a > 1$ болғанда логарифмдік функция өспелі, ал негізі $0 < a < 1$ болғанда кемімелі;

$y = \log_a x$ функциясының негізі $a > 1$ болғандағы графигі 42.1-суретте, негізгі $0 < a < 1$ болғандағы графигі 42.2-суретте көрсетілген;

4) $y = \log_a x$ функциясы өзінің анықталу облысында үзіліссіз.

1) 2)

42-сурет

Функцияның қасиеттерін дәлелдейік.

1) Кез келген оң санның берілген негізде ($a > 0$, $a \neq 1$) логарифмі бар болатынын алдыңғы параграфта дәлелдедік. Демек, функцияның анықталу облысы — барлық оң сандар жиыны.

2) Логарифмнің анықтамасы бойынша кез келген u үшін мына теңдік орындалады:

$$\log_a a^u = u.$$

3) $y = \log_a x$ функциясының анықталу облысынан аргументтің кез келген x_1, x_2 $(x_1 < x_2)$ мәндерін алып және оларға сәйкес функцияның $y_1 = \log_a x_1$, $y_2 = \log_a x_2$ мәндерін қарастырайық.

$a > 1$ болған жағдайда $x_1 < x_2$ үшін $\log_a x_1 < \log_a x_2$ теңсіздігі орындалады.

Себебі негізі $a > 1$ болғанда үлкен санға үлкен логарифм, кіші санға кіші логарифм сәйкес келеді. Мысалы, $\log_2 4 = \log_2 2^2 = 2$; $\log_2 8 = \log_2 2^3 = 3$, $2 < 3$.

Логарифмнің негізі $0 < a < 1$ болғанда $x_1 < x_2$ үшін

$$\log_a x_1 > \log_a x_2$$

орындалады. Себебі негізі $0 < a < 1$ болғанда кіші санға үлкен логарифм, үлкен санға кіші логарифм сәйкес келеді.

Мысалы, $\log_{\frac{1}{2}} 4 = \log_{\frac{1}{2}} 2^2 = 2\log_{\frac{1}{2}} 2 = 2\log_{\frac{1}{2}} \left(\frac{1}{2}\right)^{-1} = -2\log_{\frac{1}{2}} \left(\frac{1}{2}\right) = -2$;

$\log_{\frac{1}{2}} 8 = \log_{\frac{1}{2}} (2^3) = 3\log_{\frac{1}{2}} 2 = 3\log_{\frac{1}{2}} \left(\frac{1}{2}\right)^{-1} = -3\log_{\frac{1}{2}} \left(\frac{1}{2}\right) = -3$, сонда

$\log_{\frac{1}{2}} 4 = -2$, $\log_{\frac{1}{2}} 8 = -3$. Демек, $\log_{\frac{1}{2}} 4 > \log_{\frac{1}{2}} 8$.

4) $y = \log_a x$, $a > 0$, $a \neq 1$ функциясының үзіліссіздігін дәлелдейік.

1. Көрсеткіштік теңсіздіктерді шешу үшін көрсеткіштік теңдеулерді шешу әдістері қолданыла ма?
2. Негіздері бірдей көрсеткіштік теңсіздіктерді шешу мен сызықтық теңсіздікті шешуде ұқсастық бар ма? Жауабын түсіндіріңдер.
3. Көрсеткіштік функцияның негізі тек оң сан болуы көрсеткіштік теңсіздіктерді шешу кезінде ескеріле ме? Жауабын түсіндіріңдер.

Жаттығулар

А

Теңсіздіктерді шешіңдер (18.1—18.7):

18.1. 1) $2^x \geqslant 32$; 2) $\left(\frac{4}{7}\right)^x < \frac{16}{49}$;

3) $6^{x-4} < 36$; 4) $\left(\frac{3}{5}\right)^{x+3} > \frac{27}{125}$.

18.2. 1) $5^{1-x} < 125$; 2) $\left(\frac{3}{4}\right)^{3x+1} > \frac{27}{64}$;

3) $\left(\frac{9}{2}\right)^{x+4} > \left(\frac{4}{81}\right)^{3+x}$; 4) $\left(\frac{1}{32}\right)^{x} < 8^{2x-1}$.

18.3. 1) $3^x \cdot 9^x < 81$; 2) $\left(\frac{1}{2}\right)^{3x} \cdot \left(\frac{1}{8}\right)^{x} > 32$;

3) $\left(\frac{5}{8}\right)^{3x-1} < \left(2\frac{14}{25}\right)^{3}$; 4) $(2,5)^{x+4} > (0,16)^{x\ \ 3}$.

18.4. 1) $2^{x+2} - 2^{x+1} + 2^{x-1} - 2^{x-2} < 9$; 2) $\left(\frac{1}{5}\right)^{x+1} + \left(\frac{1}{5}\right)^{x-1} < 26$;

3) $3^{2x+1} + 3^{2x+2} - 3^{2x-4} < 315$; 4) $2^x - 2^{x\ \ 4} > 15$.

18.5. 1) $5^{2x+1} + 3 \cdot 5^{2x-1} > 3500$; 2) $3^{x+1} + 3^{x-1} > 270$;

3) $10^{x\ \ 5} + 10^{x-2} < 1001$; 4) $2^x - 2^{x\ \ 4} - 15 < 0$.

18.6. 1) $25^x < 6 \cdot 5^x - 5$; 2) $3^{2x} - 10 \cdot 3^x + 9 < 0$;

3) $4^x + 2^{x+3} > 20$; 4) $2^{2x} - 3 \cdot 2^x + 2 > 0$.

18.7. 1) $3^{x-1} > 11^{x-1}$; 2) $2^x < 5^x$;

3) $4^{x-2} < 7^{x\ \ 2}$; 4) $6^{x^2-4} > 13^{x^2-4}$.

B

Теңсіздіктерді шешіңдер (18.8—18.13):

18.8. 1) $2^{\frac{x+1}{x-3}} > 4$; 2) $0,125 < 16^x$;

3) $36^{0,5x^2-1} > \left(\frac{1}{6}\right)^{-2}$; 4) $125\left(\frac{1}{5}\right)^{3x^2} < \left(\frac{1}{25}\right)^{-4x}$.

18.9. 1) $2^{x^2+3x-3} - 8 \cdot 2^x > 0$; 2) $\left(\frac{1}{5}\right)^{x^2} > 5^{-x}$;

3) $2^{x^2+12} < 64 \cdot 2^{5x}$; 4) $8 \cdot 2^{x^2-3x} < (0,5)^{-1}$.

18.10. 1) $6 \cdot 5^{x+1} - 5^{x+2} + 6 \cdot 5^x > 55$; 2) $3 \cdot 2^{x+1} + 5 \cdot 2^x - 2^{x+2} < 14$;

3) $x^3 \cdot 3^x - 3^x > 0$; 4) $x^2 \cdot 4^x - 4^x < 0$.

18.11. 1) $5^{2x} - 2 \cdot 5^x - 15 > 0$; 2) $13^{2x} - 14 \cdot 13^x + 13 < 0$;

3) $3^{x+2} + 9^{x+1} - 810 > 0$; 4) $2 \cdot 4^{\cos x} - 3 \cdot 2^{\cos x} + 1 < 0$.

18.12. 1) $4^{x+2} + 8 < 9 \cdot 2^{x+2}$; 2) $3^{1+\frac{1}{x}} + 3^{\frac{1}{x}} < 12$;

3) $4^{1-x} + 2^{1-x} - 4 \leqslant 4 \cdot 2^{1-x} - 6$;
4) $4^{x-2} - 6 \cdot 2^{x+2} + 8 < 0$.

18.13. 1) $4^x - 9^x < 0$; 2) $5 \cdot 4^x \leqslant 4 \cdot 5^x$;
3) $3^{x-3} - 2^{x-3} < 0$; 4) $2^{2x-1} - 5^{2x-1} \geqslant 0$.

18.14. Берілген теңсіздіктердің ортақ шешімін табыңдар:

1) $3^x > 9$ және $x - 2 \leqslant 6$; 2) $\left(\frac{1}{5}\right)^x > 25^{-1}$ және $1 - x \leqslant 0$;

3) $\left(\frac{1}{2}\right)^x \leqslant 8^{-1}$ және $4x - 3 > 1$; 4) $4^x \leqslant 64$ және $5 - 2x < 0$.

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Функция және оның анықталу облысы, логарифм және оның қасиеттері, логарифмдік функция, оның қасиеттері мен графигі, теңсіздік, теңсіздіктерді шешу тәсілдері, интервалдар әдісі, көрсеткіштік теңсіздіктер.

§ 19. ЛОГАРИФМДІК ТЕҢСІЗДІКТЕР

Сендер логарифмдік теңсіздіктерді шешуді үйренесіңдер.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Теңсіздік, логарифмдік теңсіздік, логарифмнің негізі, дәреженің көрсеткіші, мәндестік, айнымалының мүмкін болатын мәндер жиыны, теңсіздікті шешу

СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР: Сызықтық, квадраттық, бөлшек-рационал, тригонометриялық, көрсеткіштік теңсіздіктерді шешу жолдары белгілі.

Мектеп курсында қарастырылатын теңсіздіктердің тағы бір түрі — логарифмдік теңсіздіктер. Алдымен осы теңсіздіктің анықтамасын берейік.

Анықтама.

$$\log_a f(x) > \log_a g(x)$$
$$(\log_a f(x) < \log_a g(x),\ \log_a f(x) \geqslant \log_a g(x),\ \log_a f(x) \leqslant \log_a g(x)),$$
$$a > 0,\ a \neq 1,\ f(x) > 0,\ g(x) > 0 \qquad (1)$$

түрінде берілген немесе осы түрге келетін теңсіздікті ***логарифмдік теңсіздік*** *деп атайды.*

Логарифмдік теңсіздіктерді шешу үшін төмендегі теореманы қолданамыз.

Теорема. *Егер $f(x) > 0$ және $g(x) > 0$ болса, онда $a > 1$ болғанда $\log_a f(x) > \log_a g(x)$ теңсіздігі $f(x) > g(x)$ теңсіздігімен мәндес теңсіздік болады, ал $0 < a < 1$ аралығында $\log_a f(x) > \log_a g(x)$ теңсіздігі $f(x) < g(x)$ теңсіздігімен мәндес теңсіздік болады.*

Дәлелдеу. Дәлелдеу үшін (1)-теңсіздікті тепе-тең түрлендіріп $\log_a f(x) - \log_a g(x) > 0$ теңсіздігін аламыз, осыдан

$$\log_a \frac{f(x)}{g(x)} > 0.$$

Соңғы теңсіздікті мынадай екі жағдай үшін қарастырайық:

1) $a > 1$ болғанда логарифмдік функция өспелі, сондықтан $\frac{f(x)}{g(x)} > 1$, яғни $f(x) > g(x)$;

2) $0 < a < 1$ интервалында логарифмдік функция кемімелі, демек, $\frac{f(x)}{g(x)} < 1$, яғни $f(x) < g(x)$.

Сонымен, (1) логарифмдік теңсіздікті шешу кезінде логарифмнің негізіне байланысты төмендегі екі жағдайдың бірін қарастырамыз:

1) $a > 1$ болғанда $\log_a f(x) > \log_a g(x)$ теңсіздігіне мәндес

$$\begin{cases} f(x) > 0, \\ g(x) > 0, \\ f(x) > g(x) \end{cases} \qquad (2)$$

теңсіздіктер жүйесі шешіледі;

2) $0 < a < 1$ болғанда $\log_a f(x) > \log_a g(x)$ теңсіздігіне мәндес

$$\begin{cases} f(x) > 0, \\ g(x) > 0, \\ f(x) < g(x) \end{cases} \qquad (3)$$

теңсіздіктер жүйесі шешіледі.

Логарифмдік теңсіздіктерді шешуге мысалдар қарастырайық.

МЫСАЛ 1. $\log_5(3x + 5) > \log_5(15 - 2x)$ теңсіздігін шешейік.

Шешуі. Берілген логарифмдік теңсіздіктің негізі $a = 5 > 1$ болғандықтан, (2)-формулаға сәйкес берілген теңсіздікке мәндес мына теңсіздіктер жүйесін аламыз:

$$\begin{cases} 3x + 5 > 0, \\ 15 - 2x > 0, \\ 3x + 5 > 15 - 2x \end{cases} \text{ немесе } \begin{cases} x > -\frac{5}{3}, \\ x < \frac{15}{2}, \\ x > 2. \end{cases}$$



56-сурет

Соңғы теңсіздіктерді сан түзуіне салып, теңсіздіктер жүйесінің шешімін аламыз: $2 < x < \frac{15}{2}$ (56-сурет).

Жауабы: $\left(2; \frac{15}{2}\right)$.

МЫСАЛ 2. $\log_{0,8}(x-2) > \log_{0,8}(7-0,5x)$ теңсіздігін шешейік.

Шешуі. Бұл теңсіздіктегі логарифмнің негізі $a = 0,8 < 1$, демек, логарифмдік теңсіздік (3)-формулаға сәйкес келесі теңсіздіктер жүйесіне көшеді:

$$\begin{cases} x-2>0, \\ 7-0,5x>0, \\ x-2<7-0,5x \end{cases} \text{ немесе } \begin{cases} x>2, \\ x<14, \\ x<6. \end{cases}$$



57-сурет

Теңсіздіктерді сан түзуінде кескіндеу арқылы $2 < x < 6$ интервалын аламыз (57-сурет). Демек, берілген логарифмдік теңсіздіктің шешімдер жиыны (2; 6) интервалы болады.

Жауабы: (2; 6).

МЫСАЛ 3. $\log_{0,25}(16+4x-x^2) > -2$ теңсіздігін шешейік.

Шешуі. Теңсіздіктің оң жағындағы -2 санын негізі 0,25-ке тең логарифм түрінде жазамыз. Ол үшін 0,25 санын -2 дәрежесіне шығарамыз: $(0,25)^{-2} = \left(\frac{1}{4}\right)^{-2} = 16$.

58-сурет

Сонда $\log_{0,25}(16+4x-x^2) > \log_{0,25}16$ теңсіздігін аламыз. $a = 0,25$ екенін ескеріп, (3) жүйеге көшеміз:

$$\begin{cases} 16+4x-x^2>0, \\ 16+4x-x^2<16 \end{cases} \text{ немесе } \begin{cases} x^2-4x-16<0, \\ x^2-4x>0, \end{cases} \text{ немесе}$$

$$\begin{cases} (x-2+2\sqrt{5})(x-2-2\sqrt{5})<0, \\ x(x-4)>0. \end{cases}$$

Интервалдар әдісін қолданып әрбір теңсіздіктің шешімдер жиынын координаталық түзуге түсіреміз (58-сурет).

Демек, берілген логарифмдік теңсіздіктің шешімі $(2-2\sqrt{5};\ 0] \cup [4;\ 2+2\sqrt{5})$ аралықтары болады.

Жауабы: $(2-2\sqrt{5};\ 0] \cup [4;\ 2+2\sqrt{5})$.

МЫСАЛ 4. $4\log_2^2 x - 4 < 0$ теңсіздігін шешейік.

Шешуі. Теңсіздікті шешу үшін $\log_2 x = u$ жаңа айнымалысын енгізсек, $4u^2 - 4 < 0$ квадрат теңсіздігіне келеміз. Соңғы теңсіздікті шешу үшін интервалдар әдісін қолданып, $u \in [-1;\ 1]$ аламыз (59-сурет).



59-сурет

Сонда $\log_2 x \in [-1;\ 1]$, яғни $-1 < \log_2 x < 1$ немесе $\log_2\frac{1}{2} < \log_2 x < \log_2 2$ шығады.

Логарифмнің негізі $a = 2 > 1$ екенін ескеріп, қос теңсіздіктен $\frac{1}{2} < x < 2$ немесе

$0{,}5 < x < 2$ теңсіздігіне көшеміз. x айнымалысының мүмкін болатын мәндер жиыны барлық оң сандар жиыны. Сондықтан берілген логарифмдік теңсіздіктің шешімдер жиыны $[0{,}5;\ 2]$ кесіндісі болады.

Жауабы: $[0{,}5;\ 2]$.

Сендер логарифмдік теңсіздіктер жүйесін шешуді үйренесіңдер.

МЫСАЛ

5. $\begin{cases} 5 - x > 0, \\ \log_6 (x + 3) > 1 \end{cases}$ теңсіздіктер жүйесін шешейік.

Шешуі. Сызықтық теңсіздіктің шешу жолын қолданып және логарифмдік функцияның анықталу облысын ескеріп, екінші теңсіздіктегі 1 санын $\log_6 6$ санымен алмастырып, берілген теңсіздіктер жүйесінен мына теңсіздіктер жүйесін аламыз:

$$\begin{cases} -x > -5, \\ \log_6 (x + 3) > \log_6 6, \\ x + 3 > 0 \end{cases} \text{ немесе } \begin{cases} x < 5, \\ x + 3 \geqslant 6, \\ x > -3 \end{cases} \text{ немесе } \begin{cases} x \leqslant 5, \\ x \geqslant 3, \\ x > -3. \end{cases}$$



60-сурет

Әрбір теңсіздіктің шешімдер жиынын жеке координаталық түзуге кескіндеп, ортақ аралықты табамыз (60-сурет). Сонда берілген теңсіздіктер жүйесінің шешімі $[3;\ 5]$ кесіндісі болады.

Жауабы: $[3;\ 5]$.

1. Логарифмдік теңсіздіктерді шығарғанда логарифмдердің қасиеттері қолданыла ма?
2. Логарифмдік теңсіздіктерді шығарғанда қандай әдістер қолданылады?
3. Логарифмдік теңсіздіктердің шешімі логарифмдік функцияның негізіне тәуелді ме? Жауабын түсіндіріңдер.

Жаттығулар

А

Теңсіздіктерді шешіңдер (**19.1—19.5**):

19.1. 1) $\log_4 x > 2$; 2) $\log_{\frac{1}{3}} x < -3$;

3) $\lg x > -2$; 4) $\ln x \leqslant 1$.

19.2. 1) $\log_6(4x+1) < 1$; 2) $\log_{\frac{1}{3}}(3-2x) \geq -1$;

3) $\log_{0,4}(x+0,6) < 1$; 4) $\log_{0,2}(7-x) > -1$.

19.3. 1) $\log_5(3x+2) \geq \log_5(x-1)$; 2) $\log_{0,8}(6x-2) \geq \log_{0,8}(x+5)$;

3) $\lg(2x-1) < \lg(3x+2)$; 4) $\ln(4-2x) < \ln(x+3)$.

19.4. 1) $\log_{0,4}(2x-5) > \log_{0,4}(x+1)$; 2) $\log_4(3x-1) < \log_4(2x+3)$;

3) $\log_3 \dfrac{2-3x}{x} \geq -1$; 4) $\log_{\frac{1}{2}}(3x-4) < \log_{\frac{1}{2}}(x-2)$.

19.5. 1) $\log_{\frac{1}{3}}(x+4) > \log_{\frac{1}{3}}(x^2+2x-2)$;

2) $1+\log_2(x-2) > \log_2(x^2-3x+2)$;

3) $\lg(x-2)+\lg(27-x) < 2$;

4) $\lg(2x-3) > \lg(x+1)$.

Теңсіздіктер жүйесін шешіңдер (19.6-19.7):

19.6. 1) $\begin{cases} x-18 < 0, \\ \log_5 x > 1; \end{cases}$ 2) $\begin{cases} \log_{\frac{1}{3}} x < -2, \\ x+1 > 3; \end{cases}$ 3) $\begin{cases} \ln x \geq 0, \\ 5-x < 0; \end{cases}$ 4) $\begin{cases} \lg x \leq 1, \\ x+7 > 0. \end{cases}$

19.7. 1) $\begin{cases} x+3 \geq 0, \\ \log_{\frac{1}{2}} x > -1; \end{cases}$ 2) $\begin{cases} 8-x > 0, \\ \log_5 x < 2; \end{cases}$ 3) $\begin{cases} \log_{0,7} x < 1, \\ x-0,3 \geq 0; \end{cases}$ 4) $\begin{cases} 9-x \leq 0, \\ \log_{\frac{1}{6}} x > -1. \end{cases}$

B

Теңсіздіктерді шешіңдер (19.8—19.11):

19.8. 1) $\log_2 x > \log_2(3-x)$; 2) $\lg x + \lg(x-1) < \lg 6$;

3) $\lg^2 x + 2\lg x > 3$; 4) $\log_{0,5} x \geq -6 + \log^2_{0,5} x$.

19.9. 1) $\log_3(11+4^x) > 3$; 2) $\log_{\frac{1}{5}}(22+3^x) > -2$;

3) $\lg(x^2-1) \leq 0$; 4) $\lg(1-x^2) \geq 0$.

19.10. 1) $\log_5(x^2-3) > 0$; 2) $\log_8(-9+x^2) \geq 0$;

3) $\log_4 \dfrac{2x-1}{x+1} \geq \log_4 3$; 4) $\lg \dfrac{3-x}{x+2} < 1$.

19.11. 1) $\left(\dfrac{1}{2}\right)^{\log_{\frac{1}{3}}(x^2-1)} > 1$; 2) $2^{\log_3(x^2+x)} < 2$;

3) $\left(\dfrac{1}{6}\right)^{\log_{\frac{1}{6}}(x-1)} > 7^{\log_7(3-x)}$; 4) $0,9^{\log_{0,9}(x^2+x)} \leq 6^{\log_6(x+3)}$.

Теңсіздіктер жүйесін шешіңдер (19.12-19.13):

19.12. 1) $\begin{cases} \log_{0,3}(x+1) \geq -1, \\ 2x-1 < 5; \end{cases}$ 2) $\begin{cases} \lg(1-x) \leq 1, \\ 3-x \leq 2; \end{cases}$

3) $\begin{cases} \ln(x+5) \leqslant 0, \\ x+15 > 6x; \end{cases}$

4) $\begin{cases} 11x+12 > 13x, \\ \log_7(31-2x) < 1. \end{cases}$

19.13. 1) $\begin{cases} x^2-4 \geqslant 0, \\ \log_{\frac{1}{7}}(x+2) \leqslant -1; \end{cases}$

2) $\begin{cases} x^2-9 \geqslant 0, \\ \log_2(x-3) \leqslant 2; \end{cases}$

3) $\begin{cases} \log_{81}(x+2) > \frac{1}{2}, \\ 36-x^2 > 0; \end{cases}$

4) $\begin{cases} \log_3(x-5) < 1, \\ x^2-16 > 0. \end{cases}$

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. $\left(\frac{7}{11}\right)^{4x+5} = \left(\frac{11}{7}\right)^{5x+6}$ теңдеуін шешіңдер:

A) 1; B) 0; C) -1; D) түбірі жоқ.

2. $0,37^{x-9} > 0,37$ теңсіздігінің ең үлкен натурал шешімін табыңдар:

A) 10; B) 8; C) 9; D) ондай сан жоқ.

3. $10^{\cos x} - \sqrt{10} = 0$ теңдеуін шешіңдер:

A) $(-1)^n\frac{\pi}{3} + \pi n,\ n \in Z$; B) $(-1)^n\frac{\pi}{6} + \pi n,\ n \in Z$;

C) $\pm\frac{\pi}{3} + 2\pi n,\ n \in Z$; D) $\pm\frac{\pi}{3} + \pi n,\ n \in Z$.

4. $\log_5(x-7) + \log_5(x-2) = \log_5(x+5)$ теңдеуінің түбірлерін табыңдар:

A) 9; B) 1; C) 1; 9; D) 7.

5. x-тің қандай мәндерінде $y = \log_2(x-5)$ функциясы оң мәндерді қабылдамайды:

A) $(5; +\infty)$; B) $[5; +\infty)$; C) $(6; +\infty)$; D) $[6; +\infty)$?

6. $\begin{cases} x^2-4 > 0, \\ \left(\frac{1}{5}\right)^{x+1} < 5 \end{cases}$ теңсіздіктер жүйесін шешіңдер:

A) $[-2; 2]$; B) $(-\infty; -2]$; C) $[2; +\infty)$; D) $(0; +\infty)$.

7. $\begin{cases} \log_5(x+y) = 1, \\ 2x+y = 7 \end{cases}$ теңдеулер жүйесін шешіңдер:

A) $(3; 2)$; B) $(2; 3)$; C) $(-2; -3)$; D) $(3; 1)$.

8. $5^{x^2} > 5^{10x-21}$ және $5-x > 0$ теңсіздіктерінің ортақ шешімін табыңдар:

A) $[3; 7]$; B) $(-\infty; 3]$; C) $(5; 7]$; D) $[3; 5) \cup (5; 7]$.

9. $\log_{\frac{1}{7}}(2x-1) \geqslant 0$ теңсіздігін қанағаттандыратын ең кіші бүтін санды табыңдар:

A) 1; B) 0; C) 2; D) ондай сан жоқ.

10. $\begin{cases} \log_2 x \geqslant 0, \\ 0{,}19^{x^2} > 0{,}19^{x} \end{cases}$ теңсіздіктер жүйесін шешіңдер.

A) (0; 1); B) (0; 1]; C) (0; +∞); D) шешімі болмайды.

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Варианта, вариациялық қатар, таралу қатары, полигон, жиілік полигоны.

VI ТАРАУ МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІ

§ 20. БАС ЖИЫНТЫҚ ЖӘНЕ ТАҢДАМА

Математикалық статистиканың негізгі терминдерімен танысасыңдар.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР
Таңдама, бас жиынтық, статистикалық қатар, жиілік, гистограмма

Эксперименттер жүргізу кезінде үлкен көлемді ақпараттар алынады. Мысалы, нақты қаладағы немесе аудандағы ҰБТ тапсырған оқушылардың нәтижелері, Қазақстан банктеріндегі халықтың салым мөлшері, ҚР нақты облыстарынан әскери қызметке шақырылушылардың дене салмағы және саны, күн бойы супермаркетке келген тұтынушылар тізімі және т.б.

Статистикада ақпаратты жинау және сақтау, әртүрлі болжамдарды әзірлеу, олардың шынайылығын бағалау және т. б. есептеулер жүргізіледі. Бірақ математикалық статистиканың негізгі есептерінің бірі алынған ақпаратты тиісті түрде өңдеу, сонда қалған есептердің нәтижесіне қол жеткізуге болады.

Бастапқы алынған ақпаратты өңдеу тәртібі шамамен келесідей:

— өлшеу (тәжірибе) деректері ретке келтіріледі және топтастырылады;

— топтастырудан кейін деректерді өлшеу кестелері құрастырылады;

— бөлу кестесі бойынша деректерді бөлу графигі құрылады;

— алынған өлшемдердің негізгі сандық сипаттамаларының шағын саны жиналған осы өлшемнің төлқұжаты құрастырылады.

Анықтама. ***Бас жиынтық*** *деп зерттеуге жататын барлық нысандардың немесе бір нысанға бірдей жағдайларда жүргізілетін барлық бақылаулардың мүмкін болатын нәтижелерінің жиынтығын айтады.*

Анықтама. ***Таңдама жиынтық*** *немесе* ***таңдау*** *деп нысандар жиынтығын немесе бас жиынтықтан кездейсоқ түрде іріктелген нысанды бақылау нәтижелерін айтады.*

Анықтама. *Таңдамадағы нысандар немесе бақылаулар саны* ***таңдама көлемі*** *деп аталады.*

Таңдау мәндері деп кездейсоқ X шамасының бақыланатын мәндерін айтады.

Нақты, сенімді қорытындылар алу үшін таңдама көлемі бойынша жеткілікті болуы тиіс. Үлкен таңдама — реттелмеген сандар жиыны. Зерттеу үшін таңдаманы көрнекі реттелген түрге келтіреді.

СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР:

Вариациялық қатар екі элементтен: жиілік пен вариантадан тұрады.

Таралу қатарында белгінің жекеленген мәнін *варианта* деп атайды.

Жекеленген вариантаның немесе вариациялық қатардың әр тобының саны *жиілік* деп аталады.

$x_1, x_2, x_3, \ldots, x_k$ қатары берілсін. Мұнда x_1 вариантасы n_1 рет, x_2 вариантасы n_2 рет, x_3 вариантасы n_3 рет кездеседі және т.с.с.

Сонда $n_1 + n_2 + n_3 + \ldots + n_k = n$ теңдігі варианта көлемі болып табылады.

n_i мәні x_i вариантасының жиілігі, ал $\frac{n_i}{n}$ — салыстырмалы жиіліктің саны.

СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР:

Төмендегі кесте жиіліктің статистикалық қатарын береді:

6-*кесте*

Варианта	x_1	x_2	x_3	...	x_k
Варианта жиілігі	n_1	n_2	n_3	...	$\frac{n_k}{n}$

СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР:

Жиілік полигоны (көпбұрыш) координаталары топтастыру интервалдарының орташа мәндеріне және осы интервалдардың жиілігіне сәйкес келетін нүктелерді қосатын қисықты береді.

Полигон (polygon) сөзі грек тілінен аударғанда көпбұрышты білдіреді.

Салыстырмалы жиілігі берілген вариантаның кестесін құрастырайық:

7-*кесте*

x_i вариантасы	x_1	x_2	x_3	...	x_k
$\frac{n_i}{n}$ салыстырмалы жиілігі	$\frac{n_1}{n}$	$\frac{n_2}{n}$	$\frac{n_3}{n}$	...	$\frac{n_k}{n}$

Берілген кесте *салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатары* деп аталады.

Координаталары топтастыру интервалдарының орташа мәндері мен осы интервалдардың салыстырмалы жиілігіне сәйкес нүктелерді қосатын сынық *салыстырмалы жиіліктің полигоны* деп аталады.

Яғни салыстырмалы жиіліктің полигонын координаталық жазықтықта салу үшін $(x_1; \frac{n_1}{n})$, $(x_2; \frac{n_2}{n})$, ... , $(x_k; \frac{n_k}{n})$ нүктелерін белгілеп, кесінділермен қосады.

МЫСАЛ 1. 2, 3, 4, 5, 2, 2, 5, 3, 3, 3, 4, 5, 5, 5, 5, 4, 2, 2, 2, 2 сандар қатары берілген. Таңдама көлемін, таңдама варианталарын табыңдар, жиіліктің және салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатарын құрастырыңдар, жиілік полигонын салыңдар.

Шешуі. Есептің шарты бойынша таңдама көлем 20-ға тең. Берілген қатарда 2, 3, 4, 5 сандары кездеседі. Олар таңдама варианталары болып табылады.

Жиіліктің вариациялық қатарын құрастырайық:

8-кесте

x_i вариантасы	2	3	4	5
n_i варианта жиілігі	7	4	3	6

Салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатарын құрастырайық:

9-кесте

x_i вариантасы	2	3	4	5
$\frac{n_i}{n}$	0,35	0,2	0,15	0,3

Жиілік полигонын саламыз (61-сурет).



61-сурет

1. Математикалық статистиканың негізгі терминдерін атаңдар.
2. Бас жиынның таңдамадан қандай айырмашылығы бар?
3. Жиілік полигоны, салыстырмалы жиілік полигоны нені көрсетеді?
4. Таңдама үшін абсолюттік және салыстырмалы жиілік кестелері қалай құрастырылады?

Жаттығулар

А

20.1. 6, 3, 2, 6, 3, 5, 3, 5, 6, 6, 2, 2, 3, 6, 3, 5, 3, 5, 2, 6 сандар қатары берілген. Таңдаманың көлемін, таңдаманың варианталарын табыңдар, жиіліктің вариациялық қатарын және салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатарын құрастырыңдар.

20.2. 10, 9, 4, 8, 8, 10, 9, 4, 4, 4, 9, 8, 8, 9, 4, 8, 10, 8, 10, 8 сандар қатары берілген. Таңдаманың көлемін, таңдаманың варианталарын табыңдар, жиіліктің вариациялық қатарын және салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатарын құрастырыңдар.

20.3. 10-сынып оқушыларының I тоқсандағы алгебра және анализ бастамаларынан жиынтық бағалаудың нәтижелері кестеде көрсетілген:

10-*кесте*

3	4	3	4	3	4	5	4	3	3
4	3	5	3	3	4	3	5	2	4
3	4	3	3	4	5	5	4	5	4

1) Нәтижелердің вариациялық қатарын құрастырыңдар және таңдама көлемін табыңдар;

2) салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатарын құрастырыңдар.

20.4. Жиіліктің вариациялық қатары бойынша таңдама көлемін табыңдар және жиілік полигонын салыңдар:

1)

11-*кесте*

x_i	7	9	10	12
n_i	9	2	3	6

2)

12-*кесте*

x_i	11	13	17	19
n_i	6	8	6	5

3)

13-*кесте*

x_i	3	5	7	9	11
n_i	6	5	9	4	6

B

20.5. Кестеде бір топ оқушының бойын өлшеу нәтижелері көрсетілген.

14-кесте

157	159	156	158	158
156	158	159	159	157
155	155	154	156	159
158	156	154	160	156

Кестедегі деректер бойынша:

1) нәтижелердің вариациялық қатарын құрастырыңдар және таңдаманың көлемін табыңдар;
2) салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатарын құрастырыңдар;
3) салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатарын пайыз түрінде құрастырыңдар.

20.6. Кестеде бригада жұмысшыларының бір күнде әзірлеген тетіктер саны көрсетілген.

15-кесте

45	50	48	49	45
48	49	45	50	50
48	48	49	50	45

Кестедегі деректер бойынша:

1) нәтижелердің вариациялық қатарын құрастырыңдар және таңдама көлемін табыңдар;

2) салыстырмалы жиіліктің нұсқалық қатарын құрастырыңдар;

3) салыстырмалы жиіліктің нұсқалық қатарын пайыз түрінде құрастырыңдар.

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Варианта, вариациялық қатар, таралу қатары, полигон, жиілік полигоны, таңдама бас жиын, статистикалық қатар, жиілік, гистограмма.

§ 21. ДИСКРЕТТІ ЖӘНЕ ИНТЕРВАЛДЫ ВАРИАЦИЯЛЫҚ ҚАТАРЛАР

Дискретті вариациялық қатар ұғымымен танысасыңдар, дискретті вариациялық қатарды құрастыру үшін деректерді талдауды үйренесіңдер.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Қатар, топ, дискретті вариациялық қатар, интервалдық вариациялық қатар

СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР: Әр белгісі, белгілер топтамасы немесе белгілер класы бойынша топтағы бірліктердің саны немесе жалпы қорытындыдағы осы санның орны белгілі болатын ерекше түрдегі топтамаларды *үлестірім қатары* деп атайды.

Үлестірім қатары сандық немесе төлсипаттық белгі бойынша құрастырылады.

Сандық белгісі бойынша құрастырылған үлестірім қатары *вариациялық қатар* деп аталады.

Вариациялық қатарлар дискретті және интервалдық болып келеді. Үлестірім қатары үздіксіз өзгеріп отыратын белгі бойынша (белгі қандай да бір интервал шеңберінде кез келген мәндерді қабылдай алатын кезде) және дискретті өзгеретін белгі бойынша (қатаң анықталған бүтін мәндерді қабылдайды) салынуы мүмкін.

Дискретті вариациялық қатардың *үлестірілуі* деп сәйкес келетін жиіліктер немесе бөлінділер бойынша варианталардың бөліну жиынтығын айтады. Дискретті қатардың варианталары — бұл белгінің дискретті өзгеретін мәндері, әдетте бұл есептеу нәтижесі.

Дискретті вариациялық қатарларды әдетте зерттелетін белгінің мәндері бір-бірінен кем дегенде қандай да бір шекті шамаға ерекшеленген жағдайда ғана құрады.

Дискретті қатарда белгінің нүктелік мәндері беріледі.

МЫСАЛ 1. 20 жұмысшының тарифтік разряды туралы деректер берілген. 2, 3, 2, 4, 4, 5, 5, 4, 6, 3, 1, 4, 4, 5, 5, 6, 4, 3, 2, 3 тарифтік разрядпен жұмысшыларды бөлудің дискретті вариациялық қатарын құрастырыңдар.

Шешуі:

Алдымен кестені құрастырамыз. Үлестірім қатары екі элементтен болғандықтан, кесте екі жолдан тұрады.

Бірінші жол — варианта, мысал бойынша — жұмысшылардың тарифтік разряды; екінші жол — жиілік, яғни варианталардың кездесу жиілігі, мысалда белгілі бір разряд бойынша жұмысшылар саны.

Тапсырманың шартын ескере отырып, кем дегенде бір рет кездесетін мәндерді анықтаймыз. Ол келесі сандар: 1, 2, 3, 4, 5, 6. Содан кейін варианттың әрбір мәнінің қанша рет кездесетінін санаймыз және келесі кестені құрастырамыз:

16-*кесте*

Тарифтік разряд (x_i)	1	2	3	4	5	6
Жұмысшылар саны (n_i)	1	3	4	6	4	2

Осылайша, нәтижесінде тарифтік разряд бойынша жұмысшыларды бөлудің дискретті вариациялық қатары алынды.

$x_n - x_1$ айырмасын *өлшемнің құлашы* деп немесе ең үлкен және ең кіші варианттың *айырымы* деп атайды. Деректер қатарының *модасы* — бұл өлшемдер қатарында жиі кездесетін варианта. Мода еселігі ең үлкен болатын вариантаға тең.

Тақ деректер сан қатарының $x_1 < x_2 < \ldots < x_{2k} < x_{2k+1}$ *медианасы* деп $m = x_{k+1}$ санын, ал *жұп деректер* $x_1 < x_2 < \ldots < x_{2k-1} < x_{2k}$ *сан қатарының медианасы* деп $m = \dfrac{x_k + x_{k+1}}{2}$ санын айтады.

Өлшеу деректерінің жиі кездесетін сипаттамасы: олардың орташа арифметикалық мәні немесе орташа мәні M болып табылады.

Орташа мәнді табу үшін:
1) барлық өлшем деректері қосындысының мәнін табу;
2) алынған қосындының мәнін деректер санына бөлу (таңдау көлемі) қажет:
$M = \dfrac{x_1 + x_2 + \ldots + x_n}{n}$.

Орташа мән, мода және медиана деректер қатарының сандық сипаттамаларының бір түріне жатады. Кейде олар *орталық үрдістің өлшемі* деп аталады: осы сандардың әрқайсысы деректер қатарының орта мәнін сипаттайды.

1-мысалдағы мәндердің модасын, медианасын және орташа мәнін табыңдар.

Интервалды вариациялық қатар ұғымымен танысасыңдар, интервалды вариациялық қатарды құрастыру үшін деректерді талдауды үйренесіңдер.

Анықтама. ***Интервалды вариациялық қатар*** *деп кездейсоқ шаманың мәндерін сәйкес жиіліктерімен немесе олардың әрқайсысына шама мәндерінің түсу жиіліктерімен түрлендірулердің реттелген интервалдарының жиынтығын айтады.*

Мәні өлшеу немесе өлшеу жолымен тіркелетін интервалдық қатарлар үздіксіз өзгеретін белгінің үлестірімін талдауға бағытталған. Мұндай қатардың вариантасы — топтастыру.

Егер дискретті вариациялық қатарда жиілік сипаттамасы қатардың вариантасына тікелей қатысты болса, онда интервалды вариация тобына жатады.

Интервалды құрудың бірнеше жолы бар:

1) деректерді логикалық талдау негізінде қосымша есептеулерсіз көзбен шолу тәсілі; егер шарт бойынша тең аралықтарды салу талап етілсе, онда формула бойынша есептеу;

2) қосымша есептеулер әдісі. Интервал шамасын есептеу үшін келесі формула қолданылады:

$$i = \frac{x_{max} - x_{min}}{n}, \qquad (1)$$

мұндағы i — шама немесе интервал ұзындығы;

x_{max} — максимал шама;

x_{min} — минимал шама;

n — есептің шарты бойынша қажетті топтар саны.

Бірінші интервалды салуды ең кіші мәннен бастайды, оған интервалдың шамасы қосылады және бірінші интервалдың жоғарғы шегарасы алынады. Содан кейін бірінші интервалдың жоғарғы шегарасы екінші аралықтың төменгі шегіне айналады, оған аралықтың шамасы қосылып, екінші аралық алынады. Одан соң шарт бойынша қанша интервалдар салу керек болса, сонша рет интервалдар анықталады.

МЫСАЛ

2. Банкте 10 салымшының салым мөлшері туралы деректер берілген — 280, 240, 400, 340, 200, 310, 260, 360, 330, 230 (мың тг). Салым көлемін тең аралықты 3 топқа бөліп, үлестірімнің интервалды вариациялық қатарын құрыңдар. Әрбір топ бойынша салымдардың жалпы мөлшерін есептеңдер.

Шешуі: Алдымен кестені құрастырамыз. Үлестірім қатарында екі элемент болғандықтан, кесте екі жолдан тұрады.

Бірінші жол — варианта мысалда банктегі салымның мөлшері; екінші жол — жиілік осы жағдайда интервалға түсетін тиісті салымы бар салымшылар саны.

(1) формуласын пайдалана отырып, интервал шамасын табамыз. Есеп шарты бойынша ең үлкен мәні 400 мың тг., ең кіші мәні 200 мың тг., топтар саны — 4.

Сонда $i = \dfrac{400000 - 200000}{4} = 50000.$

17-*кесте*

Банк салымының мөлшері (x)	200 000 – 250 000	250 000 – 300 000	300 000 – 350 000	350 000 – 400 000
Салымшылар саны (n)	3	2	3	2

Енді әрбір интервал бойынша және жалпы алғандағы салымдардың барлық көлемінің есебін жүргіземіз. Бұл үшін әрбір интервал бойынша салым мөлшерін қосамыз және салымдардың жиынтық мәнін аламыз. Сонда

бірінші интервал бойынша: 230 000 + 240 000 + 200 000 = 670 000;

екінші интервал бойынша: 280 000 + 240 000 = 520 000;

үшінші интервал бойынша: 310 000 + 330 000 + 340 000 = 980 000;

төртінші интервал бойынша: 360 000 + 400 000 = 760 000.

18-*кесте*

Банк салымының мөлшері (x)	200 000 — 250 000	250 000 — 300 000	300 000 — 350 000	350 000 — 400 000	Барлығы
Салымшылар саны (n)	3	2	3	2	10
Салымның жалпы көлемі	670 000	520 000	980 000	760 000	2 930 000

! Берілген шартқа сәйкес вариациялық қатардың деректерін талдауды үйренесіңдер.

Үлестірім қатарларын олардың графикалық бейнесінің көмегімен талдау ыңғайлы.

Дискретті қатар графикте сынық сызық полигоны түрінде бейнеленеді. Оны тікбұрышты координата жүйесінде салу үшін абсцисса осі бойынша координаталары бірдей масштабта түрленетін белгінің сараланған (реттелген) мәндері қойылады, ал ординат осі бойынша жиіліктерді көрсетуге арналған шкала салынады.

1-мысалдағы мәндердің модасын, медианасын және орташа мәнін табыңдар.

Интервалды қатарлар гистограмма түрінде (яғни диаграмма бағандары) бейнеленеді. Гистограмманы абсцисса осіне салған кезде интервалдардың шамасы кескінделеді, ал жиіліктер тиісті аралықтарда салынған тікбұрыштармен бейнеленеді. Интервалдар тең болған жағдайда бағандардың биіктігі жиілікке пропорционал болуы керек.

2-мысалға интервалды вариациялық қатарды өздерің құрастырыңдар.

1. Дискретті вариациялық қатардан қандай деректер алуға болады?
2. Интервалды қатардан қандай деректер алуға болады?

Жаттығулар

А

21.1. Жұмысшылардың разрядтары туралы деректер берілген: 3, 4, 5, 6, 3, 3, 4, 6, 6, 6, 5, 4, 4, 4, 4, 3, 5, 5, 5, 6. Жұмысшылардың разрядтары бойынша үлестірім дискретті вариациялық қатарын құрастырыңдар.

21.2. 40 оқушыға кез келген цифрды атау ұсынылды. Нәтижесінде келесі деректер алынды:

19-*кесте*

5	5	4	5	3	9	0	4	3	7
6	9	5	1	7	5	6	2	1	3
4	7	0	7	5	6	5	3	9	2
3	1	3	1	3	3	6	8	1	9

Берілген өлшемдердің қайталану үлестірім кестесін құрастырыңдар және таңдама көлемі мен модасын табыңдар.

21.3. 30 оқушыға 10-нан 20-ға дейінгі кез келген екітаңбалы санды атау ұсынылды. Нәтижесінде келесі деректер алынды:

20-*кесте*

14	17	10	17	16	15	15	13	19	12
16	19	15	11	17	15	16	12	13	13
13	11	13	11	13	14	16	18	19	19

Берілген өлшемдердің қайталану үлестірім кестесін құрастырыңдар және таңдама көлемі мен модасын табыңдар.

21.4. 21.2-жаттығудағы өлшемдер деректерінің орташа мәнін табыңдар.

21.5. 21.3-жаттығудағы өлшемдер деректерінің орташа мәнін табыңдар.

B

21.6. 21.2, 21.3-жаттығулардағы деректердің полигонын салыңдар.

21.7. Оқушылардың массасы (кг-мен) — 35, 44, 46, 37, 50, 36, 38, 48, 35, 44, 46, 39, 50, 40, 54, 36, 40, 42, 52, 39 белгілі. Массалары бойынша тең интервалдар арқылы 5 топқа бөліп, оқушылардың интервалды вариациялық бөлу қатарын салыңдар. Әр топ бойынша массалардың ортақ өлшемін табыңдар.

21.8. Дүкенде гүлдің 25 түрі сатылады. Олардың бағасына қарай үлестірімі кестеде берілген (21-кесте).

21-*кесте*

Баға (тг)	[500—800)	[800—1100)	[1100—1400)	[1400—1700]
Түрлерінің саны	7	4	(*)	8

1) Кестеден (*) табыңдар;
2) салыстырмалы жиіліктің пайызбен көрсетілген вариациялық қатарын құрастырыңдар.

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Варианта, вариациялық қатар, таралу қатары, полигон, жиілік полигоны, таңдама, бас жиын, статистикалық қатар, жиілік, гистограмма, дискреттік вариациялық қатар, интервалдық вариациялық қатар.

§ 22. КЕЗДЕЙСОҚ ШАМАНЫҢ САНДЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫН ТАҢДАМАЛАР БОЙЫНША БАҒАЛАУ

Таңдама бойынша кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын бағалауды үйренесіңдер.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР
Статистика, орташа мән, дисперсия, орташа ауытқу

Кейде кездейсоқ шаманы (бас жиынтық) зерттеу кезінде таңдамалы деректер негізінде үлестірудің кейбір сандық (нүктелік) сипаттамаларын бағалауды есептеу жеткілікті. Сандық сипаттамалар таңдалған деректер негізінде теориялық үлестіру параметрлерін анықтау кезінде де есептеледі.

Нүктелік баға деп бір санмен ұсынылған мүмкін бағаны айтады. Нүктелік бағалар бас жиынның сәйкес параметрінің шамасы туралы жуық түсінік береді.

Таңдау мәліметтері бойынша кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын бағалауды қарастырайық.

Салыстырмалы жиіліктің нұсқалары көрсетілген кесте берілсін, мұндағы $n_1 + n_2 + n_3 + \ldots + n_k = n$ (22-кесте).

22-*кесте*

x_i вариантасы	x_1	x_2	x_3	....	x_k
$\frac{n_i}{n}$	$\frac{n_1}{n}$	$\frac{n_2}{n}$	$\frac{n_3}{n}$	.....	$\frac{n_k}{n}$

Таңдамалы орта мәнмен бағаланатын математикалық күтім келесі формуламен есептеледі:

$$\overline{X} = \frac{1}{n}\,(x_1 n_1 + x_2 n_2 + \ldots + x_k n_k). \qquad (1)$$

$\overline{X}$ орташа мәнінің айналасындағы x_1, x_2, x_3, ..., x_k сандарының шашырауын сипаттайтын шама *дисперсия* деп аталады және $\overline{D}$ деп белгіленеді.

Таңдалым дисперсияны есептеу формуласы:

$$\overline{D} = \frac{1}{n}\,[(x_1 - \overline{X})^2 \cdot n_1 + (x_2 - \overline{X})^2 \cdot n_2 + \ldots + (x_k - \overline{X})^2 \cdot n_k]. \qquad (2)$$

Таңдаманың көлемі азайған сайын қателіктер пайда болады. Сондықтан $n \leqslant 30$ бойынша түзетілген таңдамалы дисперсия табылады:

$$\overline{\overline{D}} = \frac{n}{n-1} \cdot \overline{D} \qquad (3)$$

формуласымен есептеледі.

(2) және (3) формулаларын ескере отырып, таңдалымның квадраттық ауытқуы сәйкесінше

$$\overline{\sigma} = \sqrt{\overline{D}} \qquad (4)$$

және

$$\overline{\overline{\sigma}} = \sqrt{\overline{\overline{D}}} \qquad (5)$$

формулаларымен есептеледі.

Әдетте, таңдалым дисперсиясы

$$\overline{D} = \overline{X^2} - \overline{X}^2 \qquad (6)$$

формуласымен есептеледі, мұндағы $\overline{X^2} = \frac{1}{n}\,(x_1^2 n_1 + x_2^2 n_2 + \ldots + x_k^2 n_k)$.

Дисперсияны және орташа квадраттық ауытқуды есептеу — өте күрделі болғандықтан, оны есептеу үшін қандай да бір компьютер бағдарламасын (мысалы, Microsoft Office Excel) қолданған дұрыс. Егер есептеулер тікелей жүргізілсе, онда қателерді бақылау үшін нәтижелерді кесте түрінде көрсету керек.

Үздіксіз кездейсоқ шамалар үшін интервалдық салыстырмалы вариантаның кестесі берілсін (23-кесте):

23-кесте

Интервалдар	$[x_0; x_1)$	$[x_1; x_2)$	$[x_2; x_3)$	....	$[x_{k-1}; x_k]$
$\frac{n_i}{n}$	$\frac{n_1}{n}$	$\frac{n_2}{n}$	$\frac{n_3}{n}$	.....	$\frac{n_k}{n}$

Онда $x_1^* = \frac{x_0 + x_1}{2}$, $x_2^* = \frac{x_1 + x_2}{2}$, ..., $x_k^* = \frac{x_{k-1} + x_k}{2}$ ескерсек таңдаманың салыстырмалы жиілігінің кестесін қарастырамыз (24-кесте):

24-кесте

x_i^*	x_1^*	x_2^*	x_3^*	...	x_k^*
$\frac{n_i}{n}$	$\frac{n_1}{n}$	$\frac{n_2}{n}$	$\frac{n_3}{n}$	.....	$\frac{n_k}{n}$

МЫСАЛ Интервалды салыстырмалы жиіліктің кестесін қолдану арқылы таңдама дисперсиясын және квадраттық ауытқудың орташа таңдалымын табайық.

25-кесте

Интервалдар	[1; 3)	[3; 6)	[6;9]
$\frac{n_i}{n}$	0,6	0,2	0,2

Шешуі. Таңдаманың салыстырмалы жиілігінің кестесін құрастырайық. Ол үшін интервалдар ортасын табамыз: $x_1^* = (1 + 3) : 2 = 2$; $x_2^* = (3 + 6) : 2 = 4,5$; $x_3^* = (6 + 9) : 2 = 7,5$.

Сонда келесі кестені аламыз:

26-кесте

x_i^*	2	4,5	7,5
$\frac{n_i}{n}$	0,6	0,2	0,2

Енді төмендегі шамаларды есептейміз:

$$\overline{X} = 2 \cdot 0,6 + 4,5 \cdot 0,2 + 7,5 \cdot 0,2 = 3,6;$$

$$\overline{X^2} = \frac{1}{10}(2^2 \cdot 6 + 4{,}5^2 \cdot 2 + 7{,}5^2 \cdot 2) = 17{,}7;$$

$$\overline{D} = \overline{X^2} - \overline{X}^2 = 17{,}7 - 3{,}6^2 = 17{,}7 - 12{,}96 = 4{,}74.$$

$n = 10$ және ол 30-дан кем, сондықтан түзетілген таңдалым дисперсиясын табайық:

$$\overline{\overline{D}} = \frac{10}{9} \cdot 4{,}74 \approx 5{,}27.$$

Сәйкесінше таңдаманың орташа квадраттық ауытқуын есептейміз:

$$\overline{\overline{\sigma}} = \sqrt{\overline{\overline{D}}} \approx \sqrt{5{,}27} \approx 2{,}29.$$

Жауабы: $\approx 5{,}27$; $\approx 2{,}29$.

1. Таңдалым дисперсиясы мен түзетілген таңдалым дисперсиясының ұқсастығы мен айырмашылығы қандай?
2. Орташа квадраттық ауытқудың формуласы неге байланысты таңдалады?
3. Таңдалым дисперсиясы мен орташа квадраттық ауытқудың формуласын жазыңдар.

Жаттығулар

А

22.1—22.3-жаттығуларда бірдей өлшемдердің нәтижелері қарастырылады. Бас жиынды зерттегенде тәуелсіз байқаулардың мәндері алынды (27-кесте):

27-кесте

111	112	111	108	113	111	114	113
112	111	110	110	109	109	110	112
109	113	114	111	111	112	111	111

22.1. 1) Байқаулардың вариациялық қатарын құрастырыңдар және таңдаманың көлемін табыңдар;
2) салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатарын құрастырыңдар;
3) салыстырмалы жиіліктің пайыздық вариациялық қатарын құрастырыңдар.

22.2. 1) Моданы, медиананы, математикалық күтімді табыңдар;
2) салыстырмалы жиіліктің полигонын пайызбен көрсетіңдер.

22.3. Дисперсияны және орташа квадраттық ауытқуды табыңдар.

В

22.4. Үлестірім кестесі және "орташа мән 9-ға тең" деген тұжырымды қолданып, келесі есептеулерді орындаңдар (28-кесте):

28-*кесте*

Варианта	4	8	12
Қайталануы	x	2	9

1) x санын табыңдар;
2) түзетілген таңдалым дисперсиясын табыңдар.

22.5. Үлестірім кестесі және "орташа мән 5-ге тең" деген тұжырымды қолданып, келесі есептеулерді жасаңдар (29-кесте):

29-*кесте*

Варианта	3	x	7	9
Қайталануы	13	6	9	2

1) x санын табыңдар;
2) түзетілген таңдалым дисперсиясын табыңдар.

22.6. Варианталардың интервалды салыстырмалы кестесін қолданып, таңдама дисперсиясын және таңдаманың квадраттық ауытқуын табыңдар:

30-*кесте*

Интервалдар	[0; 5)	[5; 10)	[10; 15]
n_i	7	5	8
$\frac{n_i}{n}$	0,4	0,2	0,4

ҒАЛЫМ-МАТЕМАТИК ЖАЙЛЫ ХАБАРЛАМА ДАЙЫНДАҢДАР

22.7. Қазіргі математикалық статистиканың негізін қалаушылардың бірі ағылшын математигі Карл Пирсон. Әртүрлі статистикалық деректер арасындағы корреляцияның (тәуелділіктің) сандық бағалауының дамуы осы ғалыммен есімімен байланысты.

Карл Пирсон
(1857—1936)

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. X кездейсоқ шаманың үлестірім қатары берілген.

X	2	4	6	8	10
$\frac{n_i}{n}$	?	0,2	?	0,1	?

Белгісіз салыстырмалы жиілік 3 : 3 : 1 сандарына пропорционал. Онда салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатарының толық кестесі:

A)

X	2	4	6	8	10
$\frac{n_i}{n}$	0,2	0,15	0,3	0,15	0,2

B)

X	2	4	6	8	10
$\frac{n_i}{n}$	0,2	0,15	0,25	0,15	0,2

C)

X	2	4	6	8	10
$\frac{n_i}{n}$	0,15	0,15	0,25	0,15	0,25

D)

X	2	4	6	8	10
$\frac{n_i}{n}$	0,3	0,2	0,3	0,1	0,1

E)

X	2	4	6	8	10
$\frac{n_i}{n}$	0,2	0,15	0,2	0,15	0,3

2. Салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатары бойынша орташа мәнін табыңдар:

X	2	3	4	5	6
$\frac{n_i}{n}$	0,3	0,3	0,1	0,2	0,1

A) 5,2; B) 4,95; C) 5,1; D) 5,3; E) 5,15.

3. Салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатары бойынша дисперсияны табыңдар:

X	2	4	6	8
$\frac{n_i}{n}$	0,2	0,2	0,4	0,2

A) 15,84; B) 14,9; C) 15,16; D) 14,6; E) 14,8.

4. 3-тапсырмадағы салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатары бойынша орташа квадраттық ауытқуын табыңдар:

A) 3,98; B) 3,99; C) 3,96; D) 3,95; E) 3,88.

5. Кестеде фирмалық дүкендегі сыртқы киімнің бағасы (мың тг) туралы деректер келтірілген:

32,3	40,0	34,9	28,8	48,9
28,4	25,2	24,6	30,0	25,3
20,0	35,8	37,4	23,2	35,2

Деректерді құны бойынша тең 4 интервалдық топқа бөліп, әйелдер сыртқы киімдерінің үлестірімінің интервалды вариациялық қатарын құрастырыңдар:

A)

Интервалдар	[20; 30)	[30; 40)	[40; 50]
n_i	7	6	2
$\frac{n_i}{n}$	$\frac{7}{15}$	$\frac{2}{5}$	$\frac{2}{15}$

B)

Интервалдар	[20; 30)	[30; 40)	[40; 50]
n_i	7	6	2
$\frac{n_i}{n}$	$\frac{7}{15}$	$\frac{6}{13}$	$\frac{2}{15}$

C)

Интервалдар	[20; 30)	[30; 40)	[40; 50]
n_i	7	6	2
$\frac{n_i}{n}$	$\frac{2}{15}$	$\frac{2}{5}$	$\frac{7}{15}$

D)

Интервалдар	[20; 30)	[30; 40)	[40; 50]
n_i	7	6	2
$\frac{n_i}{n}$	$\frac{2}{5}$	$\frac{7}{15}$	$\frac{2}{15}$

E)

Интервалдар	[20; 30)	[30; 40)	[40; 50]
n_i	7	6	2
$\frac{n_i}{n}$	$\frac{7}{15}$	$\frac{2}{15}$	$\frac{2}{5}$

6. Салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатары бойынша орташа мәні мен дисперсиясын табыңдар:

A) $\overline{X} = 14{,}68$; $\overline{D} = 405{,}99$;
B) $\overline{X} = 15{,}68$; $\overline{D} = 406{,}99$;
C) $\overline{X} = 15$; $\overline{D} = 405{,}99$;
D) $\overline{X} = 14{,}4$; $\overline{D} = 406{,}99$;
E) $\overline{X} = 14{,}4$; $\overline{D} = 406{,}99$.

Интервалдар	[10; 20)	[20; 30)	[30; 40)
x_i^*	15	25	35
n_i	5	9	8
$\frac{n_i}{n}$	0,2	0,36	0,32

7. 6-тапсырмадағы салыстырмалы жиіліктің вариациялық қатарының орташа квадраттық ауытқуын табыңдар:

A) $\overline{\sigma} \approx 20{,}15$;
B) $\overline{\sigma} \approx 21{,}15$;
C) $\overline{\sigma} \approx 21{,}16$;
D) $\overline{\sigma} \approx 20{,}25$;
E) $\overline{\sigma} \approx 20{,}15$.

11-СЫНЫП АЛГЕБРА ЖӘНЕ АНАЛИЗ БАСТАМАЛАРЫ КУРСЫН ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

I. Есептеулер

Интегралды есептеңдер (1—5):

1. 1) $\int_{-1}^{0}(1-3x^2)dx$; 2) $\int_{0}^{1}(x^3-2x^2+x+1)dx$;

3) $\int_{0}^{1}(2+x)^3\,dx$; 4) $\int_{2}^{3}(4-x)^4\,dx$.

2. 1) $\int_{\frac{\pi}{120}}^{\frac{\pi}{90}}\frac{5\,dx}{\cos^2\left(\frac{\pi}{8}+5x\right)}$; 2) $\int_{\frac{\pi}{18}}^{\frac{\pi}{36}}\left(\cos^2\left(3x-\frac{\pi}{4}\right)-\sin^2\left(3x-\frac{\pi}{4}\right)\right)dx$;

3) $\int_{\frac{\pi}{18}}^{\frac{\pi}{12}}\frac{3\,dx}{\sin^2\left(\frac{\pi}{12}+3x\right)}$; 4) $\int_{\frac{\pi}{12}}^{\frac{\pi}{24}}\left(\sin^2\left(\frac{\pi}{4}+2x\right)-\cos^2\left(\frac{\pi}{4}+2x\right)\right)dx$.

3. 1) $\int_{1}^{2}(x^3+x^{-3})dx$; 2) $\int_{4}^{9}\left(\sqrt{x}+\frac{2}{\sqrt{x}}\right)dx$;

3) $\int_{-2}^{1}(5-3x^{-2}-3x^2)dx$; 4) $\int_{8}^{27}\left(x^{\frac{2}{3}}+3x^{-\frac{2}{3}}\right)dx$.

4. 1) $\int_{1}^{e}(2x^{-1}+1)dx$; 2) $\int_{0}^{2}3^{0,5x}dx$;

3) $\int_{1}^{e}(3x^{-1}-4)dx$; 4) $\int_{0}^{1}\left(e^{\frac{x}{3}}-3x^2\right)dx$.

5. 1) $\int_{0}^{2}(e^{3x}+1)dx$; 2) $\int_{1}^{e}\frac{x^2+1}{2x^3}dx$;

3) $\int_{-1}^{0}\frac{3}{(5x-1)^3}dx$; 4) $\int_{0}^{1}\frac{4}{(2x+1)^3}dx$.

Өрнектің мәнін табыңдар (6—10):

6. 1) $\sqrt{\frac{9}{16}}+\sqrt[3]{-2\frac{10}{27}}+\sqrt[4]{81}$; 2) $\sqrt{0,49}-\sqrt[3]{-15\frac{5}{8}}+\sqrt[5]{32}$;

3) $\sqrt{\frac{16}{25}}+\sqrt[3]{-1\frac{61}{64}}+\sqrt[6]{64}$; 4) $\sqrt{1,21}+\sqrt[3]{-4\frac{12}{125}}+\sqrt[4]{625}$.

7. 1) $\sqrt[6]{2^7\cdot 3^5}\cdot\sqrt[6]{2^5\cdot 3}$; 2) $\sqrt[3]{5^3\cdot 6^3}\cdot\sqrt[3]{5^{12}\cdot 6^3}$;

3) $\sqrt[8]{4^5\cdot 7^7}\cdot\sqrt[8]{4^7\cdot 7}$; 4) $\sqrt[4]{2^5\cdot 5^3}\cdot\sqrt[4]{2^3\cdot 5}$.

8. 1) $\sqrt[4]{10-\sqrt{19}}\cdot\sqrt[4]{10+\sqrt{19}}$; 2) $\sqrt[5]{7+\sqrt{17}}\cdot\sqrt[5]{7-\sqrt{17}}$;

3) $\sqrt[6]{9+\sqrt{17}}\cdot\sqrt[6]{9-\sqrt{17}}$; 4) $\sqrt[7]{7-4\sqrt{3}}\cdot\sqrt[7]{7+4\sqrt{3}}$.

9. 1) $25^{2,5}-\left(\frac{1}{4}\right)^{-1,5}+\left(\frac{5}{3}\right)^{2,7}\cdot(0,6)^{2,7}$;

2) $\left(\frac{1}{9}\right)^{-1,5}+8^{\frac{4}{3}}-\left(\frac{2}{7}\right)^{6}\cdot\left(3\frac{1}{2}\right)^{6}$;

3) $16^{1,5}-\left(\frac{1}{27}\right)^{-\frac{4}{3}}+\left(\frac{2}{3}\right)^{0,19}\cdot(1,5)^{0,19}$;

4) $81^{0,25}+\left(\frac{1}{32}\right)^{-\frac{3}{5}}-(0,15)^{-0,35}\cdot\left(6\frac{2}{3}\right)^{-0,35}$;

5) $\dfrac{16^{\frac{2}{3}}\cdot\left(\frac{1}{4}\right)^{6}}{4^{-\frac{1}{3}}\cdot 64^{-\frac{2}{3}}}\cdot 4\left(4^{\frac{1}{3}}\right)^{4}$;

6) $\dfrac{25^{\frac{3}{2}}\cdot\left(\frac{1}{5}\right)^{2}}{125^{-\frac{2}{3}}\cdot 5^{-2}}\cdot\left(25^{-\frac{3}{2}}\right)^{\frac{1}{3}}$.

10. 1) $\log_{27}3-\log_{\sqrt{5}}\frac{1}{5}+\log_{2,5}0,4$;

2) $\log_{\sqrt{6}}\frac{1}{36}-\log_{\sqrt{2}}\frac{1}{2}-\log_{0,2}5$;

3) $9^{\frac{3}{2}}-\log_{\frac{1}{5}}25$;

4) $\log_{\sqrt{3}}27-\log_{1,5}\frac{2}{3}-\log_{3}4$;

5) $\log_{3}\frac{1}{27}-\log_{4}32$;

6) $625^{\frac{1}{4}}-\frac{1}{4}\log_{2}4\cdot 36^{\log_6 2}$.

11. Егер:

1) $\log_3 a=\frac{1}{2}$ болса, онда a-ның;

2) $\log_b\frac{1}{81}=-4$ болса, онда b-ның;

3) $\log_6 c=3$ болса, онда c-ның;

4) $\log_m 0,25=-4$ болса, онда m-нің мәнін есептеңдер.

12. Егер $\log_7 3=a$ және $\log_7 5=b$ болса, онда:

1) $\log_7 25-\log_7 243$;

2) $\log_{125}81+2\log_7 15$;

3) $\frac{1}{2}\log_7 441-\log_5 9$;

4) $\log_{15}21+3\log_{15}245$ өрнегінің мәнін табыңдар.

II. Тепе-тең түрлендірулер

Берілген аралықта $F(x)$ функциясы $f(x)$ функциясының алғашқы функциясы болатынын дәлелдеңдер (13—15):

13. 1) $F(x)=4\sqrt{x-3}+2$, $\quad f(x)=\frac{2}{\sqrt{x-3}}$, $x\in(3;+\infty)$;

2) $F(x)=\frac{1}{12}x^6-16\sqrt{x}$, $\quad f(x)=\frac{x^5}{2}-\frac{8}{\sqrt{x}}$, $x\in(0;+\infty)$;

3) $F(x)=x^3-3\sin x$, $\quad f(x)=3x^2-3\cos x$, $x\in R$;

4) $F(x)=2\cos(4x-1)+7x^7$, $\quad f(x)=-8\sin(4x-1)+49x^6$, $x\in R$.

14. 1) $F(x)=x+\frac{1}{x}$, $\quad f(x)=\frac{x^2-1}{x^2}$, $x\in(0;+\infty)$;

2) $F(x)=\cos x^4$, $\quad f(x)=-4x^3\sin x^4$, $x\in R$;

3) $F(x)=-1{,}5\sin^2\left(x+\frac{\pi}{8}\right)$, $\quad f(x)=-\frac{3}{2}\sin\left(2x+\frac{\pi}{4}\right)$, $x\in R$;

4) $F(x)=-\mathrm{ctg}\,5x+5x$; $\quad f(x)=5\left(\frac{1}{\sin^2 5x}+1\right)$, $x\in\left(0;\frac{\pi}{5}\right)$.

15. 1) $F(x)=\frac{3^x}{\ln 3}+3x$, $\quad f(x)=3^x+3$, $x\in R$;

2) $F(x)=\ln x-(0{,}5)^x$, $\quad f(x)=\frac{1}{x}-0{,}5^x\ln\frac{1}{2}$, $x\in R$;

3) $F(x)=x-\ln x^3$, $\quad f(x)=\frac{x-3}{x}$, $x\in(0;+\infty)$;

4) $F(x)=\ln x^2$, $\quad f(x)=\frac{2}{x}$, $x\in(0;+\infty)$.

Өрнекті ықшамдаңдар (16—19):

16. 1) $\left(\sqrt{a}-\sqrt{a-b}\right)\left(\sqrt{a}+\sqrt{a-b}\right)$; $\quad$ 2) $\sqrt{\left(\sqrt{a}+\sqrt{b}\right)^2-4\sqrt{ab}}$;

3) $\dfrac{a^{\frac{4}{3}}-4a^{\frac{1}{3}}}{a^{\frac{5}{6}}-2a^{\frac{1}{3}}}$; $\quad$ 4) $\dfrac{a^{\frac{23}{3}}-25a^{\frac{1}{3}}}{a^{\frac{13}{6}}-5a^{\frac{1}{2}}}$.

17. 1) $\left(\dfrac{x^{\frac{1}{2}}+4}{x^{1,5}-4x}-\dfrac{x^{\frac{1}{2}}-4}{x^{1,5}+4x}\right)\cdot\dfrac{x-16}{x^{\frac{1}{2}}}$; $\quad$ 2) $\left(\dfrac{5}{y-5y^{\frac{1}{2}}}-\dfrac{y^{1,5}}{y^2-25y}\right):\dfrac{5y^{\frac{1}{2}}+25-y}{y^{\frac{1}{2}}+5}$.

18. 1) $\left(\dfrac{b^{\frac{1}{2}}+6}{b^{\frac{3}{2}}-6b}-\dfrac{b^{0,5}-6}{b^{1,5}+6b}\right):\dfrac{2b^{0,5}}{b-36}$; $\quad$ 2) $\left(\dfrac{7}{b-7b^{0,5}}-\dfrac{b^{\frac{3}{2}}}{b^2-49b}\right)\cdot\dfrac{b^{0,5}+7}{49+7b^{\frac{1}{2}}-b}$.

19. 1) $\left(\dfrac{25x-16x^{-1}}{5x^{0,5}-4x^{-0,5}}+\dfrac{x-4x^{-1}}{x^{0,5}-2x^{-0,5}}\right)^2$; $\quad$ 2) $\dfrac{1-y^{-2}}{y^{0,5}-y^{-0,5}}-\dfrac{2}{y^{0,5}}-\dfrac{y^{-2}-1}{y^{0,5}+y^{-0,5}}$.

20. Тепе-теңдікті дәлелдеңдер:

1) $\sqrt{97-56\sqrt{3}}=7-4\sqrt{3}$; $\quad$ 2) $\sqrt[3]{16-8\sqrt{5}}=1-\sqrt{5}$;

3) $\dfrac{1+\sqrt{3}}{3+\sqrt{3}}=\dfrac{2+\sqrt{3}}{\sqrt{21+12\sqrt{3}}}$; $\quad$ 4) $\dfrac{\sqrt{3}-1}{\sqrt{3}+1}=\sqrt[3]{26-15\sqrt{3}}$.

21. Егер:

1) $B=\sqrt{37+20\sqrt{3}}+\sqrt{37-20\sqrt{3}}$;

2) $B = \sqrt{55 + 14\sqrt{6}} + \sqrt{55 - 14\sqrt{6}}$;

3) $B = \sqrt[3]{26 + 15\sqrt{3}} + \sqrt[3]{26 - 15\sqrt{3}}$;

4) $B = \sqrt[3]{29\sqrt{2} - 45} + \sqrt[3]{29\sqrt{2} + 45}$ болса, онда B-ның бүтін сан болатынын дәлелдеңдер.

Тепе-теңдікті дәлелдеңдер (**22—24**):

22. 1) $\dfrac{a^{\frac{4}{3}}b - ab^{\frac{4}{3}}}{\sqrt[3]{a} - \sqrt[3]{b}} - ab = 0$;

2) $\dfrac{m^{\frac{3}{2}} - n^{\frac{3}{2}}}{\sqrt{m} - \sqrt{n}} - \sqrt{mn} = m + n$;

3) $\dfrac{a^{\frac{1}{2}} + a^{-\frac{1}{2}}}{a + 1} + \dfrac{a^{-\frac{1}{2}} + 1}{a^{\frac{1}{2}} + 1} - (a - 7)^0 = \dfrac{2}{\sqrt{a}} - 1$, мұндағы $a > 7$;

4) $\dfrac{a - 1}{\sqrt[3]{a} - 1} - \dfrac{a + 1}{\sqrt[3]{a} + 1} + (a + 10)^0 = 2\sqrt[3]{a} + 1$.

23. 1) $\dfrac{\log_5 3 + \log_5 9}{3\log_5 2 - \log_5 24} = -3$;

2) $\dfrac{\log_6 75 - \log_3 3}{2\log_6 \frac{1}{3} + \log_6 45} = 2$;

3) $\dfrac{2\log_{11} 5 + 2\log_{11} 2}{2\log_{11} 4 + \log_{11} 5 - 3\log_{11} 2} = 2$;

4) $\dfrac{3\lg 4 + \lg 0{,}5}{\lg 30 - \lg 15} = 5$.

24. 1) $9^{\log_3 5} \cdot 13^{2\log_{13} 2} = 100$;

2) $49^{\log_7 3 + \frac{1}{2}\log_7 3} = 27$;

3) $5^{\log_{\sqrt{5}} 2} \cdot 121^{\log_{11} 3} = 36$;

4) $\left(8^{\log_2 3} : 27^{\log_3 2}\right) \cdot 25^{\log_5 4} = 54$.

III. Теңдеулер және олардың жүйелері

Иррационал теңдеулерді шешіңдер (**25—29**):

25. 1) $\sqrt{2x - 7} = 3$;

2) $\sqrt[3]{x^2 + 7x + 8} = 2$;

3) $\sqrt{11 + 3x} = 4$;

4) $\sqrt[3]{27 + 2x - x^2} = 3$.

26. 1) $x = 7 - \sqrt{3x + 7}$;

2) $\sqrt{15 - 3x} - x = 1$;

3) $\sqrt{21x + 25} - 3x = 5$;

4) $\sqrt{121 - 12x} = 11 - 3x$.

27. 1) $\sqrt{x^2 - 2} = \sqrt{3x + 2}$;

2) $\sqrt[3]{x^3 + x + 1} = x$;

3) $\dfrac{\sqrt{3x - 5}}{x - 1} = \dfrac{1}{\sqrt{x - 2}}$;

4) $x + 2 = \sqrt{(3x + 4)(x + 1)}$.

28. 1) $\dfrac{x + 1}{9 - x} = \dfrac{1}{\sqrt{x} + 3}$;

2) $\dfrac{4 - x}{2 + \sqrt{x}} = 8 - x$;

